

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі  
Алматы қаласы Жастар саясаты жөніндегі Басқарма  
Бостандық ауданы әкімдігі  
«Нұр Отан» партиясының Алматы қаласы Бостандық аудандық  
филиалы  
Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті  
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы**

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»: БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

(Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
жинағы 21 қараша 2018 ж.)

**«ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ: ВОПРОСЫ  
ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ПРОГРАММЫ»**

(Сборник материалов республиканской научно-практической конференции  
21 ноября 2018 г.)

**«SPIRITUAL RENEW: THE PROGRAM FOR SOLVING ISSUES»**

(A collection of materials republican scientific-practical conference  
21 nov 2018)

**Алматы 2018**

**УДК 378**  
**ББК 74.58**  
**Д 84**

**Редакционная коллегия:** Сарсенбекова Г.А., Абдисулейменова Р.Ш.,  
Несипбаева Ж.Ж., Нуртазаева А.Б., Жазылбеков Р.,  
**Ответственный редактор**  
Г.А. Сарсенбекова

**Ответственный секретарь**  
А.Б. Нуртазаева

**«ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ: ВОПРОСЫ  
ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ПРОГРАММЫ»**

(Сборник материалов республиканской научно-практической конференции  
21 ноября 2018 г.) – Алматы, 2018. \_\_\_\_ с.

Сборник содержит тексты выступлений докладчиков на республиканской научно-практической конференции. Материалы освещают приоритетные направления программы «Рухани жаңғыру», акцентируют внимание на актуальных проблемах изучения национальной истории и духовной культуры в русле современных парадигм гуманитарных наук.

Издание адресовано исследователям, преподавателям и студентам, а также всем, кто интересуется актуальными тенденциями модернизационного развития гуманитарных направлений.

**УДК 378**  
**ББК 74.58**  
**Д 84**

**ISBN 978-601-7052-10-2**

© КазИТУ, 2018

## ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

Салқынбек Д.  
ҚазҰАУ - нің профессоры,  
Қазақстан тарихы және Қазақстан  
халықтарының мәдениеті кафедрасының  
меңгерушісі

### Аннотация

В статье рассматривается роль и значения сакральных мест расположенных на территории республики в патриотическом и нравственном воспитании молодежи, контексте программной статьи главы государства Н.Назарбаев «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

### Annotation

The article examines the role and significance of the sacral places on the territory of the Republic in the patriotic and moral education of youth, the context of the article of the head of state N.Nazarbayev "A glance at the future: Modernization of Public Consciousness".

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ұлытау төріндегі сұхбатында халқымызда арғы-бергі тарихы жөнінде келелі әңгіме қозғай келе: «Мына өзіміз келіп отырған Ұлытау өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзінің тарихи мәні бар. Қазақтың ең даласының қай шетіне барсаң де, осындай қасиетті жерлер табылады. Шығысқа барсаң-Берел қорғаны бар, Орталыққа келсең-қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар. Батысқа барсаң-Алтын Орданың Хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң-Түркістан тұр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп. Дегенмен Ұлытаудың орны басқа. Біздің жастарымыз оны біле бермейді» деп, атап көрсете отырып, халқымыздың сан ғасырлық тарихында өзіндік айшықты орны бар тарихи киелі, қасиетті орындардың ерекше мәнге ие екендігіне тоқталумен бірге, бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіндегі алар орнына айрықша маңыз беріп өтеді. Ұлан байтақ жеріміздің қасиетті тарихи орындары жөніндегі Елбасының құнды пікірлері қазіргі таңда қоғамымызда қызу талқыланумен бірге оны іске асыру жөнінде ауқымды шаралар атқарылып жатқан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында өз жалғасын тапты. Елбасы: «Жергілікті нысандар мен мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ –жалпы ұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болды, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі» деген еді.

Міне сондықтан да, бүгінгі күні біздің алдымызда тұрған осы бағыттағы ауқымды жұмыстардың қатарына республика аумағындағы қасиетті, киелі орындарды анықтау және тағзымдық, тағлымдық жұмыстарды кеңінен жүргізу арқылы рухани құндылықтарды қалыптастыру болып отыр. Бұл жұмыстарды жүргізу барысында біз басты мәселенің ара жігін дұрыс ажыратып, мақсатын айқын түсінуіміз керек. Ең басты жұмыс еліміздегі қасиетті орындарды анықтап, оларды алдымызға қойған мақсатты, абыройлы жұмыстарға ұтымды және тиімді пайдалану болып табылады. Яғни бізге қажеттісі «сиынып-табынатын» орындар емес, жастарымыздың бойына отаншылдың рух беретін, тәлім мен тәрбие беретін, тарихи санасын жаңғыртатын қасиетті орындар.

Еліміздің әр аймағында орналасқан қасиетті орындардың терең мазмұнды тарихы бар. Олар ата-бабаларымыздың материалдық өнері болуымен қатар, рухани өмірінің де айнасы іспеттес өткен кезеңімен бүгінгі уақыттың тарихи жәдігері, аралық кезеңді байланыстырушы қоғамымыздың рухани-мәдени өмірінің кешенді жүйесін құрап отырған бойтұмары ретінде айрықша орын алады.

Елбасы Назарбаев бағдарламалық мақаласында қоғамдық сананы заманауи биікке көтеруге септесетін алты жоба ұсынылғаны белгілі. Соның төртіншісі – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы. Бұл жобаны жүзеге асырудың мақсаты – халықтың ұлттық бірегейлігін және құндылықтарын бекемдеу, жат идеологияға төтеп беретін қалқанды орнықтыру.

Сакралды сөзінің түп-төркіні латын тілінде жатыр. Еуропалықтар осынау ұғым-түсінікпен өздері ерекше қастерлеген діни, тіпті мистикалық құбылыстарды, күнде көріп жүрген нақты дүниеден өзгеше болмысты, иррационалды дүниені, нысандарды ұлықтаған екен. Күні бүгін де бастапқы мағынасын сақтап келеді. Тап осы себепті дін атаулыны апиын ретінде қабылдаған кеңестік билік сакралды география теориясы мен практикасының адымын аштырмай, жөргөгінде тұншықтырды.

Қазақ халқы сакралды сөзін естімей тұрып-ақ дінді ғана емес, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастыра алды. Адамдардың күнделікті өміріне қатысты тыйымдарымыздың өзі мән-мағынасы жағынан қастерлеудің сакралды деңгейіне жете-қабыл. Мәселен, табалдырықта тұруға, босағаны керуге, малды ұруға, молаға қарай жүгіруге болмайтынын қатаң бақылауы, шаңырақты, мал-жанды, әруақтарды - екі дүниені де ерекше құрметтегеніміздің дәлелі ғой.

Қазақтың сакралды әлемге қатысты ұстанымына сәйкес тілдік қоры да қалыптасты. Солардың ішінде үш сөздің мәні мен миссиясы айрықша көзге түседі. Ол сөздер – әулиелі, киелі, қасиетті. Әрқайсын талдауға бір-бір кітап арнаса, артықтық етпейді. Ал біздер осы орайда қысқасынан қайырып, «әулиелі», «киелі» ұғым-түсінігіне ғана тоқталғанды жөн көрдік.

«Әулие» - қазақ тіліне арабтан енген сөз. Түпжаратушының досы, адамды дұрыс жолдан адастырмаушы дегенді білдіреді. Ендеше, «Әулие», «Әулиелі» сөздері тек дінге, діни сакралды географияға қатысты мағынада қолданылуы керек.

«Киелі» сөзінің мән-мағынасы өте күрделі. Халқымыз осы ұғыммен зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке қарсылығын, адамның, табиғаттың, қоғамның арасындағы жарасымдылық пен үйлесімділікті сақтауға құштарлығын білдірген. Жүгірген аңның, ұшқан құстың, жер мен судың, ерекше қасиетке ие адамның киесі ұрады деуімен қоғамдық-саяси, рухани, экологиялық, әлеуметтік тұрақтылықты, ынтымақ пен ықпалдастықты бәрінен жоғары қоя алған. Батыс тарихнамасында әлі күнге дейін өмір сүріп келе жатқан қате тұжырымды – көшпелілер өркениеттен тыс қалған, олар соғысқұмар, отырықшыларға тыныштық бермеген тәрізді пайымдарды жоққа шығара алғанын да білуіміз керек.

«Әулиелі», «Киелі» ұғым- түсінігінен туындайтын қазақ әлемінің, оның ішінде тарихының да гуманистік және жасампаз әлеуетін өзімізге де, өзгеге де түсіндірудің маңызы зор. Бодандықтағы үш ғасырға жуық уақыт ішінде әулиелі, киелі жерлеріміз аз бүлдірілген жоқ. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек.

Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», деген ой-түйіндер, біріншіден, ұлттық кодымыздың тынысын кеңейтуді көздейді, екіншіден, мәдени,

ғылыми, ономастикалық, т.б. міндеттерімізді тиянақтап тұр, үшіншіден, ең бастысы – қазақ қазақ қалпында ғана жаһандық бәсекеге төтеп бере алатынын еш бүкпесіз жайып салды. Турасын айтқанда, тәуелсіздіктің ғұмырын ұзартып, «Мәңгілік Елге» айналу үшін, Үшінші жаңғыру үшін бізге қазақ болып қалғаннан басқа жол жоқ.

Мақалада сакралды география ұғымы қазақы қос сөзбен – қасиетті, киелі ұғымдарын қолданумен ашылған. Осыдан-ақ төл тарихымыз бен өркениетіміз жаһандық үдерістен, ақыл-ой бәсекесінен тыс тұрмағанын байқауға болады. Президент көрсеткен бағыт-бағдардың мәні мен мазмұнына бойлау үшін қоғамдық-гуманитарлық ғылым иелері зор теориялық, методологиялық мүмкіндік пен пайымдарды туындатуы керек. Сонда өзімізді өзіміздің тануымыз, рухани жаңғыруымыз сапалы жаңа биікке көтерілері сөзсіз.

Танымдық тұрғыдан және уақыттық шегі бойынша сакралды жерлерге нені жатқызуға болады? Біздің ойымызша, олар төрт топтан тұрады: біріншісі – ислам діні келгенге дейінгі арғықазақтардың салт-дәстүрі мен ритуалдары орындалған, әлі де орындалатын жерлер. Мәселен, Наурыз мейрамы қарсаңында Маңғыстаудағы Оқпантауда алау жағу дәстүрі бар. Ал, Өз Наурыздың тарихы Исламнан әріде жатыр. Ол жерді қалайша сакралды, қастерлі емес дей аламыз.

Екіншісі – ислам дініне байланысты қоғамдық салада берік орныққан нысандар. Бұл орайда ежелден белгілілері мен кейбір пысықайлардың өз пайдасы үшін аяқ астынан ойлап тапқан нысандарды шатастырмау керек. Сакралды нысандардың аталған екі тобын «әулиелі жерлер» атауымен ерекшелегенді жөн санаймын. Әулие араб тілінен кірген сөз әрі діни мағынада қолданылады. Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқандықтан Қазақстан діндер мен мәдениеттердің, түрлі өркениеттердің ықпалдастығын бастан өткерді. Біз үшін екі рухани құндылықтың парқы мен нарқы алабөтен. Олар – тәңірішілдік пен ислам. Осы екеуіне қатысты жерлердің, нысандардың, ескерткіштердің болмыс-бітімін анықтап, ғылыми бекемдейтін сәт келді. Отар өлкеге айналғанға дейінгі дәуірлерден жеткен жат діндер мен діни ағымдар мұрасын сакралды география мәртебесімен ұлықтаудың реті жоқ.

Үшіншісі – ұлы тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты сакралды жерлер. Айталық, 2012 жылы Астанада, биылғы 31 мамырда Алматыда ашаршылық құрбандарына ескерткіш ашылды. Қазірдің өзінде олар жас пен кәрінің тәу ететін құндылығына айналуға. Бұл топқа кіретін нысандарды «қасиетті жерлер» терминімен ұлықтауды ұсынамын.

Төртіншісі – тылсым сырлары ғылыми талданбаған, бірақ адамға, оның денсаулығына пайдалы немесе зиянды әсері күдік-күмән тудырмайтын жерлер. Бұларды «киелі жерлер» десек, қателесе қоймаспыз.

Сакралды география мәдени-генетикалық кодты сақтауға қызмет ететінін ескерсек және олар тарихи-мәдени ескерткіштердің шағын ғана бөлігін (10 пайызға жетер-жетпес шамасында) құрайтын болғандықтан әулиелі, қасиетті, киелі жерлерді рухани жаңғырудағы маңызы бойынша екі деңгейден тұратын вертикалды құрылымға жіктеуге негіз бар. Бірінші деңгейдегі құрылымға жалпыұлттық сакралды нысандар кіреді. Шартты түрде «базалық сакралды құндылық» деп айдарлауға болады. Екінші деңгейдегі құрылымды жаһандық сакралды нысандар құрайды.

Сакралды нысандар адамдарды ұлтына, жынысына, руына, тайпасына қарай алаламай, өзіне тартып тұрады, оларға жақсылық сыйлайды, алдағы күнге сенімін арттырады.

Қазақстанда сакралды жерлер, нысандар баршылық. Алдымен осылардың мемлекеттік тізімін жасау керек. Мемлекеттік тізімге енгендеріне музей немесе музейдің бөлімі мәртебесін берсе, сақталуы мен пайдалы әсер коэффициенті әлдеқайда артар еді. Қалай болғанда да сакралды нысандар тарихи-мәдени ескерткіштердің ең құндысы екенін қоғамдық санаға сіңіруіміз қажет. Келесі міндет – мәртебесін анықтау. Осы сұраққа Президент мақаласындағы: «мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай – ұлттық немесе құрлықтыққана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар», деген

жолдар толық жауап беріп тұр.Ең маңыздысы – әрқайсына қатысты байтақ зерттеу жүргізіп, аңыз, хикаяларын, деректерін жинау. Арнайы ғылыми-зерттеу институтын ашса, артықтық етпес еді. Сакралды жерлердің картасын жасау, экспедициялар ұйымдастыру, мұрағаттар мен кітапханалардан деректер жинау, оларды ғылыми нәтижеге айналдыру, біріншіден, ғалымдар мен мамандарды ортақ мақсатқа жегуді, екіншіден, уақытты, үшіншіден, мол қаражатты талап етеді. Әзірге тиісті министрліктер адами капиталмен жұмыс істеуде, жер-жерден тізімдер алынып, нақтылануда, атқарылатын іс-шаралардың кешені мен реті анықталуда. БАҚ-тардың белсенділігі жоғары. Біздің ойымызша, үлкен шаруа келер жылы басталады. 2018 жылдың аяғына қарай жекелеген облыстардағы сакралды жерлер жайлы іргелі кітаптар мен телематериалдар дестесі дүниеге келсе, оқу құралдары жазылса, нұр үстіне нұр дер едік.

Сакралды жерлерге қатысты жұмыстарды (жол салу, қонақ үй тұрғызу, қираған нысандарды реставрациялау мен реконструкциялау, ономастикалық шешімдерді рәсімдеу, т.б.) қолдан келгенше бір мезгілде жүргізген жөн. Туристік бағыттарды біліктілікпен тиянақтаудың маңызы зор. Жол азабын жоймай, туристің келуінен дәмету – адасудың басы. Сакралды жерлер туризмі ақша ғана әкелмейді, жаңа жұмыс орындарын да ашады. Білетіндердің айтуынша, әрбір турист жеті адамды жұмыспен қамтиды екен. Қастерлі рухани құндылықтарды ұлықтаудың соңғы нүктесі арнайы заң қабылдаумен қойылатынынан үміттіміз.

#### Пайдаланылған деректер

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлытау төріндегі сұхбат. Егемен Қазақстан. 2014. 25 тамыз
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 16 сәуір

## **«Рухани жаңғыру»: қоғамдағы үдерістер**

**Сарсенбекова Г.А.**, ҚазИТУ проректоры,  
«Нұр Отан» Алматы қ., Бостандық аудандық  
филиалы бюросы мен Саяси кеңесінің мүшесі

#### Аннотация

В статье анализируется послание Президента РК Назарбаева Н.А. «Семь граней Великой степи» в контексте образования молодежи. Затрагиваются вопросы молодежной политики, методы воплощения послания Президента в учебный процесс в высших учебных заведениях республики.

#### Annotation

The article analyzes the message of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev. "Seven Facets of the Great Steppe" in the context of youth education. The issues of youth policy, methods of translating the message of the President into the educational process in higher educational institutions of the Republic are touched upon.

Ұлттық сананы руханиятқа бастар жарқын жол – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы. «ЕҚ» газетінде жарияланған Президент Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы жобаларды Рухани жаңғыру бағдарламасының жалғасы деп қарастыруға толық негіз бар. Елбасы мақаласынан цитата келтірер болсақ: «Кеңістік-барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістік тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады», дей отырып Ұлы Даланың жеті қырына тоқталды: 1. Атқа міну мәдениеті, 2.

Ұлы даладағы ежелгі металлургия, 3.Аң стилі, 4.Алтын адам, 5.Түркі әлемінің бесігі, 6. Ұлы Жібек жолы, 7. Қазақстан – алма мен қызғалдықтың отаны. Бұл бағыттағы жұмысты бірнеше үлкен жобалар арқылы басталмақ: 1. Архив-2025, 2. Ұлы даланың ұлы есімдері, 3. Түркі әлемінің генезисі, 4. Ұлы даланың ежелгі өнері және технологиялар музейі, 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы, 6. Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі. Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болатындығына» сенетіндігін айтады (1).

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретінің маңыздылығын атаған болатын. Жастар қоғамның қозғаушы күші. Сондықтан «Рухани жаңғыру: бағдарламаны жүзеге асыру мәселелері» атпен жұмыс жасап жатқан бүгінгі конференцияда қоғамдағы жастар әлеуетіне байланысты үдерістерге тоқталу өзекті болмақ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 ж. 5 қазандағы Қазақстан халқына «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында 2019 жыл-жастар жылы деп белгілеуді ұсынды. 2019 жыл-жастар жылы өзегінде өнегелі өткеніміз, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы жатуы өзекті. Осы орайда Елбасы сөзінен цитата келтірер болсам: «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басып, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын»(2).

«Адами даму индексі» рейтингісі Қазақстан адами даму деңгейі жоғары елдердің қатарында және 188 елдің 56-орында.

Қазақстандық оқушылар халықаралық зерттеулерде жақсы нәтиже көрсетуде. Мәтінді оқу және түсіну сапасы бойынша PIRLS-2016 халықаралық зерттеуіндегі қазақстандық оқушылардың орташа көрсеткіші 536 балл болды. Бұл Қазақстанға 50 елдің ішінде 27-ші орынды алуға мүмкіндік берді. Аталған нәтижені Германия(537) мен Словак Республикасы (535) оқушыларының нәтижелерімен салыстыруға болады.

Республикада 26 672 жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұрады. 2018 жылғы жарты жылдықта ҚР азаматтарының отбасына 1417 тәрбиеленуші берілді, 5 бала қабылдаушы отбасы құрылып, балалар үйінің 47 баласы тәрбиеленуге берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ағымдағы жылдан бастап білім беру гранттарының саны 20 мыңға көбейді. Олардың ішінде 11 мың грант техникалық мамандықтар бойынша, 5 мыңы еңбек нарығында талап етілетін басқа мамандықтарға, 3 мыңы магистрларды, 1 мыңы PhD докторларды даярлауға бағытталған.

Сонымен бірге, техникалық және ауылшаруашылық мамандықтар бойынша жоғары білімді бір маманды даярлауға жұмсалатын шығындар 346,6 мың теңгеден 635,8 мың теңгеге дейін өсті. 51 шетелдік ЖОО-мен бірге 310 қосдипломдық білім беру бағдарламасы іске асырылуда(бакалавриат – 98, магистратура – 202, докторантура -10). Ағылшын тілінде 10 білім беру бағдарламасы енгізілуде. 2018 жылдың соңына дейін 30 үздік әлем оқулығы қазақ тіліне аударылады (3).

Мемлекеттік жастар саясаты туралы (Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ.) заңында жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым – мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін қажетті объектілер (үйлер, құрылыстар, ғимараттар), сондай-ақ жас азаматтардың денсаулығын сақтау, оларға білім беру, оларды тәрбиелеу, әлеуметтік қызмет көрсету, дене бітімін, рухани және имандылық тұрғысынан дамыту, олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және олардың қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жүйесі деп анықталған.

Алматы қаласының әрбір үшінші тұрғыны – жастар. Қаламыздың 14-35 жас аралығындағы жастардың саны 800 мыңға жуық адамды құрайды, мұның өзі елдегі

жастардың жалпы санының 45 процентін құрайды. Алматы қаласы жастар үшін көптеген игілікті жобалар жасап іске асыруда. «Алматы жастары» бағдарламасы өте ұтымды. Мысалы: біздің ҚазИТУ жас мамандары осы бағдарламаға қатысып, алғашқылары пәтер кілтіне де қол жеткізді. Бағдарлама бойынша алғашқы жарнасы 20 процент, жылдық 5 пайызбен төлеп тұрады. Пәтердің 50 процентін төлеп болған соң жылдық проценті 3,5-ке дейін түседі.

Елбасы өз сөзінде: «Біз әлемдік стандарттарға сай білім беру жүйесін қалыптастыра отырып, студенттердің білім алуына және тұратын жеріне жағдай жасауға тиісті назар аударуымыз қажет» деген.

Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде 2018 жылы заманауи үлгідегі Студенттер үйі бой көтерді.

Конференция жұмысына Алматы қаласы Жастар мәселелері жөніндегі басқарма, Алматы қаласы университеттерінің басын қосқан U-38+1 – Университеттер альянсы, ЖОО студенттерінің басын қосқан G-38 ұйым өкілдері, Алматы қаласы Бостандық аудандық әкімдігі, «Нұр Отан» партиясының Бостандық аудандық филиалы, «Жас Отан» жастар қанаты, көрнекті әдебиет, ғылым қайраткерлері, оқытушы-профессорлар, мектеп басшылары, магистранттар және студенттік ұйымдардың көшбасшылары қатысып отыр.

Елбасы айтқандай, еліміздің өркендеуінде жастардың бәсекелік қабілетке ие болуы маңызды. «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы», деді Н. Назарбаев »(2).

Бәсекелік қабілет табысты болумен ұштасады. Ал табысты болуға негіз болатын қасиеттер қатарында шет тілдерін білу, мәдени ашықтық әркімнің алға басуына қажетті алғышарттар қатарында. Қазақстан бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруде халқымыздың рухани өмірінің құнды, өмірлік сыннан өткен жалпыадамзаттық құндылықтарға бастайтын ұлттық құндылықтар орны зор екенін атағым келеді.

Тәрбиесіз толыққанды тұлға қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан да қай қоғам болмасын тәрбие мәселесінен өзін алшақ ұстай алмайды. Тәрбие – қоғамдық тарихи үрдіс. Өмірдегі жолын жаңылмай табатын жеке тұлға тәрбиесін қалай жүргізуге болады? Жастар арасындағы қылмыстың өршуі, “көше” балаларының көбеюі, жастар арасындағы нашақорлық, агрессия, жезөкшелік, олардың діни секталардың ықпалына түсуі, азаматтық позицияларының әлсіреуі, немқұрайлылық, жалпы мәдениеттіліктерінің төмендеуі, т.б. мәселелердің кең етек жаюы тәрбие мәселесіне барынша назар аударуды қажет етеді. Олай дейтініміз тәрбие – қоғамдағы тұрақтылықтың, ілгері дамудың, мәдениеттілік пен руханилықтың, бірлік пен достықтың, тірліктің берекесі.

Тәрбие, білім алу, әлеуметтенудің де ең басты мәдени қызметі – тұлғаның дамуына қызмет ету. Әлеуметтену стихиялы түрде адамға саналы және санадан тыс әсер ету ықпалы зор. Білім берудің алға қойып отырған тура бағытына кедергі болар жәйттер: жастар арасына бойлап енуі тез келеңсіз құбылыстар. Қоғамдық өмірдегі қолаңсыз жәйттарды ескерсек, адамның тәрбиесіне қаншалықты қауіп туғызып отырғанын түсінуге болады. Мұны дәл байқаған Цицерон біздің жанымызға әуел бастан-ақ ізгіліктің ұрығы себілген; егер оны дұрыс күтіп-баптай алсақ табиғаттың өзі бізді жақсы өмірге алып келеді дегенді айтады. Табиғат өзінің тамырын тереңге жібереді. Ол үздіксіз даму үстінде болады, бастағанын аяқтамай жаңасына кетпейді. Қайта бастаған дүниесін кеңейтіп, жан-жақты, толық дамуына барынша жағдай жасайды. Сандық және сапалық қатынасты тең ұстайды. Кез-келген зат өзінің табиғатына жақын жаққа бағытталып тұрады, егер алған бағыты табиғилығынан ауытқыса күйзеліске түседі. Күйзеліс соңы қолаңсыз жағдайларға әкеледі. Ал адам – адамдық қасиеттерімен адам. Оның табиғилығы адамгершілік-ізгілік қасиеттерге толы. Сондықтан табиғатына жақын дүниені адам бойында оятуға көмектесу керек.



Я.А. Коменский егер адамды бұзбаса адамнан адам шығады деп мәлімдеген. Яғни, адамның табиғи жаратылысы адамгершілікке, ізгілікке баулитын қасиеттерге негізделеді. Тек қана осы қасиеттерді оята біліп, оның өркен жаюына ықпал ете отырып, өмірлік негізіне айналдыра білуде саналы түрде пайдалана білу керек. Табиғаттан көз жеткізгеніміздей, ешнәрсе (құсты ұшуға, балықты жүзуге, аңды жүгіруге бейімділігі) өзінің туған табиғи болмысының ыңғайынан алысқа кете қоймайды. Табиғилыққа қарсы жасалып жатқан дүниелердің адамзатты қандай азаптарға әкеліп жатқаны да белгілі. Міне, адамның табиғатына жақын дүниелерді бойына сіңіруі әлдеқайда жоғары болады. Әрбір халықтың сындарлы тәрбие жүйесі бар. Әрбір халықтың сындарлы құндылықтары бар. Әрбір халықтың ана сүтімен баласының бойына даритын асыл қасиеттері бар. Олай болса, қашанда қай халықтың болмасын тәрбиесі ұлттық тәрбиесінен басталып, ұлтына, халқына, жалпыадамзаттың келешегіне қызмет ете бермек.

Халқымыздың моральдық, адамгершілік, халықтық ізгі қасиеттерін бойға сіңіру – әрбір азаматтың борышы. Адамгершілік тәлімі дұрыс қалыптасқан адам ар-ұятына кір келтірмейді. Өйткені ел болу, ең алдымен өзімізден басталады.

Мысалы, адамдар арасындағы жылы қарым-қатынас, яғни адами қатынас мәдениеті - бірден-бір табысты болудың жолы.

Н. Назарбаев: «Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз», деді(2).

Қазақ тіліндегі «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» - 100 жаңа оқулықтың бірі(авторы Светлана Тер-Минасова). Оның мақсаты: адамзат қарым – қатынасында тілге басты құрал ретінде қарау, алайда жалғыз құрал емес екендігін ұмыттырмау(4, 13 б.).

Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров: «Адамдар бір тілде сөйлесе де, әрқашан бір-бірін дұрыс түсіне бермейді. Оның себебі – мәдениеттер ерекшелігінде» (4, 12 б.), деді.

Кітап авторы мәңгілік мәселе адамзатты өте ерте заманнан аландата бастағандығын айтады. Халық даналығының қаймағы – мақал – мәтелдерден мысал келтірсек: «В чужой монастырь со своим уставом не ходят» (Бөгденің шіркеуіне өз заңымен бармайды) деген орыс мақалы бар. Оның ағылшын тіліндегі баламасы «Римге келгенде, римдіктер сияқты бол» (4, 24 б.).

Ал қазақ даналығы «Бір күн дәм-тұзын татқанға қырық күн сәлем», « Ел болам десең, сыйлас, Қор болам десең, қастас. «Қазақ қонағын құдайындай сыйлаған». Яғни үш мысалда да халық даналығы мәдениет қақтығысы деген терминмен әдіптелген шиеленістерге жол бермеуге тырысады.

Салт-дәстүрсіз халық болмайды. Салт-дәстүр–халықтың сапалық қасиетінің, моральдық өмір сүру нормасының басты өлшеуіші. Жақсы дәстүр уақытты жатсынбайды; уақыт өзгерісі, даму диалектикасына орай дамып отырады, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады, сабақтасады. Ата салты мен халықтық қасиетті ардақ тұтқан ұтады.

«Әлемдік деңгейге шығуда түрлі мәдениет өкілдері арасында тілдік коммуникация ойдағыдай жүзеге асуы үшін тілдік кедергілерді ғана еңсеру жеткіліксіз, сонымен қатар мәдени кедергілерді ді жеңіп шығу қажет»(4, 35б.).

Сый, кәде жасау қай халықтың болмасын қадір тұтатын қасиеттерінің бірі. Қонақ келсе қолындағы соңғысын қонағының алдына тосатын қазақ халқы кәдесыйлар тартуды кеңпейілділік пен қонақжайлық деп қарайды. Ал Батыс елдерінен келген қонақтар керісінше ерекшеленудің немесе материалдық әл-ауқатты білдіру, иә болмаса пара беру деп түсінеді.

Бір мысал келтірейін: «ММУ(МГУ, Ресей) түлектеріне диплом табыстау рәсімі кезінде Америкадан келген ағылшын тілінің оқытушысына орыстың әйгілі фарфоры мен орыс халқының өнеріне арналған альбомды сыйлайды, ал ол басшылыққа батыстық үлгімен безендірілген үлкен қорапты сыйға тартады. Ол сыйлық сол жерде, сахнада ашылды. Оның ішінде кәдімгі унитаз болды. Мұндай «ерекше» сыйлығы арқылы ол ресей

дәретханаларының жай-күйіне риза еместігін, ұнатпағандығын көрсеткісі келген болар. Бірақ бұл университет иелері үшін мүлдем қолайсыз сыйлық еді. Сол жерде болған адамдардың барлығы аңырап қалды, бұл сыйлық бәріне ерсі көрінген еді. Келесі оқу жылында бұл оқытушы жұмысқа шақырылмады...» (4, 28-29 бб).

Қандай қорытынды жасуға болады: шет тілдерін оқытуға арналған әрбір сабақ – мәдениеттер тоғысы, мәдениетаралық коммуникация тәжірибесі.

Ы. Алтынсарин кітап шығарғанда орыс-қазақ мектептерінде білім алып жатқан қазақ балаларына және жалпы халықтың оқуына бола алу жағын көздеу керектігін айтқан. Себебі, “қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды..» [5, 70-72 бб.].

Қазір Қазақстанда шеттілдерін оқыту жүйесінде ұлттық құндылықтарды қайта бағалап, жалпыадамзаттық құндылықтарға бастайтындарын оқыту әдіс-тәсілдерінде күрделі бетбұрыс кезеңі өтіп жатыр.

«Мәдениет өкілдеріне тән ұлттық ерекшеліктердің өзі коммуниканттардың арасында мәдениетаралық тілдесімнің жүзеге асуына қиындық туғызуы мүмкін. Түрлі лингвомәдени қауымдастыққа тән ұлттық ерекшелікті танытатын компоненттерге мыналарды жатқызуға болады:

а) салт-дәстүр, әдет-ғұрып және ырым-жоралғы;

ә) тұрмыстық мәдениет дәстүрлі мәдениетпен тығыз байланысты болғандықтан дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет ретінде танылады (Мысалы: қазақта үй иесі келмей дастарханға отырмау, ас қайыру, т.б.);

б) күнделікті мінез-құлық нормасы, осымен байланысты кейбір лингвомәдени қауымдастық өкілдеріне тән мимикалық және пантомимикалық кодтар;

г) «әлемнің ұлттық бейнесі» қандай да бір мәдениет өкілдерінің қоршаған ортаны тану, оны қабылдауының тілдік жүйеде бейнеленуі, ұлттық ойлау жүйесіндегі ерекшеліктер (Мысалы, қазақ халқы нәрестеге ат қойғанда Аймен байланыстыруы, т.б.);

д) белгілі бір этностың ұлттық салт-дәстүрлері көрініс табатын көркемөнер мәдениеті. (5, 35-36 бб).

Уақыт өлшемінен өтіп, тұрмыс сынына төтеп берген кісілік қасиеттеріміз бен салт-дәстүрлерімізді қастерлей түскеніміз жөн. Халқымызды әдепті, инабаты мол жасты «көргенді елдің баласы» деуі тегін емес. Отыз өркениетті елдің қатарында болу – көргенді елдің балаларының білімі, ғылымы, тәрбиесі мен өнегесі арқылы болмақ.

Адам баласы, сонымен, тәрбиеге мұқтаж. Тәрбие үздіксіз жүргізілуі керек. 1943 жылдың 18 мартында Қазақ ССР Халық комиссарлары Советінің председателіне жазған хатында Б. Момышұлы жастарды тәрбиелеуде ұлттық дәстүрлердің маңызы зор екенін айтады. Ол аталған міндеттерді былайша саралап көрсетеді:

1. Әдет және әдеп.

"Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны алады".

"Ұлың өссе, ұлы жақсымен, қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас болғын".

"Тексізден тезек артық".

"Жаным арымнан садаға".

"Өлімнен ұят күшті".

"Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді".

Бұл мақалдардың сырын ашсақ, тәрбиелік (әдеп) ана сүтімен бірге сана-сезімге сіңіп дағдыға (әдетке) айналуы қажет.

2. Ұлттық ойындар (асық, шілік, жасырынбақ, жарыс, күрес, ақсүйек) жастарды ептілікке, шеберлікке, айлакерлікке, көздегіштікке, ширақтыққа, табандылыққа тәрбиелейтіндігін айтады.

3. "Сөз тапқанға қолқа жоқ".

Бәдік айту, той, айтыс – тез ойлауға, тапқырлыққа тәрбиелейтін өнер саласы.

4. Көкпар, бәйге, аударыспақ – батылдыққа, ептілікке, бұлшық етті шынықтыратын, есеппен тәуекелге бел байлауға, тіпті өзінің ары мен атағы үшін бәріне де даяр дәстүрлі ұлттық ойындар (6, 219-220 бб.).

Даңқты қолбасшы, әскери ғылымның білгірі, тапқырлығы мен шешендігі, ұлтжандылығы мен турашылдығы ерекше жан –Бауыржан Момышұлының айтқан өрелі сөзінен, осы тақырыптағы пайымдауынан тағы мысал келтірсем. Бірде журналист Б. Момышұлына «дамудың заңы деп нені түсінесіз?» деп сұрақ қояды. Б. Момышұлы : «Орыстардың «Старость – не радость » дегені де дұрыс. Бірақ та оны қазақтың: «Ендеше біз қартайдық, біз қартайдық, қартайғанның белгісі серттен тайдық» дегенімен салыстырып көрші. «Старость не радость» дегенде ешқандай поэзия жоқ. Ал «Ендеше біз қартайдық, біз қартайдық, қартайғанның белгісі серттен тайдық» - бейнелі ұғым әрі шындық. Тіл бастың адьютанты, бастың ең маңызды құралы. Тілдің айтпағы баста жатыр. Әрине, орыс халқы ұлы халық. Дегенмен екі халықтың қарттық туралы түсінігін салыстырып қарасаң, кімнің тілі өткір, кімнің тілінде ақындық ойлау, ақындық бейнелеу ерекшелігі басым екенін біле қоясың. Бұл тәрізді құбылыстарға сен көңіл бөл. Бұл – даму заңы...(7,360 б. ).

Сөзімнің соңында қазақ халқының дамуы үшін, өркениетті отыз елдің қатарына жетуі үшін адам бойындағы қандай әдеттер кедергі болатынын, қандай қасиеттер адам болуға жетелейтінін айтқан Б. Момышұлының жастар туралы ой-толғанысын тыңдап көріңіздерші: „Қазір бізде қалай? Базбіреулер жастарға өкпелейді. Оған несіне өкпелейсің дегім келеді. Ішкенің арақ, тартқаның темекі, жүрген жерің айқай-шу, төбелес, жұтқан ауаң лас. Ерлі-зайыптылар бір-бірін қызғанып өлтіріп, не ажырасып, немесе біреудің қызметін көре алмай өсектеп жүргені. Мұндай жағдайда дүниеге келген бала ертең қандай адам болады?...

- Кез-келген ұлт өзінің адамдарына, ұрпағының келешегіне қамқоршы...

- Біздің дипломымыз бар, Абайда диплом түгілі кәметтік аттестат та жоқ. Бірақ басы қалай жұмыс істейді? Ол кісі: „Көп оқыған, ақылы жоқ адамдарды кітап артқан бір есек“ деген. ...Біз есек болмай адам болуымыз керек...“ (7, 292б.).

Абай «Бес асыл ісінде» нағыз адам болу үшін бес нәрсеге: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақымға асық болу керектігін айтса, «Бес дұшпанда»: Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ - Бес дұшпаның, білсеңіз...» -деп адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынға алады(8, 81 б.).

Рухани жаңғыру бағдарламасы қоғамдағы оң үдерістерге серпін беріп жатыр. Жастардың бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін ғылым, біліммен бірге ұштастыра отырып қалыптастыру туралы мақсатының өзі көптеген игілікті істердің ұйытқысы болатынына сенімдіміз.

„Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы“ (2).

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н. Назарбаев . „Ұлы даланың жеті қыры“. «EGEMEN QAZAQSTAN» 21.11.2018. <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-zheti-gyry>
2. Н. Назарбаев. „Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру“. Егемен Қазақстан, 12.04.2017 ж., № 70(29051)
3. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» атты ҚР педагогикалық қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесі материалдары. 17 тамыз 2018 ж. Астана.
4. Светлана Тер-Минасова. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. Ұлттық аударма бюросы, Астана, 2018 ж., 317 б.

5. Алтынсарин Ы. Киргизская хрестоматия. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: ҚазССР Ғылым акад. баспасы, 1955. – 413 б.
6. Бауыржан Момышұлы.– Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2000. – 1 т. – 478 б.
7. Мамытбек Қалдыбай. Мен халқымның Бауыржанымын. Алматы, 2013 ж.// 42-43 бб. 399 б.
8. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. Алматы „Мектеп“, 241 б.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ ГЕОГРАФИЯСЫ

**Ә.К. Шашаев** *т.ғ.к., Жетекші ғылыми қызметкер*  
(Алматы қ., Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты)

### Аннотация

Казахстан географически занимает обширную территорию, а также имеет древнюю и интереснейшую историю. Множество сакральных мест ти достопримечательностей раскинулось по Великой степи. В них черпают вдохновение и силу казахский народ.

### Annotation

Kazakhstan geographically occupies a vast territory, and also has an ancient and interesting history. Many sacred places of these sights stretched across the Great Steppe. We draw inspiration and strength of the Kazakh people.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» бөлімінде егемен мемлекет тарихындағы Үшінші жаңғырудың маңызды стратегиялық бағытын атап өтті: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай...Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды»[1].

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз ... Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген» деп атап өтті [2].

Рухани жаңғырудың басты тетіктері ретінде 6 бағдарламалық жобаны жүзеге асыру міндеті қойылды. Солардың бастыларының бірі «Туған жер» бағдарламасы. Оның маңызы туралы Елбасы: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті. Туған жерге деген

сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді» - деп атап көрсеткен болатын [3].

Рухани жаңғырудың маңызды міндеті – халық санасында жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын бекіту. Бұл мақсатқа жетуде «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы стратегиялық дүниетанымдық бағыт болып табылады.

Алдымен: «Киелі жерлер» түсінігінің өзі бүгінде дейін толық зерттелінбегендігін – осыған байланысты оны ұғыну мен өз негізінде түсіндірудің арты әртүрлі анықтамалар мен қиындықтарға толы екендігін атап өткеніміз жөн. Дегенімен, «Киелі жерлер» ұғымы біздерге сонау ерте замандағы табиғатпен байланысты, танымы жетпеген құбылыстар мен нысандарды киелендіру үрдісінен келіп жетті. Сол дәуірлерде адамдар өздерінің киелі деп танылған желеп-жебеушілеріне түрлі құрбандықтар шалып, оларға шынайы табына бастаған еді. Ал қасиетті жерлерді зерттеу істері тек ХІХ ғасырдан ғана басталады.

Қасиетті немесе киелі (сакральды) географияны зерттеудің қалыптасуы мен оның жеке ғылым ретінде сахнаға шығуына дінтану ғылымның дүниеге келуі елеуі түрткі болды. Көптеген киелі нысандарға қатысты діни сарындардың болуы мен өз көріністерін табуы оның аса маңызды бір шарты болды. Әуел баста «қасиетті» ұғымы айрықша жоғарғы мәртебедегі құдайға құлшылық пен табыну, киелі ғұрыптарды атқару мағынасында болатын. Кейіннен, әсіресе қазіргі кезеңде, біздер олардың айтарлықтай мағыналы өзгерістерге ұшырап, қолдану аяларының кеңі түскендігінің куәсі болып отырмыз, олар енді «тарихи-мәдени мұра» ұғымына мейлінше жақындай түсті.

Қасиетті нысандарға табынатын құрылыстар мен ғимараттар (құдай үйлері, храмдар, мешіттер, синагогалар) жатқызылды. Сонымен қатар олардың құрамына табиғи-ландшафттар мен тарихи-мәдени мұралар да кіреді. Мысалға, жұмбақ, әлі толығымен зерттеліне қоймаған молалар, мазарлар, кесенелер, ежелгі тұрақтар, көне тастар, сурет таңбалары, үңгірлер, таулар, өзендер, ежелгі қала қирандылары және т.б. Оған қоса белгілі бір жердегі энергетикалық және рухани әлем де қасиетті деп танылады. Мәселен, аруақтарға табынып, оларды құрмет тұтатын рәсімдер орындары, сол кезеңнің сиқырлы – магиялық, эзотерикалық және діни және басқа да, осы күнге дейін маңызын жоя қоймаған дүниелері жатады.

Осы нысандардың бәрі де тек адамдардың олармен тікелей жанасуы, нақты қарым-қатынастары болған жағдайларда ғана қасиетті болып есептелінеді. Тау, үңгір немесе өзен өз-өздігінен, адамның ырқынсыз, оның мүддесінсіз, оның араласуынсыз қасиетті бола алмайды. Сондықтан да қасиетті нысанның өз бойына, өз болмысына міндетті түрде адамның тарапынан атқарылатын рәсімдер мен оның іс-әрекеттерін толығымен сіңірген мультикомпонентті жүйе болып табылады. Ол көзге көрінбейтін бейне бір тылсым күш – руханилықты бойына тұтас түрде сіңірген ғажайып құбылыс [4]. Осы ақиқатты терең сезіну рухани өмірдің көптеген күрделі қыртыстарын ұғына білуге кеңінен жол ашады. Оларға дара мүмкіншіліктер мен берілген күтпеген қасиеттер, жоғарының әмірімен дерлік дарыған ерекше көріпкелдік пен сұңғылалық, кенеттен аурудан айығу т.б. сияқтылар жатады. Көптеген аймақтарда киелі бұлақтар, баруға тиым салынған тау биіктері мен шындары, көне зираттар, адамдар сауығу мақсаттарында табынатын тас бейнелер, құлытастар мен ескерткіштер молынан кезігеді.

Қасиетті заттар тыйымдармен қорғалған және бөлектенген; бейхабар адам оларға жазықсыз жанаса алмайды. Белгілі бір нысанның қасиетті сипаты оның өзіне тән емес: ол онымен үлестіріледі. Қасиеттілікті қоғам тудырады, ол арнайы моральдық билік пен беделге ие. Оның екі қасиеті бар: тыйым салушылығы, яғни бәрінен бөлектігі және махаббат пен құрмет нысаны бола білу; қасиеттілік – тағзым ету, тыйым салудың және бір уақытта ғибадат етудің көзі [5].

Осылайша, киелі (сакральді) географияның тұжырымдамалық негіздері діннің, әлеуметтік географияның, мәдени географияның сондай-ақ, түрлі философиялық парадигмалардың теориялық зерттеулерінің шеңберінде XIX-XX ғасырдың басында қалыптасқан. Сакральді философияның түсіндірмесінде үш негізгі көзқарас қалыптасты, олар өздерінің міндеттерінде де, сакральдіктің табиғатын түсінуде де айтарлықтай ерекшеленеді: феноменологиялық, әлеуметтанулық және экстремалды (немесе «радикалды»). Алғашқысы киелікті (сакральдікті) ноуменальдіктің (байланыстылық, өзіне тән) имманенттікке (бір заттың ішіндегі, қатарындағы) манифесті ретінде, екіншісі – имманенттіктің (әлеуметтік) трансценденттікке әсері, үшіншісі – адам өмірінің мүлдем ұтымды және түсініксіз дискурстық өлшемі ретінде қарастырылады.

Табиғи нәрсені тану арқылы адам оны өз мифологиясының бір элементі ретінде қабылдады. Табиғи ландшафтық, мистикалық және діни қабылдауының өсуі табиғи және мәдени ландшафттарды киелендірді.

Әдетте, табиғи нысандар елді мекенге немесе көрінетін аймаққа жақын орналасқан. Бұл оның ата-бабалары өмір сүрген жерге тарихи аңыз бен мифке байланысты адам игерген аумақ болуы керек.

Ең кең тараған киелі нысандар - тауларға табыну. Тау өздері - құдайлар мекені. Дала төсіндегі төбелер мен шыңдар немесе биік таулар өздерінің жеке тарихымен таңдандырады. Қазақстанда бұл - Хан Тәңірі - Тәңірі-Тау (Тянь-Шань) жотасындағы пирамида тектес шыңы. Ол «Көктің Иесі-Тәңірі» деп аударылған. Қазақстан, Қырғызстан және Қытай шекарасында орналасқан. Қазақстанның ең биік шыңы.

Алтай тауларының ең биік нүктесі - Белуха (Алтай) - Мұзтау шыңы. Сарыарқаның оңтүстік-батысында аласа таулардың сілемі – Ұлытау. XVII-XVIII ғғ. Арғынат таулары (Ұлытау) бүкіл қазақ даласының орталығы болып саналды. Мұнда Жошы-ханға, Алаша ханға, Тоқтамыш ханға арналған көптеген ескерткіштер бар.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы – Қазығұрт таулы аймағы. Тауда мұсылмандар үшін қасиетті орындар бар. Таудың етегінде Ақбураның қасиетті орыны (ақ түйе) бар.

Баянаул таулары - Сарыарқаның солтүстік-шығысында орналасқан. Бұл жерде ең танымал таулар - Найзатас және Кемпіртас. Тауларда үңгірлер мен көктеректер көп. Қоңыр-Әулие үңгірінде әйелдер бедеуліктен арылу үшін түнейді. Ежелден үңгірлер, шатқалдар мен каньондар жер асты патшалығының мистикалық тұрғындарымен байланыстыратын нысан болып саналған. Бұл нысандар ерте заманнан бері адамдар тарапынан құрметтелді және шаманистік тәжірибеге байланысты, кейіннен мистикалық қасиеттермен байланыстырылып киелілік қасиетке ие болуы оларды тағзым ету нысанына айналды. Үңгірдің қорғаушы, пана болу сипаты ата-бабалардың бастапқы тұрағы – кіндік қаны тамған, туған жер ретінде қабылданды.

Тау-көлдер, бұлақтар, сарқырамалар, ыстық көлдер айрықша құрметтелді.

Осы секілді табиғи құбылыстар мен нысандардың айналасында киелі дәстүр-салтты өткізетін инфрақұрылым ретінде, әдетте XX ғасырға дейінгі мыңдаған жылдар бойы - қорымдар, обалар, мазар, кесенелер, балбал тастар, петроглифтер, ғибадатханалар тарихи – мәдени жадының сақталу көрінісі ретінде қалыптасты.

Табиғи құбылыстарды және қасиетті жерлерді киелендіру ислам дініне дейінгі кезеңде кең тараған болатын. Қазақстанда ерте темір мен қола дәуірінде қасиетті нысандардың мол болғандығын археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері көрсетіп отыр. Тотемдік белгілі түсініктермен қатар, отқа, күнге және басқа да киелілік қасиет берілген құбылыстарға табыну дәстүрлерінің белгісі болып табылатын заттай айғақтар табылған болатын.

Мәдени ландшафт пен тарихи, мәдени және рухани ескерткіштер Қазақстанның барлық территориясында киелі географияның нақты табиғи нысандарымен бірге сақталған. Географиялық орналасуы, табиғи ортасы, Ұлы Жібек жолы, бірегей материалдық және рухани мәдениет ерекшелігі далалық өркениетінің өзіндік тарихи мұрасына айналды.

Қазақстан аумағындағы дала өркениетінің киелі географиясын зерттеуде қазақ этносы тарихындағы, мәдениетіндегі, діни танымындағы рухани әлемі мен жеке басының қасиеттерін айқындайтын ескерткіштер, киелі нысандар ерекше маңызға ие бола отырып, олардың дүние танымының кейбір қырларын аша түседі.

Мирча Элиаде (1907-1986) - мәдениет философы, дінтанушы, «киеліні» зерттеуші ретінде, киеліні - нақты әлемдегі ерекше сала, нақты нысандарға қатысы бар, саналы және түйсікті деңгейлерде адамға әсер ететін ескерткіштерді және табиғи, мәдени және киелі жерлерді, кешендерді талдай отырып, оларды сыныптауды жүзеге асырған. «Киелі» дегеніміз - бұл адамның, этностың, қоғамның санасы мен жадында көрініс табатын әлеуметтік, ұжымдық және мәдени құндылықтар. Табиғаттағы киелі кеңістік, киелі тастар мен ағаштарға, өзен-көл, бұлақтарға табыну, қасиетіне нану, күш-қуаты мен құдіретіне илану дегенді білдіреді. [7].

Міне, осы жоғарыда айтылған мәселелерге қатысты қандай жұмыстар атқарылып жатыр дегенге тоқтала кетейік. Қазіргі кезде асқан белсенділікпен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым Комитетінің тікелей басшылығымен және қадағалауымен жүзеге асырылып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен оның құрамдас бөлігі «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» еліміздегі киелі жерлер мен жалпыхалықтық қасиетті орындарды ел арасында насихаттау және туристік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған іс – шаралардың ауқымын айқындап отыр. Бағдарламаны іске асырудың теориялық және әдістемелік негіздемесін жасаудың ғылыми жобасын дайындау мен оны орындау Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мен Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына жүктелген болатын. Ғалымдардың тыңғылықты ізденісі нәтижесінде: «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасына енгізілетін нысандардың таңдап алыну талаптарының ғылыми негіздемесін жасау мен нысандардың қортынды тізбесін қалыптастыру» тақырыбындағы Жоба жасалды.

Басшылыққа, Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылған: «бізге «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе ғалымдар айтқандай «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасы керек» деген ұсынысы алынды.

Киелі жерлер географиясына көп көп көңіл бөліп оны кең мағынасында тануымызға жобаның тигізер көмегі өте зор. Сонымен қатар, жоба жүзеге асырылуы барысында алынатын тұжырымдар тұрғылықты халықтың мекендеп отырған экологиялық ортасын қорғау талабына сай келетіндігі туралы түсінігін қалыптастыруға және азаматтардың экологиялық білімі мен тарихи және экологиялық туризмнің дамуына, ел азаматтарының тиісті мінез-құлық психологиясын қалыптастыру және жаңа Қазақстандық патриотизмді жандандыруға ықпалын тигізеді. Маңызды мәселе, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру еліміздің киелі жерлеріне кеңінен зерттеуді талап ететіндігі.

Жобаны жүзеге асырар алдында, «Киелі жерлер географиясы» жобасына енгізілетін нысандарды іріктеудің ғылыми негізделген критерийлерінің жаднамасы жасалды. Бұл жаднамада: «Киелі жерлер географиясы» түсінігінің анықтамасы; Ерекше құндылықтарының сипаты; Енгізілетін нысандарды іріктеу критерийлері; «Киелі жерлер географиясы» нысандарының сыныпталуы; Материалдарды ұсыну үлгісі (нысандарды тіркеу карточкасы); Нысан туралы мәліметтердің көлемі мен рәсімделу бойынша талаптар; Жобадағы (қортынды тізбедегі) нысандардың тізімдегі орналастыру реті және нысан туралы материалдардың деректік көздері қарастырылған.

Осы уақытқа дейін белгілі бір серпіліс соңғы ғасырлардағы тарихи, мәдени және археологиялық мұраларды зерттеуде байқалады, ол – ғылыми зерттеулер, танымал ғылыми-танымдық жұмыстар, археология, тарих, сәулет ескерткіштерінің тізімдері мен материалдар жинағынан көрініс тапты. Сондай-ақ қасиетті жерлерді зерттеуде мұндай үрдіс білгілі бір уақыт аралығында ғылыми дәстүр ретінде қалыптасып қалды. Жобада көрсетілген Қазақстанның киелі жерлері географиясын зерттеу белгілі бір тарихи маңызы

бар, халық киелі деп санайтын шағын көлемдегі болсын, үлкен көлемдегі болсын мекендерді зерттеу болашақ үшін аса маңызды.

Киелі жерлер географияның аталмыш нысандарының барлығы үлкен көлемдегі таным мен зерттеу әдістерін қолдануды, оның ішінде жазбаша ақпарат көздерін, тарихи және өлкетану әдебиеттерін, көптеген мұрағаттық куәліктерді, мерзімдік басылымдар мен ауызша мәліметтерді іздестіру мен талдауды, негізгі тұжырымдарды айқындау мен саралауды талап етеді. Киелі орындар туралы білімімізді жаңарту және толықтыра түсу толыққанды далалық зерттеу жұмыстарын жүргізуді, нысанды суретке түсіруді, сақталу жағдайын, көлемін, елді мекеннен қашықтығы мен жол жағдайын анықтауды қажет етеді. Бұл үшін тізбедегі нысандарға ғалымдардан жасақталған арнайы экспедиция іс-сапарға қысқа мерзімге аттандырылды. Еліміздің аумағы өте үлкен екенін және оның табиғат нысандары мен киелі деп саналатын ескерткіштерінің көптігін ескеретін болсақ, мұндай жұмыстар жақын болашақта жалғасын тауып, көптеген жылдар бойы жүргізілуі тиіс екендігі айқын.

Болашақта мұндай жұмыстың нәтижесінде көп томдық анықтамалық және энциклопедиялық сипаттағы басылымдар, толыққанды ғылыми зерттеулер дайындалып, көптеген ерекше мәтіндер, құжаттар мен бейнелі басылымдар жариялануы қажет. Бастысы, Қазақстанның киелі жерлері географиясы бойынша жиналған мәліметтер өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуге пайдасын тигізеді, тарихи-мәдени және табиғи құндылықтарға деген құрмет пен сүйіспеншілікті оятады, табиғат пен оның байлығын қорғау ісінде көмектеседі, ішкі және сыртқы туризм мен туристік инфрақұрылымның дамуына септігін тигізеді. Елбасы айтқандай: «Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз».

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // [www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya)
- 2 <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
- 3 <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
- 4 Доброта Л. Возвращение святыни // Казахстанская правда. - 2014. - 23 декабря. - С. 12.
- 5 Сакральное и десакральное в эстетическом / <http://b.c8.net.ua/click>
- 6 Элиаде М. Священное и мирское/ Пер. с француз. К. Гарбовского. - М.: Изд-во МГУ, 1994. - 144 с.
- 7 <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>



## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ТАБЫСТЫ ЕЛ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

Әбу Әль Фараби Бағдатұлы  
Қазақ ұлттық Аграрлық университеті  
Ветенинария факультетінің 1-курс студенті  
Ғылыми жетекшісі:  
қауымдастырылған профессор Жұман С. Ә.

### Аннотация

Читая статью Президента «Духовная модернизация», новое поколение казахстанцев переполняет чувство гордости за свою страну. Молодежь готова стать передовыми гражданами нашей республики.

### Annotation

Reading the President's article "Spiritual Modernization", the new generation of Kazakhstans are overwhelmed with a sense of pride in their country. The youth is ready to become advanced citizens of our Republic.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толыққан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Болашаққа бағдар ретінде Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының әрбір профессор-оқытушылар құрамы, әскери қызметшілері және осы оқу орнында білім алып жатқан жастарымыз Елбасының осы сөздерін өздерінің алға қойған өмірлік мақсаттарына енгізе отырып, еліміздің рухани тұрғыдан дамып, интеллектуалдық дәрежесінің жоғарылауына үлесін қосады деген сенімдемін. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Мен Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы қажеттілігін түсінемін. Ел Президентінің рухани жаңғыруға қатысты ұстанымдары әскери салада да, яғни РӘЖБӘИИ тарапынан бірауыздан қолдау тауып, ұлттың кемелденіп дамуына әсер етуші ең маңызды фактор деп санаймын. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім жүйесі әрдайым бірінші кезектегі орында тұруы міндет деп есептеймін.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп тануымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Ел Президенті аталмыш тұғынамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар». Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

Қазіргі таңдағы әскери сала мен әскери оқу орындарындағы білім мен тәрбие жүйесі Елбасының парасатты пайымдарын негізге ала отырып, қарқынды түрде жүзеге асыруда.

Ал идеология мәселесіне келер болсақ, кестелі сөз, кесек ойлары көрініс тапқан ой-толғауында Президент елес идеологияларға ермей, заманға сай амал етуге үндейді: «Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс». Мақалада көтерілген идеологиялар туралы кесек ой да ел басқару жүйесін жаңа өзгерістер биігіне бастары айқын. Дәл осындай тәуелсіз Қазақстанды өркениет көшінің алдыңғы легіне апаратын жаңа бастамалар қашанда көпшіліктің қолдауына мен ықыласына бөленеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады.

Ендеше, рухани жаңару арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз бірлік туы астында бақытқа бірге жетейік!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // [www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvenno-soznaniya](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvenno-soznaniya)

2 <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

3 <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖАСАМПАЗДЫҚ БЕЛГІСІ

Құлабаева Р.Т., Итемирова А.С.  
Қазақстан-Ресей медициналық университеті

### Аннотация

Переход на латинский алфавит поможет быстрее адаптироваться в новых экономических условиях, упростит общение с другими странами уже перешедшими на латиницу. Данный переход на латиницу откроет Казахстан для еще большего количества туристов, даст возможность ознакомиться с древней историей Казахстана, раскроет возможность посещения сакральных мест Казахстана.

### Annotation

The transition to the Latin alphabet will help to quickly adapt to the new economic conditions, simplify communication with other countries that have already switched to the Latin alphabet. This transition to Latin will open up Kazakhstan for an even larger number of tourists, will provide an opportunity to get acquainted with the ancient history of Kazakhstan and will open the possibility of visiting the sacred places of Kazakhstan.

Әлемдік өркениеттің көшіне ілесу тек мемлекеттер мен ұлттардың ғана алдында тұрған міндет емес. Ол адамзат баласының әрқайсысының алдында тұр. Кім де болса өзінің тілі мен дінінің, білімі мен ғылымының, саясаты мен экономикасының өзгеден озық болғанын қалайды. Дамудың даңғыл жолына түсіп, қара үзіп кеткісі келетіні анық. Ол – уақыт талабы.

Елбасымыз айтқандай, адамның бойында бәсекеге қабілеттілік болуы керек. Сол қабілет адам баласының бойында ғана емес, ұлттық деңгейде, мемлекеттік деңгейде болуы керектігіне бүгінгі күні көзіміз әбден жетіп отыр. Өзгеруді өзіңнен бастасаң да, жеке басыңның күйін күйттейтін күн келмесе кеткен. «Жұмылып, жұдырық...» болуымыз керектігін уақыт көрсетіп тұр.

Президентіміз Н.Назарбаев «Кез-келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттігі білімімен өлшенеді» деп атап көрсеткендей, өсіп-өркендеу үшін ең алдымен білім керектігі бәрімізге аян. Ол үшін еңбектену, талмай іздену керек.

Ал, бүгінгі күні латын әліппесіне көшу туралы қолға алынған шараны біз мемлекеттік деңгейде атқарылатын, әрі әлемнің озық ғылымы мен технологиясына қол жеткізер дұрыс қадам деп түсінеміз. Әрі, латын әрпі бүгінгі күнгі коммуникациялық кеңістікте айқын басымдыққа ие.

Бұған дейінде 1929-40 жылдары қолданыста болған латын әріптері біздің халқымызға бөтен емес. Оның үстіне мектеп қабырғасындағы ағылшын, неміс тілдерінің таңбалануы латын емлесінен алыс емес.

Тарихқа көз жүгіртсеңіз сонау Күлтегін, Тоныкөк заманынан бері түркі халқы түрлі жазуларды пайдаланғаны белгілі. Тіпті, сол VI-X ғасырлардағы көне түркі жазуы Еуропаға дейін жетіп қолданыс тапқан. Кейін Қазақ даласына келген ислам дінінің ықпалымен араб жазулары қолданысқа енгенін білеміз.

Әр қоғамда қажеттілікке байланысты мемлекеттік жазу да өзгеріп отырғанын көреміз.

Сол қажеттілік бүгін де туындап отыр. Латын әріпі, біз үшін Ұлы көште шаң қауып қалмай, озық елдердің қатарынан көрінуімізге септігін тигізетініне сенеміз. Себебі, бүкіл дүниежүзі қолданып жатқан жазуды пайдалануымыз дамыған өркениеттің жуан

ортасында өзімізді еркін сезінуге, сол өркениетті өркендететін, прогресті ілгерлететін ел ретінде жалпақ жұртқа танылуымызға зор әсер етпек.

Бүгінгі күндегі латын графикасына қатысты пікірталастар өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары да сол уақыттағы оқымысты, озық ойлы азаматтар арасында өздерінің көзқарастарын білдіретін мақалалар болғанды. Оған дәлел, «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» газеттері беттеріндегі мақалалар. Әліпбиге байланысты көзқарас, пікірталастарды бұқара арасына жариялап халық талқысына салып отырған «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде жарияланған жүздеген мақалалар. Айталық, қоғам қайраткерлері: Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, М.Дулатов, Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Н.Қаймекеұлы, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» т.б. Бұл заңды құбылыс. Пікір болған жерде, сын болған жерде шындық орнайтынына, мін түзелетініне ешкім дау айтпас.

Әрине, бүгінгі қолданысқа енгелі тұрған латын әліппесінің де кемшіл тұстары болатын шығар. Соны жерден жеті қоян тапқандай дабыра етпей, біріміздің кемшілігімізді біріміз бетімізге баспай, айқай-шусыз жөндеп отырсақ нұр үстіне нұр болмақ. Жиырма бес жыл бұрын қолданысқа енгізген кейбір көрші елдер өздеріне ықшамдаған кем-кетіктерін әлі толықтырып жүр. «Көш жүре түзеледі» деген ата-бабаларымыз. Біздің көшіміз де жүре түзеліп, артқан жүгін аудармай мақсат-мұратына жететініне сенім зор.

Рухани жаңғыру, біз үшін болашаққа бағдар жасау үшін керек. Өз бойымыздағы, еліміз бен жеріміздегі мүмкіншілікті пайымдап, оны тиімді пайдалану үшін бағдар жасағанға қажет.

«Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану...».

Ендігі жерде біз ұлттың санасының жаңғыруынан рухты іздегеніміз жөн. Замана көшіне еру материалдық жағдаймен бітпейді. Елдің елдігін танытатын рухы асқақ, елін, жерін сүйген, ұлтжанды азаматтар керек. Елінің болашағы үшін батыл қадамдар жасай алатын елжанды ұл мен қыз керек.

Олар басқа біреудің ертегі, аңыздарын тыңдап, бөтен әдебиетті оқып қалыптаспайды. Тек өз ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолынан сыр шертер тарихи дастандары мен эпостық жырларына сусындап, солардың асыл қасиеттері мен елі, жұрты үшін жасаған ерен ерліктерін оқып, біліп, бойына сіңіріп патриот болмақ.

Сол Орхон ескерткіштерінен табылған Күлтегін қағанның:

Бастыны еңкейттім,

Тізеліні бүктірдім, - деуінің өзі арғы бабаларымыздың кім болғанын көрсетіп тұрған жоқ па?

Сондықтан, сол ескерткіштегі жазуды, келер ұрпақтың өмірлік ұстанымы, тіршіліктегі бағыт-бағдары болар жырдың көне үлгілерінің бірі деуге болады. Ерлік, батырлық дәріптеледі. Өз елін, өз жерін сыртқы басқыншылардан, жаулардан қорғау идеясы басым көрініс табады.

Күлтегіннің ерлігінің арқасында түркі халқының: "Кедейі бай болды", "азы көп болды", – деген сияқты жолдардан жырдың түпкі мұраты ел бірлігі мен оның қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған өмірі екендігін көрсетіп тұр.

Білге, Күлтегін, Тоныкөктен бастап, кешені қазақтың соңғы ханы Кенесарыға дейінгі қазақ халқының басынан кешкен небір нәубеттегі ерлердің көзсіз ерліктерін жастардың санасына сіңіре білсек, біз шын мағынасында «Қазақ Елі» деген берілмес бекініс, алынбас қамалдың іргесін қалаймыз.

Кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ топырағында туып, ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атанған 495 адам (төртеуі Екі мәрте) жас ұрпақ қашанда үлгі тұтар тұлғалар.

Тәуелсіздікке ұмтылып, 1986 жылы желтоқсанда, халқымыздың болашағы үшін жанын шүберекке түйген жастарымыздың ерлігі біздің санамызда қашанда жаңғырып тұруы тиіс.

Біз жетпіс жыл құлдықта жаншылған санамызды жаңаша жаңғыртып, өз білгенімізді жастар арқылы келер ұрпаққа жеткізе алсақ, өр мінезді қайсар қазақтың ұлы мен қызы әрқашан елдің берекесі мен бірлігін, жерінің тұтастығын, тілі мен өнерінің өркендегені мен ғылымының дамығанын көргісі келетін елжанды азамат боп қалыптаспақ.

Елбасының тапсырмасы бойынша жасалынған «100 оқулық», «100 жаңа есім» және «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жастар үшін өзін өзі танып білуге, әлемдегі озық ғылымды меңгеруге жасалған өте қолайлы жағдай.

Студенттермен сабақ өткізу барысында, Президентіміздің алдымызға қойған міндеттерін орындау мақсатында жастарды жаңашылдыққа баулып, ұлтымыздың өткен өмірінің жарқын шақтарын саналарына сіңіріп, білімді де, білікті мамандар дайындау біздің Отан алдындағы борышымыз.

Аталған жобалардан алғанымыз мол болса біз, Елбасының алдымызға қойған тапсырмаларының бірі «Ұлттық бірегейлікті» жүзеге асырып, ұлттық санамызды кемелдендіре береміз деп ойлаймыз.

Жазусыз білім де, ғылым да, әдебиет пен өнердің де дами алмайтыны белгілі. Олай болса, түбі бір түркі халықтарының арасындағы рухани байланысты орнатуға жол ашатын, қолдануға ыңғайлы, әлемдік технологияларға ықшамдалған айтар ойымызды нақты жеткізуге мүмкіндік беретін латын әрпі ұлтымыздың көкжиегін кеңейтетіні сөзсіз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2017.
2. Т.Медетбек. Көк түріктер сарыны. Алматы. Өлке. 2002.
3. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедиясы. Алматы. 1998.
4. Тарихи тұлғалар. Алматы. Жазушы. 2000.
5. Интернет. сайт. <http://kitaphana.kz/ru>
6. Интернет. сайт. <https://yandex.kz>

#### **ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»**

**Нұрғалым К.С.**  
Саяси ғылымдардың кандидаты,  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
«Sorbonna–Қазақстан институты»,  
Халықаралық құқық кафедрасының доценті  
[kadyr\\_n@msil.ru](mailto:kadyr_n@msil.ru)

#### **Аннотация**

В статье рассматривается значение идеи «Мәңгілік ел», провозглашенной в Послании Президента страны народу, в том числе дается характеристика влияния этой

проблемы на правовом государстве и предлагаются предложение по использованию идеи в «Мәңгілік ел» образовательной сфере.

**Ключевые слова:** Послания Президента, идея «Мәңгілік ел», правовом государстве, молодежь, патриотизм.

#### Annotation

The article discusses the importance of the idea of "Mangilik el" proclaimed in the President's Message to the people, including the characteristics of the impact of this problem on the young people, and offers suggestions on the use of the idea of "Mangilik el" in educational field.

**Keywords:** Message of the President, the idea of "Mangilik el" youth, in the rule of law, patriotism.

2014 жылдың басында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ХХІ ғасырдағы Қазақстанның ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» деп жариялады. Осылайша кемел келешекке байсалды қадамдар жасау үстіндегі тәуелсіз Қазақстанның көздеген заманауи мақсат-мұраты артта қалған ғасырлар құндылығымен сабақтасып, жалғасып жатқаны, біз Еуразия түркілерінің қара шаңырағын ұстап қалған мұрагері болып табылатынымыз ресми дәйектелді. Байырғы түркілерден жеткен «Мәңгі Ел» ұғым-түсінігінің мәні мен мазмұнын анықтап алу бүгінгі және болашақтағы ғылыми танымның нәтижесін дәйектеу бағытындағы бірінші қадам болып табылады. Елбасымыз ұсынған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – «Мәңгі ел» тұжырымдамалық идеологемасының жаңа әлемдегі, жаңа тарихи дәуірдегі заңды жалғасы. Кім Отанының, ұрпағының, ісі мен есімінің мәңгілік болғанын қаламайды? Ешкім де! Бірақ қамшының сабындай қысқа өмірінде адам терең ақыл-ойымен, шебер қолымен мәңгілік құндылық жасай алады.

Атақты Мұхаммед Хайдар Дулатидің деректері бойынша, 1465 жылы Қозыбасы тауының етегінде тарихи саяси оқиға болды Керей мен Жәнібек хандар Әбілқайыр ұлысынан бөлініп Қазақ хандығын құрды. Осылайша, тарих саханасына Қазақ деген халық шығып, ұлан-ғайыр өлке Қазақ жері деп атала бастады. Қазақ хандығы кезеңі – ат жалында күн кешкен алаш жұртының қаһармандық дәуірі, ел билеген хандардың өмірі майдан шебінде өтті[1]. Қазақтың алғашқы он төрт ханының жетеуі жорық жолында қаза тапты.

Осынау ұлы бабалардың биік рухына барлық ұрпақ айрықша құметпен бас иіп, ризашылығын білдіреді. Олардың ұлтқа сіңірген ұшан – теңіз еңбегі әрдайым ел есінде сақталады. Қазақтардың талай буыны қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заман орнатқан хан ретінде қадірлейтін Әз Тәуке биліктен кеткен соң халқымыздың береке-бірлігі әлсіреп, жүзге және руға бөлінушілік белең алды. Алайда, ағайының араздығынан, ынтымақтың аздығынан көп ұзамай хандық жүйе сырт күштердің әсерінен әлсірей бастады. Кезінде Аблайдың ел арасында тараған «Үш арманы бар еді. Бірінші – елімді бейбіт өмірге жеткізсем деп едім. Екіншісі – халқым қала, кент сала алмады. Үшінші – елдің басын біріктіре алмадым», - деген екен. Аблайдың кезіндегі мықты мемлекет орнату туралы армандары тәуелсіздік тұсында түгелдей орындалды.

1771 жылы үш жүздің өкілдері жиналып Абылайды бүкіл қазақтың ханы етіп сайлайды. Оның хан атағын Қытай императоры да, орыстың ақ патшасы да бекітеді. Ресей патшасы Екатерина II Абылайды хандыққа бекіту, әйтпесе, оған әлдебір нұсқаулар беру үшін оны талай рет Петербургке, не Орынборға арнайы шақыртады, алайда Абылай хан ол шақыртуларға: «Мені үш жүзге хан қылып халқым сайлады, ендеше бұған қоса айрықша бір куәлік алудың қажеті жоқ», - деп жауап берген. Шын мәнінде де Абылай ханның тұсында қазақ мемлекеті өзінің ішкі, сыртқы саясатын ешкімге жалтақтамай дербес жүргізді. Ол өз мемлекетінің дербестігін бәрінен де жоғары санады[2, 50-51 б].

Цин империясы Жоңғар мемлекетін қырып-жойып, жаулап алғанан кейін Абылай бірнеше елшілер жіберіп, Қытай мемлекетімен бейбіт саяси қатынас орнатуға тырысты. Қытай империясы бірнеше қайтара шапқыншылық жасап, қазақ жерін жаулап алмақшы болды. Абылай хан онымен бейбіт келісімге келіп, сауда–саттыққа жол ашып, оны Ресей империясына қарсы қолданған. Қытаймен бейбіт қарым–қатынасты өрбіте отырып, Абылай Ресеймен де қалыптасқан саяси және экономикалық қатынасты үзбеген. Ресей империясы қазақ жерінің шекарасына бекіністер, қамал–қалалар салып, оларды орыс казактарымен толық жайғастырып жатқанда және де Жайықтың, Ертістің тағы басқа өзендердің жағасына қазақтар малын жаюына тиім салу жөніндегі жарлықтарын шығарғанда Ресеймен жағдайды шиеленістіруге бармай, мәселені дипломатиялық жолмен шешуге тырысты. Ресей патшалығының отаршыл, басып алу саясатының құрбаны болу қаупі тұрғанын сезді.

Абылай кезінде қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайы жақсарды. Қазақ халқы бірлікке, тәуелсіздікке, бейбіт өмірге ұмтылды. Абылай сұлтан болған кезінде ақыл–айласымен, сабырлы салмақтылығымен маңайына Төле би, Айтеке би, Қазыбек би, Байдалы би, Сасық билерді, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Шапырашты Наурызбай т.б. батырларды, Бұхар жырау, Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау сияқты сыншы-жырауларды топтастыра білді. Абылай ел арасында аса зор беделге ие болған. Қазақ халқының басқа халықтармен терезесі тең дамуы үшін жан аямай арпалысқан хан. Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған Абылай деген ат тәуелсіздік, бостандық, бірлік, ерлік, азаматтық, мемлекеттік тәрізді ұғымдармен бірге айтылатын болды.

Ресей империясы қазақ жерін отарлауды қызу қолға алды. Оны іске асыру әр түрлі жолдармен жасалды, яғни әскери шеп бекіністер салу, қазақ жерін тартып алу, хандық билікті жою, рухани отарлауды алдынала жоспар бойынша іске асырды. Ресей патшалығы хандық жүйені жойғанан кейін, басқарудың ең төмен сатысы аудан көлемінде би, болыс қазақтардың үлесінде болды. Ал жоғары биліктің қызметін дала генералдары күшпен алып өз саясаттарын іске асыра бастады. Қазақстанды отарлаудың жаңа бағыты, жергілікті ұлт өкілдерін тілінен, дінінен, ділінен, тарихынан айырыла бастады. Данышпан Абай айтқандай, «Бас-басына би болған өңкей» елдің сиқын кетірді. Сол кезде бүкіл дүниежүзін жайлаған, «бөліп ал да, билей бер» деген отаршылдыққа негізделген сұрқия саясат Қазақ елін біржолата Ресей патшалығының отарына айналдырды. Бұдан кейінгі Қазан төңкерісі, Азамат соғысы, халқымыздың тең жартысын жалмаған отыз екінші жылғы ашаршылықта қазақ халқының азаттық аңсаған күшті рухы мен ұлттық келбетін жоғалтқан емес.

Ресейдің мұндай отаршылдық саясатына шыдамаған өткен ғасырдың басындағы қазақ зиялылары оған қарсы күреске шықты. «Көзінді аш, Оян қазақ, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты» елім, жерім деп арыстандай айбаттанып үн қатқан, «Қинамайды абақтыға жапқаны, қиын емес дарға асқаны, атқаны, маған ауыр осылардың бәрінен, өз ауылымның иттері үріп, қапқаны» – деп, елі үшін еңіреп өткен Алаш зиялылары Бұқар жырау мен Ақтамбердіден, Дулат пен Шортанбайдан, Махамбет пен Абайдан нәр алды.

Қазақстандағы кеңестік құрылыстың өте ауыр жағдайда жүруінің басты себептерінің бірі, оның артында орыс шовинизмінің тұруында болатын. Олар Қазақстан сияқты орталық қанаудан езілген аймақтарға көмектесудің орнына қайта жергілікті жерлердегі ұлт саясатын ушықтыруымен болды. Пролетариат диктатурасы деген ұранды алға тартқан олар қазақ жеріндегі жұмысшы табы негізінен европалықтардан болғандықтан, билік те солардың қолында болу керек деумен жергілікті ұлт өкілдерінен сауатты маман аз деп, қазақ ұлтының өкілдерін билік тарапына жібергісі келмеді. Ұлттық республикалардағы өздерінің «үйретуші» рөлін асыра бағалап, бұрынғы патша шенеуніктерінен асып түсті. Соның салдарынан ұлттық мәселеге қатысты партия нұсқаулары мен партия съезінің шешімдері орындалмаған күйінде, қағаз жүзінде қалып



жатты. Билік тармақтары мен әскери құрылымдардың негізгі тұтқалары (ОГПУ-дың төрағасы, партия комитетінің жауапты хатшысы, әскери округтың бастығы) солардың қолында болғандықтан, республика аумағындағы ұлттық нышандарға қатысты барлық әрекеттер бақылауға алынып, тікелей Москвадағы өз басқармаларына хабарланып отырылды. Әсіресе, Алаш қайраткерлерінің басқан ізі аңдулы болатын. Кеңес өкіметі оларға ресми түрде кешірім бергенімен де, олардың халық арасындағы ықпалы мен беделі кеңестік құрылыс жолындағы қазақ қайраткерлеріне әсер етеді деп қорықты[3].

Үлкен елдің саясаты қашанда империялық амбицияға ұрынбай қоймайды. Ал олардың өнері мен ғылымының жөні басқа екенін есте ұстаған дұрыс. Сондықтан үлкен елді саясат емес, өнері мен ғылымы үлкен етіп тұрады. Былайша айтқанда, үлкен елдің саясаты емес, өнері мен ғылымы үлкен кіші (басқа халықтарға) елдерге өнеге бола алады. Біз мәңгілік көршіміз Ресейдің (орыстың) мәдениетінен үлгі-өнеге алмай тұра алмаймыз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті сыртқы саясатында Ресей Федерациясы арасында қарым-қатынасқа айрықша маңыз беріледі. Бұл жөніндегі даланың данасы аталған, қазақ Абай өсиеті – мәңгілік өсиет. Бізді қалай да әлемдік биік шығармалар қызықтырса ғана, соларға жетуге ұмтылсақ қана алға басамыз. Ал өзімізді – өзіміз өкірте мақтай берсек кері кетеміз. Елбасымыздың «тарих толқынында» атты кітабында: «Алаш зиялылары... сол айтулы есімдердің білімдарлық һәм азаматтық тәлімдерінде кейде көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, бүгінгі қазақ зиялылары беруге тиіс. Бұлар – тарих толқынындағы мәдениетіміздің кіндік тұлғалары» деп жазылған[4, 156-159 б].

Алаш зиялыларын біз қаншалықты бағаласақ, ұлттың саяси тарихын да соншалықты бағалап, байыптай алғанымыз. Алаштың көріне бермейтін тұстары жетерлік оған себеб дұрыс ниет, насихаттың жетімсіздігі. Сол кезде Алаш Орда үкіметті мен Түркістан автономиясы жарияланбағанда, қазір біз Ресей Федерациясының құрамындағы Татарстан, башқұртстан сияқты автономиялық республика болатын ба едік. Алаш қайраткерлері Сталинмен, Ленинмен қайта-қайта келіссөз жүргізіп, шекарамызды анықтады, бүгінгі республиканың негізін қалыптастырды. Алаш зиялыларының дүрдараздығы белгілі бір пікірталас аясында ғана болды. Ал, ұлттық деңгейдегі келіспеушілік олардың арасында болған емес. Ұлттық ұйысудың негізі – Алашта жүйелі және айқын көрінеді[5].

Ресейлік империялық жүйе күйреп, оның орнына орнаған кеңестік билік жүйесінің халқымызға қарсы ойластырған және жүзеге асырған зұламат саясатын ерекшелеп қарасақ, Ф. Голощекиннің Қазақ елін басқаруға тағайындалуын әсте де кездейсоқ емес екендігіне көз жеткіземіз. Ф.Голощекиннің ұжымдастыруды жүргізу жылдары халықтың қолындағы күн-көріс малын тартып алуы, күштеп астық дайындау, күштеп ет дайындау, сынды әпербақан саясатынан туындаған халықтың наразылық көтерілісі жатты. Сталиннің атына жазған хаттарында «Орта Азиямен байланысқан контрреволюциялық және бандиттік көтерілістер» деп бұрмалап көрсетті және өзінің тарапынан жіберілген өрескел, қателіктерді қазақ қайраткерлеріне аударды. Оларға мынандай негізсіз айыптаулар тағылды: «Кеңес өкіметін құлатып, буржуазиялық ұлтшылдық автономия құру», «ұжымдастыруды жүргізуге кедергі жасау», «елде қолдан азықтүлік тапшылығын ұйымдастырып, аштық жасау», «бандылардың бас, көтеруін ұйымдастыру», «жастарды ұлтшыл Алашордашыл рухта тәрбиелеу т.б. айыптаулар болды[3.188].

Өкімет билігінің ескі құрылымы Қазақстанда бірден жойылған жоқ. Олар әуелі кеңестердің қарамағына өтіп, сосын аттарын өзгертіп, бірте-бірте кеңес қарауына алынды. Кеңестік билік тоталитарлық режимге айнала бастады, мемлекеттің бүкіл билігі көсем бастаған ат төбеліндей аз ғана топтың қолына өті, адамдардың құқығы мен бостандығы аяққа тапталып, күштеу, қорқыту, үрейлендіру, бұйыру тәсілдері арқылы адамдар рухани езгіге салынып жанышталады. Қоғамның барлық саласы түгел, оның ішінде әрі адамның жеке тіршілігі, отбасы бәрі бар, мемлекеттің “ашса- алақаныңда, жұмса - жұдырығыңда” болды. Адам- жүйенің кішкентай ғана бөлігі ретінде, саяси мәдениеті төмен, айтқанды істеп, айдағанға жүретін құлына айналады.

1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі елдің негізгі заңының мәтінін қарап – тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясын қабылдады. Жаңа Конституцияның ерекшелігі - оның Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастықтың ажырамас бөлігі деп жариялауы еді. Осылайша Қазақстан халықаралық нормалар мен демократиялық және құқықтық мемлекет құруға бағыт алғанын барша әлемге жария ету арқылы «Мәңгілік Ел» болуға негіз қалады.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың тағы бір негізі құқтық мемлекет қалыптастыру арқылы халық пен билік арасындағы сенімді нығайту. Халықтың билікке сенімі күшті болған сайын, қоғамды ортақ мұратқа жұмылдыру жеңіл болады. Халықтың билікке сенімсіздігін көрсететін бірден-бір фактор - сыбайлас жемқорлық. Жемқорлық қоғамды рухани тұрғыдан ірітіп, тәуелсіздікке қауіп төндіреді. Адамдардың ментальдық болмысын өзгертіп қоғамның барлық саласына өзінің жағымсыз әсерін тигізеді. Сондықтан да жемқорлық мінез-құлыққа қарсы күресті күшейту арқылы адал еңбекке негізделген іс-қимыл «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруға көмектеседі.

Бір сөзбен айтқанда, «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде қабылдау бүгінгі Қазақстан дамуының ішкі қажеттігінен, мемлекеттің тұтастығын сақтау идеясынан туындап отырғаны сөзсіз. Бұл идея тәуелсіз мемлекет алдында тұрған басты сұраққа жауап беріп, ұлттың болашақтағы дамуына жағымды әсер етуі тиіс. Сонымен бірге, ұлттық идея алдыңғы қатарлы құрылып жатқан зерттеу университеттердің даму жоспарларының негізгі бағыттарының бірі болуы керек. Міне, осы тұрғыдан келгенде, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Қазақстан халқын біріктіретін, елдің басты мақсатынан шығатын және соған толық жауап беретін идея.

Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттерге қарағанда адам құқысы туралы 40-тан астам халықаралық-құқықтық нормативтік актілерді мақұлдаған, оларды ратификациялаған. Бұл біздің мемлекетіміздің адам құқығын сыйлаудағы көп жетістіктерінің бірі[6, 9 -10 б].

Құқықтық мемлекет орнатудың негізгі бағыттары: - мемлекеттік биліктің үш саласының жұмысын жақсарту, әсіресе заңның, нормативтік актілердің сапасын көтеру; - нормативтік актілердің дұрыс пайдалануын, орындалуын қамтамасыз ету, халықтың рухани сана-сезімін, мәдениетін жақсартып, көтеру; - қоғамдағы қатынастарды дұрыс, жақсы реттеу бағытындағы мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың жұмысын жақсарту; - бостандықты, теңдікті, әділеттікті, демократияны дамыту; - заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтау. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша құқықтық мемлекет қалыптастырудың негізгі бағыттары демократиялық, зайырлы, мемлекет құру.

Қорыта келгенде, болашақ мамандарды қоғамымыздың кемелденуіне зор үлестерін қоса алатын, оның өркендеуін қамтамасыз ететін күш ретінде қарастыра отырып, оларды тәрбиелеуде ұлттық ар-ұждан, ұлттық намыс, елжандылық, жаңа қазақстандық патриотизм, құқық қағидаларына негізделу қажет. Сонымен қатар, ЖОО-да барлық курстарда оқытылатын әлеуметтік-гуманитарлық, саясаттану, құқық негіздері пәндердің мазмұндарын заманауи талаптарға сай ұлттық сана-сезімді ояту, ұлттық намысты күшейту сияқты идеялармен толықтыру болашақ маманның тұлғалық және кәсіби кемелденуін қамтамасыз етпек, қоғамға да ең басты керегі — елдің ертеңіне деген сенімі.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ханкелді Әбжанов, Зардыхан Қинаятұлы, Дихан Қамзабекұлы, Гүлшат Нұрымбетова, Абдулкадыр Ювалы.Түркі әлемінің көшбасшылары: өткені мен бүгіні. I кітап. Ұжымдық монография. Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011. - 456 бет. Источник: <https://e-history.kz/kz/contents/view/2416> © e-history.kz
2. <http://massaget.kz>
3. Д.И. Салқынбек Монография «Ыдырыс Мұстамбайұлы» Алматы 2013 ж. 50-51 бб.

4. Н.Ә. Назарбаев Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. -156-159 бб.
5. Д. Қамзабекұлы «Алаш арқауы» Егемен Қазақстан №1,. 1 қаңтар 2015 ж.
6. С.Н.Сабикенов «Хабаршы» Абай атындағы ҚазҰПУ «Елімізде конституциялық реформаны жүргізу Қазақстан қоғамының, мемлекеттің демократиялық дамуының негізгі жолы» Халықаралық өмір және саясат сериясы. №1(48), 2017 ж., 9-10 бб.

## **О дуально-антиномичной природе реальности в переходный период динамики научных теории**

*Сарымсаков Аманбек.*

кандидат философских наук, доцент

кафедры СГД Каз ИТУ

e-mail:sarymsakov\_amanbek@mail.ru

### Аннотация

*Мақалада «Рухани жаңғыру» жасампаздықтың белгісі мен өркениетке бастайтын ұлттық құндылықтардың орны туралы айтылады.*

### Annotation

The article mentions the "Spiritual Renaissance" as a sign of creativity and the place of national values that embark on civilizations.

Антиномия – это проблема в крайне заостренной форме столкновения противоречащих друг другу понятии, законов и теории об одном и том же объекте. Все они, т. е. противоречащие друг другу высказывания в антиномии, истинны; ибо сама отображаемая наукой реальность по природе дуалистичен (н.: корпускулярно – волновая природа всех элементарных частиц). Главная проблема любой науки – это поиск вариантов синтеза антиномичных противоположностей не нарушая принцип тождества.

Здесь возможно только три класса задач:

1. Антиномичные противоположности лежат в рациональном мире понятии, т.е. идеального;
2. Антиномии – противоположности самого материального бытия;
3. Антиномичные противоположности понимаются как соотношение идеальное и материальное.

В первом случае задача синтеза означает: найти то третье, которое отождествляет противоположности и представляет их как предельные, асимптотические состояния единого закона, теории. Например, как известно, в проблеме излучения черного тела закон

излучения Вина и закон излучения Релея-Джинса явно противоречат друг другу, но обе истинны. Макс Планк таким образом модифицировал эти формулы, чтобы для малых частот истинный закон излучения превратился в закон излучения Релея-Джинса, а для больших частот - в закон излучения Вина. Таким образом, закон излучения М.Планка есть результат синтеза противоположностей без нарушения формально-логического принципа тождества.

Во втором случае варианты синтеза антиномичных – противоположностей бесконечно разнообразны как сама бесконечная природа, порождая новые формы реальности. История теоретической физики показывает, что после многократных неудачных попыток редукционной исследовательской программы формально-логического избавления от противоположностей программа редукции заменяется программой синтеза противоположностей. Здесь реальность по истине должна пониматься как процесс взаимопорождения противоположностей.

Так, полевая программа выдвинутая в конце XIX века Дж.Дж.Томсоном и развитая Лорентцем, Абрагамом и Пуанкаре, что собственная энергия электрона(или его масса) полностью обусловлена энергией электромагнитного поля, связанного с электроном является редукционной программой сведения фермиона (электрона) к бозе (электромагнитному) полю. Аналогично в квантовой механике Э.Шредингер в 1926 году открыл волновое уравнение:

$$i\hbar \frac{d|\psi\rangle}{dt} = \hat{H}|\psi\rangle$$

В этом уравнении волновую функцию Шредингер стал понимать как реальные волны и попытался свести частицы, например электроны, к волновому пакету. Но оказалось, что волновой пакет расплывается со временем.

Научно исследовательская программа Гейзенберга, что все элементарные частицы надо понимать как различные модусы бытия единой физической субстанции является единственно истинной программой исследования в современной теории элементарных частиц. О природе этой единой физической субстанции Гейзенберг выдвинул идею, что все элементарные частицы лишь внешние проявления единого фундаментального спинорного поля материи, подчиняющегося нелинейному уравнению (1, 45). Но спинорное поле – это фермионное поле подчиняющееся статистике Ферми - Дирака. А бозоны подчиняются к противоположной статистике Бозе - Эйнштейна. Поэтому программа единого спинорного поля материи также является редукционной исследовательской программой.

Далее в теориях калибровочной симметрии доказывается, что противоположные фермионные и бозонные поля взаимодополнительны; и не сводимы друг к другу. Действительно, основная характеристика, описывающая физическую систему в квантовой механике, — волновая функция в уравнении Шрёдингера — есть величина комплексная. Однако, все наблюдаемые величины, в нашем мире должны быть вещественными. Квадрат модуля этой комплексной волновой функции есть вещественное число и имеет физический смысл вероятности процесса (М.Борн). В результате получается, что ничего в предсказаниях теории не изменится, если волновые функции умножаются на комплексное число, равное по модулю единице —  $e^{i\alpha}$ . (Сопряжённая функция умножается, соответственно, на сопряжённое комплексное число). Это вполне естественно: абсолютное значение фазы комплексного числа — вещь произвольная и не

должно влиять на предсказания теории. Таким образом, квантовая механика инвариантна относительно глобальных фазовых вращений, иначе называемых глобальными калибровочными преобразованиями. Однако, это уравнение относительно локальных калибровочных преобразований  $e^{i\alpha(\mathbf{x})}$  уже неинвариантно. Чтобы восстановить инвариантность необходимо *ввести дополнительное новое физическое поле- бозе поле*. В результате, при локальных фазовых вращениях преобразуются как волновые функции, так и новое поле, причём так, что изменения в уравнениях за счёт них компенсируют, «калибруют» друг друга. То есть квантовая механика с дополнительным новым полем стала калибровочно инвариантна. Итак, основная идея калибровочной симметрии – противоположные фермионные и бозонные поля дополнительные и не сводимы друг к другу.

Когда попытки редукции т.е. сведения одного к другому (и наоборот) не удалось появились суперсимметричные теории. Идея суперпространства появляется за счёт формально- логического, геометрического расширения обычного 4-мерного пространства. Суперпространство состоит из обычного 4-мерного пространства и набора антикоммутирующих переменных( типа спина). Суперполе – это функция заданная в каждой точке этого суперпространства. Каждое суперполе понимается как степенной ряд по спиновым переменным, который автоматический будет полиномом по спиновому переменному. То есть суперполе есть конечная совокупность рядоположенных, наличных фермионных и бозонных полей . При суперпреобразовании, когда, например, происходит сдвиг по оси антикоммутирующих переменных( спина) принцип инвариантности требует, чтобы у каждого фермиона и бозона были суперпартнёры . Суперсимметрия – это гипотетическая симметрия, связывающая бозоны и фермионы в природе. Абстрактное преобразование суперсимметрии связывает бозонное и фермионное квантовые поля, так что они могут превращаться друг в друга. Согласно теории суперсимметрии у всех элементарных частиц должны быть суперпартнёры: у фермионов- суперфермионы; у бозонов-супербозоны.

Как показал тщательный теоретический анализ, «если Вселенная включает принцип суперсимметрии, то каждой известной частице должна соответствовать еще не открытая частица-суперпартнер, спин которой на половину меньше, чем спин ее известного партнера. Так, партнер электрона должен иметь спин 0; эта гипотетическая частица получила название *сэлектрона* (сокращение от термина суперсимметричный электрон). То же самое справедливо и для других частиц вещества. Например, имеющие спин 0 гипотетические суперпартнеры нейтрино и кварков получили название *снейтрино* и *скварков*. Аналогично частицы, передающие взаимодействия, должны иметь суперпартнеров со спином 1/2. Для фотонов это будут *фотино*, для глюонов — *глюино*, для W-бозонов и Z -бозонов — *вино* и *зино*» (2,120). Электрон–это ферми частица, а его искомый суперпартнер *сэлектрон* должен быть бозоном. Фермионы и бозоны естественные взаимоположности; это уже видно из теории калибровочной симметрии. В суперсимметричных теориях происходит искусственное чисто математическое удвоение количества элементарных частиц.

В русле научно исследовательской программы Гейзенберга, что все элементарные частицы надо понимать как различные модусы бытия единой физической субстанции лежат и струнные теории элементарных частиц. Так, согласно струнных теории многообразие элементарных частиц сводятся к различным модам колебания струны. Но колебание струны есть вид движения, а движение является атрибутом материи (того, что движется ) , т.е. колебание струны есть движение некоторой гипотетической ещё неизвестной субстанции( вроде эфира). Этот «эфир» является носителем всех сил: гравитационных, электромагнитных, слабых и сильных. Так как все элементарные

частицы подразделяются на две взаимоположные, не сводимые друг к другу, класса элементарных частиц – фермионов и бозонов, то появляются фермионные струнные теории и бозонные струнные теории. Далее, конечно, естественно появляются суперсимметричные струнные теории. Это уже верный признак проявления антиномии Зенона в современной теории элементарных частиц. Поэтому можно понять мысль Р.Фейнмана, что он не верит в то, что теория струн является единственным средством для решения проблем, в частности, катастрофических бесконечностей, препятствующих гармоничному объединению гравитации и квантовой механики: «По моим ощущениям — хотя я могу и ошибаться — существует не один способ решения этой задачи. Я не думаю, что есть только один способ, которым мы можем избавиться от бесконечностей. Тот факт, что теория позволяет избавиться от бесконечностей, не является для меня достаточным основанием, чтобы поверить в ее уникальность» ( 2, 144)

Третий класс антиномии самая сложная. Ибо противоположности лежат в противоположных мирах: идеальном и материальном. Это фундаментальная проблема философии и естествознания о двойственности сознания и материи. Решение этой проблемы согласно принципу дополнительности противоположностей открыл Декарт предложив дуалистическую теорию субстанции: материи и мышления; согласно Декарту мышление не сводимо к материальным процессам; и наоборот, материальные процессы не являются мыслительными процессами, хотя между материей и мышлением есть соответствие, изначальная гармония. Решение Декарта усовершенствовал Спиноза представив мышление и материю как противоположные атрибуты единой субстанции— Природы (Бога).

С философии И.Г.Фихте начинается понимание синтеза противоположностей «духа и тела» как динамического процесса отождествления порождающего и порождаемого Я= Я (деятельность = объект). Главное Фихте понял, что мышление это не просто формально-логический процесс дедуцирования протекаемое по формуле  $A = A$ , а творческая деятельность Воображения, конструирования объекта. А сознание есть вторичная, рефлексивная деятельность торможения и фиксации продукта – объекта в понятиной форме. Далее Шеллинг введя категорию бессознательной деятельности порождения онтологизирует закон Я= Я как динамический эволюционный процесс порождения всего мироздания ( стрела времени). В истинной постановке проблемы эволюции и попытке их решения Кант и Шеллинг в естествознании опередили Дарвина, Больцмана( стрела времени), Маркса и современные эволюционные космологические теории.

Естественнонаучное решение этой проблемы повторяет исторические фазы решения этой проблемы в истории философии. Так, Р. Пенроуз отождествляет сознание с определенными микрофизическими процессами протекаемые в материальном мозге человека. Согласно Р. Пенроузу мышление – это не аналитически формально-логически вычислительный процесс, а невычислимый физический процесс, основанный на законах квантовой когерентности. Этот процесс идет спонтанно на квантовом уровне как квантовые вычисления, основанные на принципе суперпозиции операции (3, 132). Здесь мышление отождествляется с квантовыми процессами в микротрубках, которые появились раньше нервных клеток; ибо у одноклеточных организмов (инфузории, амёбы) у которых нет нервных систем есть микротрубки. Так, поверхность инфузории покрыта тонкими ворсинками, или ресничками, которые используются для плавания и состоят главным образом из маленьких трубчатых структур, называемых *микротрубками* (3,127). Микротрубка построена из своеобразного белкового вещества *тубулина*, способного существовать в двух конформациях (пространственных формах или состояниях), которые могут переходить друг в друга. Две различные конформации тубулина соответствуют просто дискретным значениям 0 и 1, в результате чего микротрубка в целом может вести себя подобно обычному цифровому компьютеру. Это редуцированная программа сведения

сознания к материальным процессам, т.е. под словом «сознание» Пенроуз понимает не сознание, а квантовые «нейрофизические процессы», и сознание оказывается «материальным».

Каждый нейрон может находиться в двух противоположных состояниях: пассивном и активном, т.е. ему соответствует дискретные значения 0 и 1, в результате чего мозг человека в целом ведет себя аналогично цифровому компьютеру. Идеальное (чувственные, пространственные образы, понятия, законы и т.д.) отображается в нейродинамических структурах мозга в виде соответствующего нейродинамического кода. Этот код индивидуален, уникален (у каждого своя). Но идеальное должно представлять внешний отображаемый объект, поэтому оно должно быть объективным. Мыслительный процесс идет только в сфере идеальном: в чувственно-образной форме воображения (Кант, Фихте) или в рациональной форме понятия (Декарт). Одновременно с мышлением идет параллельный ему нейрофизиологический процесс. Движение, поведение (реакция) сложноорганизованной материи с психикой – это результат взаимодействия как взаимопорождение противоположностей мышления и материи (духа и тела), а не действия сверхприродной реальности.

Индивидуальный мыслительный процесс всегда затрагивает три сферы: отображаемую объективную реальность (R), понятийную сферу мышления (M) и нервную систему познающего (НС). Задача науки отобразить объективную реальность (R) как процесс в логике понятия. Мышление и есть интеллектуальный процесс работы с понятиями, законами и теориями. Очевидно, что во время индивидуального мыслительного процесса параллельно идет физические и биохимические процессы в нервной системе познающего, но понятие, мышление представляет не НС, а отображаемую объективную реальность (R). Это хорошо понимал ещё Декарт постулируя две противоположные субстанции: мышление и протяженность.

Поэтому психология как наука вынуждена «исходить из того обстоятельства, что между индивидуальным сознанием и объективной реальностью находится такое «опосредствующее звено», как исторически сложившаяся культура, выступающая как предпосылка и условие индивидуальной психики. Это – и экономические, и правовые формы отношений между людьми, и сложившиеся формы быта, и формы языка и т.д. и т.п. Для индивидуальной психики (для сознания и воли индивида) эта культура непосредственно выступает как «система значений», «овеществленных» и противостоящих ему вполне предметно, как «непсихологическая», как внепсихологическая реальность» (4,205).

## Литература

- 1 В.Гейзенберг. Введение в единую полевою теорию элементарных частиц. М., 1968
- 2 Грин Брайан. Элегантная Вселенная. Суперструны, скрытые размерности и поиски окончательной теории: М., 2004.
- 3 Хокинг С. и др. Большое, малое и человеческий разум. СПб., 2008
- 4 Э.В.Ильенков. Диалектическая логика. М, 1974

## ӘЛЕУМЕТТАНУ ӘЛЕМІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ӨРКЕНИЕТТІ ЖАЛҒАУШЫ АЛТЫН КӨПІР

**Дани А.**

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің  
1-курс студенті

**Ғылыми жетекшісі:**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті,  
«Қазақстан тарихы және  
Қазақстан халықтарының мәдениеті»  
кафедрасының оқытушысы **Мынбаева Б.С.**

### Аннотация

В данной статье рассмотрены значимость и перспективы учебных пособий американских социологов переведенных в рамках реализации государственной программы «Новое гуманитарное образование. 100 новых учебников». Изучение материалов учебников способствует развитию национальной самобытности и интеграции в мировое сообщество.

### Annotation

This article examines the significance and perspectives of textbooks by American sociologists translated within the framework of the implementation of the state program “New humanitarian education of 100 new textbooks. The study of textbook materials contributes to the development of national identity and integration into the global community.

“Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.”

**Н.Ә. Назарбаев**

Мемлекеттің басты байлығы- халқы, ал халықтың байлығы -оның денсаулығы мен білімі. Иә, дәл осы қағиданы басты бағыт етіп ұстанатын мемлекетіміз даму сатысында денсаулық және білім саласын негізгі жолға қойып келеді. Заман талабына сай жылдар ағымында ғылыми техника, технология бағыттарына біршама қолдаулар көрсетіліп жатыр. Ал гуманитарлық бағыттағы ғылым салаларын дамыту, кең көлемде оқыту осы уақытқа дейін екінші реттегі дүние іспеттес қалып қоятыны бәрімізге белгілі. Тек таяуда жарыққа шыққан Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасында жоғарыда аталған ғылым саласына орасан зор көңіл бөлу көзделіп, қазіргі уақыттағы мемлекеттің басты міндеттері қатарынан орын табу үстінде.

Аталған жоба аясында алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік деген университет оқулықтары түрлі тілдерден қазақ тіліне аударылып, біздің студенттерге дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалмақ.

Бұл жұмыс үкіметтік емес және коммерциялық емес «Ұлттық аударма бюросы» деп аталатын қоғамдық қордың негізінде ұйымдастырылуда.

Аударылатын кітаптарды таңдау үшін еліміздегі барлық оқу орындарынан ұсыныс жиналып, жалпы саны 800-ден аса оқулық атауы келіп түсті. Жинақталған тізімдердің негізінде бірнеше рет басылған, соңғы басылымы кейінгі 3 жылда шыққан, мазмұндық



тұрғыдан бейтарап болуы қажет деген талаптарға сүйене отырып, 2017- жылға 18 оқулық таңдалды. Жоспарға сай, бұл оқу құралдары қазақ тіліне аударылып, ЖОО-на тегін жеткізілді. Жаңа оқулықтар 2018-2019 оқу жылынан бастап жоғары білім беру жүйесіне енеді.

Қазіргі уақытта келесі 30 кітаптың аударма жұмысы жалғасып жатыр. Іріктелген оқулықтарды қазақ тіліне аударуға Қазақстанның алдыңғы қатарлы оқу орындары мен 200-ден аса маман қатысуда. Мәтіндер бірнеше лек әдеби және ғылыми редакциядан өтуде.

Мұндай ауқымды ғылыми аударма жобасы Қазақстанда бұрын-соңды іске аспаған. 100 оқулықты аудару аясында Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы жоғары білім беру орындары, ғылыми орталықтар және оқулық шығаруға маманданған баспа ұйымдарымен тығыз әріптестік орнатпақ. Кең көлемді аударма жұмысы қазақ тілін халықаралық ғылыми лексикамен байыта түсуге, ғылыми терминологияны дамытуға, академиялық жазу стилін жетілдіруге, қазіргі ғылыми зерттеу және баяндау әдістерін игеруге зор мүмкіндік береді.

Бұл жобаны іске асыру бірқатар аса маңызды жүйелі мәселені шешуге жол ашады.

Біріншіден, гуманитарлық бағыт бойынша әлемнің 100 үздік оқулығы қазақ тіліне аударылады. Сол арқылы тілдің дамуына аса қажетті ғылыми мазмұн мен лексика дамиды.

Екіншіден, гуманитарлық салалар бойынша оқитын студенттердің заман талабына сай білім алуына жағдай жасалады. Біздің оқу орындарындағы мазмұн және академиялық талқы деңгейі әлемнің ілгері ғылыми орталықтарының деңгейіне шығады.

Үшіншіден, аса ауқымды аударма жобасы қазақстандық аударма мектебінің күшейіп, жетілуіне жағдай жасайды. Аудармашы мамандар, ғалымдар мен оқытушылардың жаңа негізде жұмыс істеуіне алғышарт болады.

Мен осы жоба негізінде алғашқы болып жарыққа шыққан 18 оқулықтың ішінен Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уэйтс, Сюзан Ортеганың қазақшаға аударылған «Әлеуметтану негіздері» оқулығын оқып, ағылшындық қоғам әлемімен танысып жатырмын. Жалпы оқулық Дэвид Бринкерхофтың көшбасшылығымен бастау алған американдық бір топ әлеуметтанушы ғалымдардың ықпалында дүниеге келген кітап. Алғашқы басылымы 1992-жылы South-Western College Pub баспаханасынан басылып шыққан. Жалпы оқулық өз кезеңінде 9 басылым көрген. Соңғы басылымы 2014-жылы қайта өңделіп жазылды. Бұл кітап әлемнің ең озық үлгіде білім беру жүйесін орнықтырған Оксфорд және Кембридж жоғарғы оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізіліп, негізгі оқу құралы ретінде қолданыста кеңінен таралған. Жаһандық таңдамалы 100 кітаптың ішіне енетін бұл оқулық жалпы қоғамдық өмір шындығын бұрамасыз, бүкпесіз айқын сипаттайды. Әлеуметтік ортаның жағымды оң тұстарын ғана емес, кейде тіпті жалған сөзбен жылы жауып қоятын жағымсыз солшыл тұстарын баяндайды.

Сонымен қатар, оқулықты қазақ тіліне аудару мақсатында Бөрібаева Ж., Амандосова М.И., Қалдыбаева Г.Ғ., Сеңгірбай М., Чен Г.А. сынды мамандар жұмыс жасады. Кітапты оқу барысында ағылшын тілінен тікелей ана тілімізге аударылған аударманы қарапайым оқырман ретінде жетік ұғына алдым. Бұл біздегі аударма саласының біршама жоғары дәрежедегі жетістігі деп түсіндім.

Бұл кітап екі түрлі ұстаным жүйесінің аясында жазылған.

Біріншіден; нақтылық, тепе-теңдік, сыни ойлау, түсініктілік және жаңа зерттеулерді пайдалану сияқты ұстанымдарды негізге алған.

Екіншіден: нәсіл, тап және гендер; ғаламдық проблемалар және Америка жастарының күнделікті тұрмыс-тіршілігі сияқты басты тақырыптарға көбірек көңіл бөлінген.

Нақтылық- бұл ұстаным оқулықтың бірден-бір негізгі сипаты деп ойлаймын. Неге, өйткені студенттердің бұл ғылым саласына қызығушылығын оятудың хас құралы. Ұсынылған шығарма яки кітап бір реттік оқып шығу кезінде тілге жеңіл, жеткізу мақсатында ықшамдылық қасиетін жоғалтып алса, оқырманның өзін және оның ынтасын

әлсіретеді. Теңгерім- бұл оқулықты жазу үрдісіндегі авторлардың басты мақсаты деген ой түйдім. Себебі оқулықтың жалпы мазмұнын алатын болсақ, кез-келген тақырыпта да үш түрлі көзқарас яки теориялар ұсынылады:

- \* Құрылымдық- функционализм теориясы
- \* Конфликт теориясы
- \* Символдық интеракционализм теориясы

Қорыта келе, 100 оқулықтың тек біреуімен танысып, шымылдығын жаңа ашқан менің өзім ағылшынның әлеуметтік әлеміне, яки, қоғамдық әл-ауқатына шолу жасап, танымдық деңгейімді біршама көтеруге мүмкіндік алдым. Әр тақырыпқа тоқтала отырып, жеке тұлға ретінде өзіндік ой-пікір қалыптастыра алдым. Оқулық арқылы ағылшын қоғамын қазақ қоғамымен салыстырып, әлеуметтік сипаттарын талдадым. Салыстыру барысында бір жағынан жалпы әлеуметтік саланың теориялары, заңдары, ортақ белгілері сынды ұқсастықтары белең алып жатса, екінші жағынан қазақи болмысымызға сай келмейтін кейбір фактілерге көз жеткіздім. Мәселен, «жыныс, гендер және жыныстық қатынас» тарауындағы тақырыптар американдық қоғамның қазақ қоғамынан жат екенін дәлелдейді. Әрине, бұл жағынан дұрыс яки бұрыс деп кесім айтуға менің ешқандай құқығым жоқ. Әр халықтың өзіне тән ұлттық болмысынан көрініс беретін мәдениеті мен ділдігі, салт-санасы қалыптасқан. Өзге ұлттық әлеумет үшін бұл мүмкін қалыптағы дүние шығар. Өз ойымды ашық айтар болсам, біз тарихта есімі алтын әріппен жазылған «ҚАЗАҚ» дейтін халықпыз һәм ұлтпыз. Ғасырлар ағымында өзіндік болмысымызды, мәдениетімізді орнықтырып үлгердік. Аллаға сансыз шүкір, бүгінгі жаһандық қоғам әлемінде дербес мемлекет ретінде өз орнымызды да белгіледік. Ендеше, өзгеге еліктеп көшірме болғанша, ұлттық болмысымызды сақтап һәм жаңғыртып бірегей тұлғалық қоғам болғанымыз жөн деп санаймын. Өз болмысынан айырылған ұлт тозады, тарихтан есімі өшеді. Бұл менің жеке ойым, көзқарасым.

Өз басым студент ретінде әлі біздің қоғамда аса дами қоймаған әлеуметтану саласын американдық «Әлеуметтану негіздері» оқулығы арқылы теориялық тұрғыдан да, практикалық мысалдар арқылы жеңіл әрі кең тұрғыда ұғындым. Өзге студенттер де менің ойыммен келіседі деп ойлаймын. Әлемдік қоғам ғылыми техникалық революция заманымен тұспа-тұс өркендеу үрдісінде, әрі сол заманның көшбасшыларының бірі АҚШ мемлекеті болса, дәл осы оқулық әлеуметтану әлемімен қоғамдық өрениетті жалғайтын алтын көпір іспеттес. Ендеше бізде сол өркениет көшіне ұлттық сана мен ділдікті жаңғырта отырып, аяқ басамыз деп сенемін!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бриикерхоф Д, Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, 9-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл, 29-бет, 30-бет, 254-бет
2. Майерс Д., Туенж Ж. Әлеуметтік психология, 12-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл, 54-бет, 43-бет

## БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Жұмәділ Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің

1-курс студенті

**Ғылыми жетекшісі:**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті,  
«Қазақстан тарихы және Қазақстан  
халықтарының мәдениеті» кафедрасының  
оқытушысы **Мынбаева Б.С.**

### Аннотация

В этой статье рассматривается новая глобальная реальность, исследование которой поможет рассмотреть задачи современной духовной модернизации, которые на сегодняшний день пытаются решить практически все страны мира.

### Annotation

This article discusses the new global reality, the study of which will help to address the challenges of modern spiritual modernization, which today almost all countries in the world are trying to solve.

«Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады»

Нұрсұлтан Назарбаев

Бәсекелестіктік қабілетті арттыру арқылы адам табысқа қол жеткізе алады.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы<sup>1</sup>.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның бәсекелестік қабілетімен тікелей байланысты. Сол себептен адам баласынан, тұтас ұлттан ХХІ ғасыр талаптарына сай болу талап етіледі. Заман көшіне ілесіп кете алған жағдайда басқалармен бәсекелесе аламыз.

Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес.

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Менің ойымша, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Сонымен қатар, қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені сақтау керек.

Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.

Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек. Сонда ғана жаңғырып, жаңарып алға нық қадамдар басамыз. Табысты болу үшін ең қажет басты фактор білім екенің түсіну керек. Біз секілді жастардың ең басты назар аударып мақсатқа жетер жолдағы межеде білім тұруы тиіс. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана жетістікке жетеді.

Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде кеңінен қолданылып жатқан ағылшын тілінің бізге де қажеттігі еш дәлелдеуді қажет етпейді деп ойлаймын. Мысалға алсақ, кейбір елдер ана тілдерін

сыйлайды, ал ағылшын тіліне баса назар аударып, зең қойып үйренуді қажетсінбейді. Енді бір жағынан қарар болсақ кейбір ұлттар жаппай 100 мыңдап ағылшын тіліне зең қойып, жапа тармағай үйреніп жатыр. Оларға мұның не керегі бар? Бұл- бәзбіреулердің әншейін қалауы немесе еріккеннің ермегі емес, жаһандық әлемге еркін еніп, шет елдермен тығыз байланыста қарым –қатынастар орнатуға талап етілетін басты шарт. Ағылшын тілін білу-сананың ашықтығы. Саның ашықтығының үш ерекшелігі бар:

Біріншіден, жер шарының өзіңе қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіншілік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологиясының ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу.

Үшіншіден, бұл- өзгелердің тәжерибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру. «Өзімдікі ғана таңсық, өзгеніуі-қаңсық» деген кертартпа пікірден бас тару керек. Басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу керек, бұл табыстың кілті, ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі<sup>iii</sup>.

Біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобалар қандай?

- 1) *Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру.*
- 2) *«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы.*
- 3) *«Туған жер» бағдарламасы.*
- 4) *«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы.*
- 5) *«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы.*
- 6) *«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы.*

#### **1) Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру.**

Латын әліпбиіне көшудің не қажеттілігі бар? Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

2) **«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы.** Бұл бағдарлама арқылы неге қол жеткіземіз? Студенттерге жаңа сапалық деңгейде білім беріледі. Яғни, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады.

#### **3) «Туған жер» бағдарламасы.**

Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды.

#### **4) «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы.**

Өз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Менің айтқым келгені еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіру болып тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді.

#### **5) «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы.**

Бұл жоба нені көздейді? Қазақстан мәдениеті шет елдерге таныту. Мәдениетімізді әлем халқына паш ететін жаңа дүние ойлап шығару керек. Тек кітап арқылы емес, мультимедиялық тәсілдермен де көркемдеу арқылы таныта білеуіміз керек.

#### **6) «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы.**

Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Қазақстандағы

«100 жаңа есім» жобасы- Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің өңірлерінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің елге пайдасыбар деп атқарылған қыруар жұмыстардың авторлары мен тарихы.

Қорытындылай келе, мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отырады. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, заман көшіне ілесуге барынша күш салғанымыз дұрыс. Иа, рухани жаңғыру бір күнде басталатын шаруа емес әсте. Алайда, екі дәуір түйіскен шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Бұл мүмкіндікті онынан пайдалана алғанымыз ұлттың жаңғырғаны деп түсінемін.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлытау төріндегі сұхбат. Егемен Қазақстан. 2014. 25 тамыз
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 16 сәуір

## **ЖАСТАРҒА ҮЛКЕН МҮМКІНДІК ЖҮКТЕУ – ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМА НЕГІЗІ**

**Зарқымова З.**  
ҚазИТУ 1 – курс  
Қаржы мамандығының студенті  
**Жоба жетекшісі:** ҚазИТУ доценті  
**Абдисулейменова Р.Ш.**

### **Аннотация**

В статье рассатривается послание президента РК Назарбаева Н.А., посвященной молодежной политике, ее претворению в жизнь.

### **Annotation**

The article examines the message of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev, dedicated to youth policy, its implementation.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Н.Ә. Назарбаев, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Ендігі, осы бағыттардың бірі – «Білімнің салтанат құруы». Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.» Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген Н. Ә. Назарбаевтың «**Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру**» атты мақаласы қазіргі таңда өз қолданысын тауып отыр. Оған дәлел – Қазақстан инженерлік – технологиялық университеті. Осы күнге дейін сапалы білім беріп, мыңдаған түлектерді жұмыспен қамтыған университет өз мүмкіндіктерін дамытуда. Жылдан жылға білім сапасын жақсартып, студенттер санын арттырған ҚАЗИТУ Қазақстан Республикасы университеттері рейтингінде елеулі позиция иеленіп отыр.

Аталмыш бағыттардың бірі – «Сананың ашықтығы». Елбасы мақаласында бұл бағыттың өзектілігін атап өтеді: «Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды. Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей. Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма? Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты. Бірақ, мәселе бұған да тіреліп тұрған жоқ. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана,

адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі. «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі. Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды. Көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті, бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады.»

Ағылшын тілі – халықаралық қатынас құралы, маңызы айтпай – ақ белгілі. Сондықтан да, еліміздің болашағы – жастардың ағылшын тілін меңгеруі Қазақстан Республикасының дамуына қосқан үлесі ретінде маңызы зор. Сондай-ақ, “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген салиқалы үндеуді елбасымыз жолдаған. Әр білім мекемесі шет тілін жоғары деңгейде үйретуі тиіс міндеті он жылдан астам уақыт бұрын жүктелген. Бұл тапсырманы Қазақстан инженерлік – технологиялық университеті жоғарғы деңгейде орындауда. Білім мекемесінің студенттері үшін кестеден тыс қосымша тіл үйрену сабақтары ұйымдастырылып, әр түрлі іс – шаралар өткізілуде. Тіпті, мамандықтарын өз бетімен шет тілінде меңгеріп жатқан студенттер бар. Мұндай тіл үйрену қарқынымен жастар болашақта жұмысын тиянақты орындап қоймай, халықаралық бәсекеге қабілетті, Қазақстан Республикасын халықаралық аренаға шығара алатын мамандар болады.

«Сананың ашықтығы» бағытына орай, ҚазИТУ мекемесінде «2 дипломды саясат» өткізілуде. Бұл бағдарлама студенттерге «академиялық мобильділікке» жол ашып, Қытай, Түркия, АҚШ сияқты дамыған мемлекеттерден білім алып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Жаһандану заманында дамыған елдердің жетістіктерін бойға сіңіріп, коммуникацияға ашық болу – табыс, қосымша білімнің қайнар көзі.

Елбасы келер 2019 жылды – «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынды: «Біз Қазақстанның болашағы саналатын жастарды қолдауымыз керек. Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау – мемлекеттік саясатының басымдылығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын». Осыған орай, көптеген жобалар ұсынылып, жүзеге асырылып отыр.

Солардың бірі: 2017 – 2020 жылды қамтитын «Жол картасы – 2020» негізінде ұйымдастырылған «Алматы жастары» жобасы. Жасы 35-тен аспайтын азаматтарды тұрғын үймен қамту бағдарламасы осы күнде сәтті орындалуда.

Сондай-ақ, «Жол картасы – 2020» аясында 2020 жылға дейін Алматы қаласында 12 жатақхана салу жоспарлануда. Соның бірі – Қазақстан инженерлік – технологиялық университетінің заманауи, барлық қажеттіліктермен қамтылған, жаңа жатақхана 2018 жылы студенттерге қолданысқа берілді. Жатақхана тұрғындары қазіргі таңда берілген мүмкіндіктерге риза болып, әкімшілікке алғысын білдіруде.

Қорытындылай келе, ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім

деп танымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

## **Рухани жаңғыру: бағдарламаны жүзеге асыру мәселелері**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті,  
«Қазақстан тарихы және Қазақстан  
халықтарының мәдениеті» кафедрасының  
оқытушысы **Мынбаева Б.С.**

### **Аннотация**

В статье рассатриваются вопросы молодежной политики, вопросы введения обучения на трех языках: казахском, русском и английском, открывающие большие перспективы для молодого поколения казахстанцев.

### **Annotation**

The article examines the issues of youth policy, the introduction of training in three languages: Kazakh, Russian and English, opening up great prospects for the younger generation of Kazakhstans.

Елбасы “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада жаһандық дамуға қадам басқан Қазақстанның басты мақсаты мен бағыты жайында айтылған. Қазақстанның басты мақсаты айқын, бағыты белгілі, ол – әлемдегі экономикасы ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу. Және Елбасының бұл мақаласы осы мақсатты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мақалада Қазақстанның экономикасын дамытудан бөлек біршама мәселелер қарастырылған. Онда ел Президентінің сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан айырылмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіре отырып елдің игілігіне жұмсау жолындағы мақсат-мүдделер туралы мәселе көтергені анық байқалады.

Аталған жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Осы жұмыстардың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімді екенін алға тартады ұлт көшбасшысы.

Біздің елімізде тәуелсіздік алғалы бірнеше ауқымды шаралар атқарылды. Атап айтқанда 2004 жылы “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында Қазақстан аумағында тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғырды.

2013 жылы “Халық-тарих толқынында” бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттар жүйелі түрде жиналып, зерттелді.

Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Елбасы еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қадам басатынымыз және бұхаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарасын “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” мақаласы арқылы ортаға салды. Мақалада ұлт көшбасшысы тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың алты бағытын атап көрсетті

1.Бәсекелік қабілет

2.Прогматизм



3. Ұлттық бірегейлікті сақтау
4. Білімнің салтанат құруы
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы
6. Сананың ашықтығы

Келесі кезекте әрбір бағытқа тоқталып өтсек. Рухани жаңғырудың алғашқы бағыты - бәсекелік қабілет. Бәсекелік қабілет дегеніміз- ұлттың экономикалық нарықта сапасы және бағасы жөнінен өзге мемлекеттерден ұтымды өнім ұсына алуы. Біз тек материалдық өнім ғана емес, басқа да салаларда бәсекеге қабілетті ел болу керекпіз. Ол білім, қызмет және сапалы еңбек ресурстары тағы басқа салалар.

Келешекте ұлттық экономиканың жоғарылауы мемлекеттің табысты болуы әрбір қазақстандыққа байланысты. Сондықтан әрбір қазақстандық ғасыр талабына сай компьютерлік сауатты, шет тілдерін терең меңгерген, саясатқа ерікті қатысушы болуы тиіс. Және бұл факторлар әркімнің ел экономикасын дамытуға, бәсекеге қабілетті ел болуға сөзсіз қажетті алғышарт болып табылады. Сол себепті “Үш тілде білім беру”, “Мәдени және конфессияаралық келісім” сияқты бағдарламалар – ұлтымызды ХХІ ғасырдың талаптарына сай етіп даярлау үшін жасалынған.

Сананы жаңғыртудың екінші бағыты – прагматизм. Прагматизмнің өзі нені білдіреді? Прагматизм – өзінің ұлттық және жеке байлығынды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағын жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлықпен кердендікке жол бермеу деген сөз.

Бір сәт төл тарихымызға ата-бабаларымыздың өмір жолына үңіле қарасақ прагматизмнің озық үлгісін көре аламыз. Өйткені халқымыз ғасырлар бойы атамекеніміздің табиғи байлықтарын көзінің қарашығындай сақтап қана қоймай оны үнемді, әрі орынды жұмсаған. Ұлттық сананы жаңғырту жолында ата-бабамыздан мирас болып қалған, қанымызға сіңген ізгі қасиеттер мен ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртуымыз қажет. Бұл құндылықтарға немқұрайлы қарар болсақ құрдымға кетеріміз даусыз.

Елбасы мақаласының келесі бағыты – Ұлттық бірегейлікті сақтау. Бұл Біртұтас ұлт болу үшін үлкен мақсаттар қоя отырып оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағыт. Біртұтас ұлт болып қалу үшін қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілі мен дінін, әдебиеті мен музыкасын, жалпы алғанда ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі сақтауға тиіспіз.

Елбасы осы бағытында барша қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені естен шығармау керек екендігін ескерте өткен:

Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.

Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кері тартпа тұстарынан бас тарту керек.

Мақаланың басты бағыттарының бірі – Білімнің салтанат құруы. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгелі білім саласында қыруар жұмыстар атқарылды. Елімізде көптеген соңғы үлгідегі мектептер, лицейлер, гимназиялар, колледждер мен жоғарғы оқу орындары салынды, ондағы білім деңгейі өте жоғары болуына үлкен жағдай жасалды. Білім жүйесі үлкен даму алдында тұрды. 1999 жылы 7 маусымда Қазақстан Республикасының “Білім беру туралы” заңы қабылданды. Бұл заңда жалпыға ортақ білім берудің үш сатысы бекітілді.

Білім жүйесін дамыту үшін біршама бағдарламалар іске асырылды, әлі де асырылып келеді. Солардың бірі әрі бірегейі - “Болашақ” бағдарламасы. Бұл бағдарлама өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында-ақ қабылданды. Осы бағдарлама арқылы еліміздің он мыңдаған дарынды жастары әлемнің маңдайалды университеттерінде білімдерін жетілдіре алды. Бұдан басқа бірнеше бағдарламалар халқты білімді, көзі ашық, біріңғай сауатты болуын қамтамасыз етуге жол ашты. Осы қағида әрбір адамның табысты болуына және елдің экономикасын дамытуға жол ашты.

“Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді”,- деп елбасымыз өзінің ойын түйіндеді.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы – рухани жаңғырудың келесі бағыты. Бәрімізге белгілі ХХ ғасырда бүкіл Еуразия құрлығын астан-кестең еткен революция болды. Яғни өткен ХХ ғасыр халқымыз үшін де қасіретке толы зұлмат ғасыр болды. Бұл революция нәтижесінде ұлтымызға демографиялық соққы жасалды, қазақ тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды.

Біздің кешегі тарихымыз – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуы тиіс. Эволюциялық даму жолында болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу өте маңызды.

Рухани жаңғырудың соңғы бағыты – Сананың ашықтығы. Ұлттық сана-сезімнің жаңғыруы көптеген проблемаларды шешуге мүмкіндік туындатады. Бұхаралық сананың ашық болуы дамыған мемлекеттермен саяси демократиялық байланысты еркін қалыптастыруға ықпал тигізеді. Көптеген халықтардың ана тілімен қатар ағылшын тілін үйреніп жатқаны біздің де бірыңғай тіл үйрену керек екенімізді дәлелдейді. Себебі ағылшын тілі – кәсіби байланыс құралы болып табылады.

Сананың ашықтығы, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін ойға сіңіру мүмкіндігі. Осы мүмкіндіктердің нағыз үлгісі ретінде Еуропадағы экономикасы жоғары дамыған бірнеше мемлекеттерде немесе Азиядағы екі ірі держава Жапония мен Қытайды айта аламыз. Біртұтас қазақ халқының санасының ашық болуы елімізді осындай мемлекеттер қатарында болуға жетелейді.

Сананың ашықтығы, бұл – ашық болу, басқа елдердің ең озық жетістіктерін қабылдай білу. Жаңа технологияның ағын алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу.

Мемлекетпен ұлт үнемі даму үстінде болуға тиіс. Өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болу керек. Заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Жаңғыруда тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Елбасы: ұлттық мәдениет болмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» - Егемен Қазақстан, 12.04.2017ж. 6-бет
2. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»- Егемен Қазақстан, 26.04.2017ж 4-бет

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»: САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ

Салқынбек Д.И.  
ҚазҰАУ-нің профессоры,  
Мынбева Б.С.  
ҚазҰАУ-нің оқытушысы

### Аннотация

В данной статье, в рамках программы «Духовная модернизация» анализируются актуальные вопросы качественного образования в высших учебных заведениях страны, а также воспитания чувства гордости и патриотизма у казахстанцев.

### Annotation

In this article, within the framework of the “Spiritual Modernization” program, current issues of high-quality education in higher educational institutions of the country are analyzed, as well as nurturing a sense of urban pride and patriotism among Kazakhstans.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында еліміздің алдына қойып отырған басты мақсаты әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына ену үшін саяси және экономикалық жаңғырумен бірге рухани жаңғыру бағдарламасын ұсынды. Елбасы кіріспе сөзінде: « **Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары, біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарасымды ортаға салуды жөн көрдім**», дей отырып, «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» деген тарауда жаңғырудың ең басты шарты – ретінде ұлттық кодты сақтай білу екенін баса көрсетіп, әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын ұсынды.

Содан бергі аралықта мақалада айқындалған басты тұжырымдар мен іске асыру үшін алдымызға қойған міндеттер еңбек ұжымдарында, жоғары оқу орындарында, жалпы миллиондаған қазақстандар арасында қызу талқыланды. Халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, диспуттар, пікір-сайыс кештері өткізіліп, әрбір қазақстандықтың рухани санасына жеткізілді және рухани сананы жаңғырту жөнінде Елбасы міндеттеген ауқымды шараларды іске асыру жолында халықтың ұсыныс – пікірлері ескеріліп іргелі жұмыстар атқарылды, алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстар жалғасын табатын болады.

Елбасы «Таяу жылдардағы міндеттер» атты еңбегінің екінші тарауында алдағы уақытта атқарылуға тиіс нақты алты жобаны ұсынды. Осы алты жобаны нақты іске асыру жолында бір жылдың ішінде, көз алдымызда қыруар шаралардың іске асырылғандығына барша қазақстандықтар куә болды.

Елбасы тапсырмасына сәйкес 2017 жылдың соңына дейін бүкіл халықтық талқылаудан кейін латын қарпіндегі қазақ әліпбиінің жобасы әзірленіп, үкіметке оған көшудің нақты кестесін жасау тапсырылған болса, 2018 жылы Елбасы латын графикасындағы қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасын бекітті.

«Туған жер», «Туған ел» бағдарламасы жасалып, осы бағдарлама бойынша «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу» жұмыстары жүргізіп келеді.

Елбасы атап көрсеткен «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен елордадағы ұлттық музейдің жанынан «Қасиетті Қазақстан»

ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Бұл ғылыми-зерттеу орталығының республика аумағында жүргізген жұмыстарының нәтижесінде 100 нысан жалпыұлттық деңгейлі, 500 нысан жергілікті маңызы бар қасиетті орындар қатарына енгізілді. Сонымен қатар, орталық 2017-2021 жылдар аралығын қамтитын бес томдық «Қазақстанның қасиетті жерлерінің энциклопедиясын» шығаруды қолға алды.

Елбасы мақаласындағы бесінші міндет «Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша ұлттық жетістіктерімізді әлемге таныту, көрсету, әлем тілдеріне аудару жұмыстары жүргізілуде.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын іске асыру жұмыстары бойынша республикамыздың тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, республика өмірінде ақылымен, дарынымен заманауи қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды анықтау, халықтың ұсынысы бойынша жүргізіліп, конкурстық негізде 2017 жылдың соңында, ол тұлғалар анықталып, арнайы президенттің қолынан марапат алды.

Елбасы мақаласындағы атап көрсетілген негізгі тұжырымдар мен міндеттерді студент жастардың санасына жеткізу, ол міндеттерді іске асыруға атсалысу жұмыстарынан республикамыздағы аграрлық университеттердің көш басшысы Қазақ ұлттық аграрлық университеті шет қалмады. Университет ректоры, академик Тілектес Исабайұлының бастамасымен республикамыздағы жоғары оқу орындарының ішінде алғашқы болып университетімізде «Рухани жаңғыру» әлеуметтік гуманитарлық зерттеулер орталығы ашылған еді. Оған басшылық жасауға Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының академигі, көрнекті тарихшы - ғалым Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы шақырылды. Орталық университетіміздің профессор-оқытушылары, докторанттары мен магистранттары және студенттері арасында рухани сананы жаңғырту жұмыстары, сондай-ақ жастарға тәлімдік-тәрбиелік жұмыстар мен гуманитарлық бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беру, жетекшілік ету саласында үлкен шараларды атқарып келеді.

Қазақ ұлттық аграрлық университетіндегі «Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті» кафедрасының студент жастар арасындағы негізгі жұмыстарының бірі тәрбие жұмысы екені белгілі. Оның үстіне Қазақстан тарихы пәнінің жастарды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеудегі орны мен рөлі айрықша болып табылады. Оқу жылының басында кафедра «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығымен бірлесе отырып, рухани жаңғыру бағытындағы жұмыстарды іске асыру үшін университеттегі факультеттер арасында атқарылатын жұмыстардың жоспар кестесін жасаған еді. Жоспар кестесі мақалада көрсетілген **әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың** алты бағыты бойынша және алдағы уақытта қолға алуға қажет болатын алты жоба бойынша жасалып, жастар алдында дәріс сабақтарын жүргізу, университет жатақханаларында, оқу ғимараттарында, ғылыми кітапхана залында дөңгелек үстелдер өткізу, республикамыздағы белгілі тұлғалардың жастармен кездесуін өткізу, республикалық деңгейде және факультеттер аралық пікір-сайыс жарыстарын ұйымдастыру, жастар арасында ғылыми-практикалық конференция өткізу түрінде «Рухани жаңғыру – жастар болашағының кепілі», «Рухани жаңғыру – жастар назарында», «Сокралды Алматы және ұлттық код», «Елбасы таңдауы, халықтың қалауы», «Рухани жаңғыру және мен», «Қазақстанның киелі жерлері» идеясы нені көздейді?», «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының мәнін түсіндіріңіз», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» және тағы да басқа тақырыптар төңірегінде кезең-кезеңмен оқу жылы ішінде іске асырылды. Кафедрамыздың «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығымен бірлескен жұмыс аясындағы сәтті жұмыстарының біріне қазақ және орыс тілдерінде студенттерге арналған «Рухани жаңғыру» атты оқу құралын жазып баспаға ұсынуы болды. Бұл оқу құралының Елбасы мақаласында айқындалған негізгі тұжырымдарды студенттердің терең меңгеруіне тигізетін көмегі мол деп ойлаймыз.

Кафедра ұжымының Елбасының бағдарламалық мақаласы аясында атқарып жатқан жұмыстардың тағы бір саласы студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту, олардың ғылыми

жұмыстарына жетекшілік ету, бағыт-бағдар беру. Осы тұрғыдан алғанда республикамыздағы жоғары оқу орындары арасында алғашқы болып, «Рухани жаңғыру» жастар әлеуеті және бағдарламаны жүзеге асыру мәселелері» атты тақырыпта Қазақстан инженерлік технологиялық университеті республикалық деңгейде өткізген ғылыми – практикалық конференцияға кафедра ұстаздарының жетекшілік етуімен университетіміздің он студенті Елбасы мақаласының негізгі идеялары мен құндылықтарына қатысты тақырыптарда баяндама жасап, өз біліктіліктерін шыңдап қайтты. Рухани жаңғыру аясында «Туран» университеті ұйымдастырған «Қазақстанның табысты дамуының айрықша жобасы – үш тұғырлы тіл» тақырыбындағы республикалық студенттер аралық ғылыми-практикалық конкурста кафедра оқытушылары жетекшілік еткен университетіміздің командасы өз шеберліктерін көрсетіп, үшінші орынды иемденді.

Мақала идеясын жастарға түсіндіру, насихаттау бағытындағы кафедра ұжымының жұмыстарының бір парасы, жастар арасында тағзымдық, тағылымдық және тәрбиелік жұмыстарды кеңінен жүргізу арқылы рухани құндылықтарды қалыптастыру, алдымызға қойған мақсатты, абыройлы, жұмыстарды ұтымды және тиімді пайдалану болды. Елбасы мақаласында: «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени – географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», - деп халқымыздың сан ғасырлық тарихында өзіндік айшықты орны бар тарихи киелі, қасиетті орындардың ерекше мәнге ие екендігіне және жас ұрпақ тәрбиесіндегі алар орнына айрықша маңыз беріп өтеді. Кафедра ұжымы Алматы қаласы бойынша «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті орындары» тізіміне енген бес нысан: Райымбек батыр кесенесі, «Боралдай сақ қорғаны» қорымы, қасиетті Вознесенск соборы, А.Байтұрсынов музей – үйі мен республика алаңына студенттермен бірге барып, рухани құндылықтарымызды ұлықтау жұмыстарын жүргізді. Қасиетті тарихи орындарды көрумен бірге, тарихи тұлғалардың ұлт мүддесі жолындағы атқарған қызметімен жете танысқан студенттеріміз тәлімдік–тәрбиелік мәні зор рухани сабақ алды деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың рухани-мәдени өміріміздің барлық саласына тың серпін берген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жарияланғанына бір жарым жылдай уақыт болып қалды. Көз ілеспес жылдамдықпен өтіп кеткен осы аз уақыт мерзім ішінде Елбасы жүзеге асыруға тапсырған ауқымды жобалардың бірі «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» болатын. Елбасы тапсырмасын іске асыру мақсатында «Ұлттық аударма бюросы» құрылып, әлемнің жетекші мемлекеттерінің жоғары оқу орындарында оқытылып жатқан гуманитарлық пәндерге қатысты оқулықтарды қазақ тіліне аудару жұмыстары қолға алынған еді. Нәтижелі жұмыс барысында қазіргі уақытқа дейін аударылып жарық көрген 18 кітап көпшілік назарына ұсынылды және баспасөз бетінде кеңінен талқылану үстінде.

Сапалы білімге қол жеткізу үшін, білікті ұстазбен бірге білімге ұмтылған шәкірттің де болуы қажет екені белгілі. Бірақ, сапалы білімге бұл екеуімен қатар, сапалы жазылған оқулықта ауадай қажет екенін естен шығармайық. Міне осы тұрғыда бұл ауқымды жобаның не үшін қолға алынып жатқандығына және маңыздылығына тоқталған Елбасы: «Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз», - деп баса көрсеткен еді.

Бүгінгі таңда, ауқымды жоба бойынша тиімді түрде іске асырылуға тиісті алдымызда тұрған екінші зор міндет, ана тілімізге аударылған оқулықтарды тиімді пайдалану арқылы гуманитарлық салалар бойынша оқытылатын пәндердің мазмұнын арттырып, студенттеріміздің сапалы білім алуына қол жеткізу болып отыр. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша аударылған оқулықтарды оқу процесіне енгізу 2018 – 2019 жылғы оқу жылынан басталды. Осы ізгілікті шараға орай, Қазақ ұлттық аграрлық университеті жанындығы «Рухани жаңғыру»

гуманитарлық зерттеулер орталығы мен «Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті» кафедрасы биылғы жылдың қыркүйек айында кафедрада оқытылатын «Философия», «Қоғамдық – саяси» пәндеріне қатысты Энтони Джон мен Патрик Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы, Антика философиясы (4 томдық, I том) және «Батыс философиясының жаңа тарихы, орта ғасыр» (4 томдық, II том), Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы», Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Деррилага дейін», Дэвид Бринкерхофтың «Әлеуметтану негіздері», Джорди Ритцердің «Әлеуметтану теориясы», Алан Барнардтың «Антрапология тарихы мен теориясы» атты оқулықтары бойынша университет ғалымдарының, пән оқытушыларының және университет студенттерінің қатысуымен апталық ғылыми семинар өткізді. Қай бастаманың болсын, алып – қосары болатын секілді педагог ғалымдардың, студенттердің ой пікірлері ортаға салынған ғылыми семинарда: Жоғары оқу орындарында оқу процесіне ендіріліп жатқан жаңа оқулықтарды саралау, оқыту сапасын арттыру жолында оқулықтардағы жаңашыл және әрі құнды ой – пікірлерді ұтымды пайдалану, оқу бағдарламаларына кіріктіру, біріздендіру жолдары, жастарымыздың осы оқулықтарды оқуға деген қызығушылығымен ынтасын арттыру, студенттерді жаңа оқулықтардың негізгі мазмұнымен таныстыру және түсіндіру жұмыстарына баса назар аударылды. Оқулықтарға қатысты пікірін білдірген ұстаздар тарапынан, оқулықтарда белгілі бір идеялық қайшылықтар немесе белгілі бір өзіндік қағиданы таңу, тықпалау сынды тұжырымдардың жоқтығы жөніндегі пікірлер де назардан тыс қалдырылмады және әлемдік классикалық оқулықтарды пайдаланумен бірге ұлттық құндылықтарды дәріптеу басты қағидаға айналуға тиіс деген бір ауызды тұжырым жасалды.

Биылғы оқу жылынан бастап кафедра ұжымы «100 жаңа оқулық» аясында аударылған оқулықтарды «Философия», «Қоғамдық – саяси» пәндер бойынша пәннің оқу-әдістемелік кешеніне енгізді. Дәріс, семинар, оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы, студенттің өзіндік жұмысы, пәннің бағдарламасы және тағы да басқа жұмыстардан тұратын пәннің оқу – әдістемелік кешенінің барлық тараулары мен бөлімдеріне осы аударылған жаңа кітаптардың жаңалықтары, тұшымды идеялары, озық жетістіктері, салыстырмалы талдаудан тұратын мысалдары енгізілді.

Алдағы уақыттағы кафедра ұжымының жұмысы жаңа оқулықтарды оқу үдерісіне енгізу, оқу бағдарламаларын өзгерту және оқытумен шектелмейді. Биылғы оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік жоспарларымыз бойынша осы жаңа оқулықтар негізінде студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту, жаңа дәрістер курсына жасау, видеодәрістер дайындау, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік құралдар шығару да күн тәртібінде тұрған мәселе болып табылады.

Өзіміз бүгінгі таңда жоғары оқу орнында ұстаздық қызмет атқарып жүргеннен кейін, бүгінгі тәуелсіз еліміздің студент жастарына қызыға да, тамсана да қараймыз. Гуманитарлық салалар бойынша әлемдегі ең таңдаулы оқулықтар ана тілімізге аударылды. Жастарымыз тікелей, бұл оқулықтарды өзінің ана тілінде оқуға қол жеткізді. Бізде, бұндай мүмкіндік болған жоқ. Өзіміз білім алған, өткен ғасырдың 80 жылдарының екінші жартысын еске түсірсек, біздің ойлау жүйеміз, алған біліміміз қасаң түрдегі марксизм-ленинизм қағидалары негізінен шыға алмады, шындығында шығарылмады. Елбасы мақаласында: «Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық», деумен таптық тар шеңберлі оқу жүйесінің осындай кемшілік тұстарын орынды дөп басып көрсетеді.

Екіншіден, ана тілімізге аударылған оқулықтар арқылы жастарымыздың сапалы білім алу көкжиегі кеңейіп, түсінік – танымы артады. Қазіргі уақытта оқыту бағдарламаларындағы жастардың сыни ойлау қабілетін арттыруға, гуманитарлық салалар бойынша туындап отырған көптеген мәселелерді өз бетімен ізденіп табудағы көмегі мол.

Сонымен, осы аударылған жаңа оқулықтарды оқу процесіне енгізу арқылы біз дүние жүзіндегі білім мен ғылымның жаңашыл мазмұнына қарай бір қадам алға бастық

деп айтуымызға болады. Сонымен қатар, мемлекетіміздің жастар саясатындағы басты ұстанымы, тәуелсіз елдің азат ойлы, рухы биік, жаңа буын ұрпағын қалыптастыру және тәрбиелеуде бұл жаңа оқулықтардың тигізер септігі мол деп есептейміз. Олай болса, ұстаздар қауымы мен білім нәріне сусындаған жастарымызға сәттілік тілейік!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Елбасы: ұлттық мәдениет болмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» - Егемен Қазақстан, 12.04.2017ж. 6-бет
2. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»- Егемен Қазақстан, 26.04.2017ж 4-бет

## ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМНІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙДЕ ДАМУЫ

**Заирова Г.**

Қазақ ұлттық Аграрлық университеті

1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі:

қауымдастырылған профессор

**Жұман С. Ә.**

### Аннотация

В статье рассматриваются вопросы воплощения политики государства о качественном образовании, о нравственном росте и духовном обогащении молодого поколения.

### Annotation

The article deals with the implementation of state policy on quality education, moral growth and spiritual enrichment of the younger generation.

«Ықылым заманнан бері қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақалының өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік –жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты тұжырымдамасымен толық таныстық. Осы тұжырымдамадағы 20 қадамда, тәуелсіз Қазақстанның 20 жылда жүріп өткен жолы, қазіргі жағдайда орын алып отырған кемшіліктері толық сараланыпты. Осы жолда бүкіл Қазақстан халқы өз мүмкіндігіне қарай мақсатты жүзеге асыруға атсалысса, бүгінгі қол жеткізгеннен де зор жетістіктерге жетер едік. Ата тарихтың шабысында «Кеше», «Бүгін», және «Ертең» деп аталатын үш ұлы бөлік болады. Олар бір-бірінен ажырағыссыз, бір мезгілде бөлек-бөлек, тағы бір мезетте біртұтас ғұмыр кешіп, тағылым мен танымның, парасат пен пайымның тұнығынан адамзат баласының шөлін қандырып отырады. Еліміздің Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдарына бүгінгі күннің биігіне көз салғанда, осы ұлы қағидат бірден көзге шалынады. Өткенге көз жүгіртсек, осыдан 27жыл бұрынғы Қазақстанды көз алдымызға елестетсек, ең алдымен аумалы-төкпелі экономика, саяси белгісіздік, сансыратқан тапшылық, жұмыссыздық есімізге түседі. Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев алғашқы күннен-ақ Қазақстанда білікті мамандар даярлау мен білім сапасын әлемдік стандарттарға сай

реформалау мәселесіне баса назар аударды. Тәуелсіздікті баянды етуде білімнің маңыздылығын жете түсінген Елбасы экономикалық және қаржылық қиындықтарға карамастан осы саалаға барынша қолдау көрсетті.

Білімсіз қоғамда прогресс, жаңа өрлеу мүмкін емес. Қазіргі заманда, яғни озық техника мен технологиялар дәуірінде білім мен ғылымсыз алға жылжу мүмкін емес. Сол себепті заман ағымына сай ұлттық болмысты, идеологияны, ұлттық сана-сезімді жаңа деңгейде өрбітуіміз керек. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусынауға зейін қоюда. Жастар өз күш-жігерлерін, білімдерін тәуелсіз елінің гүлденуіне жұмсамақ. Елбасы қайсыбіреулердің қатаң сынына ұшыраған «Тілдердің үштұғырлығы» бағдарламасын ұсынды. Мұндағы негізгі мақсат-үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түскен жаһандану, шекара талғамайтын экономика, қаржы және ақпарат ағымдары заманында еңбек ресурстарының бәсекелестігін арттыру мәселесі көзделген болатын. Басқаша айтқанда, мұнда мемлекеттік тіл – қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі – орыс тілін және халықаралық тіл – ағылшын тілін халықтың неғұрлым көп бөлігінің меңгеруіне бағытталады. Осы жерде ерекше назар аударатын нәрсе, мемлекет басшысының «тілдердің үштұғырлығы» идеясын бүкіл ұлттық идея деңгейіне көтеру қажет. Бұл қазіргі бәсекеге негізделген өмірлік қағидалардың өзі, яғни жас ұрпақ буыннан заман осыны талап етіп отыр. Білімнің негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет пен құрмет, қадір-қасиет жатыр.

2006 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие жіне көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», - деген еді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті Шәкір Ыбыраев әліпбиді латынмен ауыстырғанда біздің ұтатын жақтарымыз бен мынадай пункттерді атап көрсеткен болатын: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдістерін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіруге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңызды.

Ұлттық сана-сезімнің жаңа деңгейде дамуын - Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты мақаласында атап өткен латын әліпбиіне көшу мәселесімен байланыстыруға болады. Себебі латын қарібі ата-бабаларымыз қолданған жалпы түрік жазуы болып келген. Мәселен, 1929 жылы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарларлары Кеңесі Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі әліпбиін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Бұл жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. Елбасы 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан -2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап



латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керек» деп мәлімдеген болатын. Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз.

Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де жақындап қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарын қолға алуымыз керек. Осыған орай президент жарлығымен 2018 жылдың 14 қарашасында латын әліпбиімен республика бойынша барлық мекемелер мен білім ордаларында «жалпыұлттық диктант» болып өтті. Ал 2018 жылдың 19 ақпанында латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі жарияланған болатын.

Қазақ тіл білімі тарихында үш алфавит жүйесін басынан өткергенін білеміз. Олар: біріншіден – араб әліпбиі (1929 ж. дейін.), екінші – латын әліпбиі (1929-1940 жж.) үшіншіден – кириллицаға негізделген қазақ әліпбиі (1940 жылдардан бүгінге дейінгі қазіргі әліпбиіміз)

Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Қазіргі таңда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың латын әліпбиіне көшу саясатын қолдаймын. Себебі, біріншіден, латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық – тіл ауыспай, таңбаның ауысуы. Екіншіден, қарапайым тілмен жеткізсем, сөзді немесе дыбысты қалай естісек, жазылуын да солай жазамыз.

Көптеген ғалымдардың пікірін ескеретін болсам, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды. Қазіргі кезеңде білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны осы латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосады деген ойдамын. Оған дәлел, бастауын буыннан бастап тілдің үш тұғырлығының басымдығының бастау алуы.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көз – қорқақ, қол – батыр»,- деп дана халқымыз айтқандай, екі қолды сыбанып нақты нық қадаммен алға басайық!

## ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

**Құдайберген А.**

Қазақ ұлттық Аграрлық университеті

1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі:

қауымдастырылған профессор

**Жұман С. Ә.**

### Аннотация

В статье рассматриваются вопросы духовной модернизации сознания казахстанцев, перспективы и возможности социального, духовного и экономического роста и обогащения Казахстана.

### Annotation

The article deals with the issues of spiritual modernization of the consciousness of Kazakhstan, prospects and opportunities for social, spiritual and economic growth and enrichment of Kazakhstan.

Жалпы Елбасының Рухани жаңғыру атты саяси экономикалық жаңғыру бағдарламасы қазақ елінің тарихы, саясат қоғамына негізделеді. Бұл заманауи реформаның негізгі мақсаты: әр қазақстандықтың санасын жақсы жаққа бұру, яғни әр азаматты рухани дамыту. Рухани жаңғыру-болашаққа бағдар деп есептеледі, себебі бұл реформа елдің, мемлекеттің, халықтың даму деңгейі көтеріледі деген сенімде.

Рухани жаңғыру-революциялық емес, эволюциялық даму. Ол ішкі руханиятымыз арқылы сыртқы өзгерістерді дұрыс қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз болашақ мына біз жастарға дара жол көрсетті. Яғни рухани жаңғыру арқылы түрлі қиындықтан қалай өту керектігін айтып, бағыт-бағдар берді. Сондықтан да оңды-солды ауытқымай, елбасының меңзеп отырған бағыты арқылы белестерді бағындырып, биік шыңдарға шығуымыз керек. Менің ойымша, осы мақсат үшін мына нәрселерді естен шығармауымыз тиіс: үнемі бірлікте болу, Отанымыздың біреу әрі жалғыз екенін үнемі естен шығармау керек.

Рухани жаңғыру- саяси реформа әрі экономикалық жаңғыру, негізінен ең басты мақсаты- әлемдегі дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу. Әрине, осы мақсатымыз орындалу үшін экономикалық жаңғыруларды толықтауымыз қажет. Бізге белгілі рухани жаңғырудың жеті түрлі бағытын білеміз: ұлттық сана, бәсекелестік орта, ұлттық бірлестікті сақтау, білімділік, прагматизм, рухани жаңғыру-эволюцияның дамуы, сананың ашықтығы.

Менің түсінігім бойынша Рухани жаңғыру деген не?

Рухани жаңғыру деген сөз руханият сөзімен байланысты. Ал руханияттың өзі қоғаммен тығыз байланысы бар. Руханият ол-адамның дүние танымының кеңдігін, санасының жоғарылығын, әділеттілігі үшін белсенділігін көрсететін ішкі әлем, яғни мемлекеттің ішкі дамуы деп білемін. Жалпы осы жылы Қазақ елінің тәуелсіздігіне жиырма жеті жыл толады екен. Ширек жыл ғана өмір сүрген Қазақстан аз уақыт ішінде көптеген іс атқарды. Тәуелсіздік алған уақыттан бері салыстырсақ, халық саны бір миллионға артыпты. Ол кезде біз он алты миллион болсақ, қазір он сегізінші миллионға қадам басыппыз. Егер статистикаға сүйенсек тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттік бюджет 20,88 млрд АҚШ долларын құраса, ал қазір бұл бюджет 133,7 млрд АҚШ долларын құрапты. Міне, осындай қарапайым мысалдардан-ақ еліміздің дамып келе жатқанын байқаймыз. Бұл көрсеткіштерді болашақта одан әрі дамыту үшін әрине білімді ұрпақ керек. Ал ол білімді ұрпақ міндетті түрде саясаттан хабардар болуы керек. Жалпы, қазіргі таңда жастардың саяси белсенділігі айтарлықтай жоғары, оған мысал "Жас Отан" жастар партиясы. Бірақ, бір мәселе, ол жастардың басқа жақтарға, Отанынан жыраққа кетуінде.

Өйткені олардың айтуынша ол жақта өмір сүруге мүмкіндіктер өте көп екен. Осы жерде ойыма "патриотизм" ұғымы бірден түсті. Себебі, Отанын сүйген жан ғана оған адал қызмет ете алады. Отансүйгіштік бір жағынан адамға жақсы қасиеттермен қамтамасыз етеді.

Тағы да бір үлкен мәселе-жаһандану. Негізінен бұл глобализация бірнеше бөліктерден тұрады. Алғашқысы-менталды жаһандану. Бұл бөлікте: мәдениет, дін, идеология, дәстүрлер кіреді. Екіншісі-экономикалық. Кейінгісі-аумақтық жаһандану.

Жалпы мұны енгізгенде не өзгеріс болады? Пайдасы қандай? Зияны бар ма?

Егер шындыққа сүйенсек, жалпы әлемдік саясаттың біз сияқты дамушы мемлекеттерге зияны өте көп. *Біріншіден*, дамушы ел мен дамыған елдердің арасы күн санап артып береді. *Екіншіден*, жаһандануға кірген мемлекет индустриясы дамып кеткен мемлекеттің ережелеріне бағынуына тура келеді. *Үшіншіден*, глобализацияға кірген ел әзірге онша дамымаса да қатты дамыған елдермен бәсекеге түсуіне тура келеді. Осындай бірнеше мысалдардан кейін мұны зиян деп ойлап қалуға әбден болады. Бірақ әзірге қатарлас мемлекеттерден озып шығудың қиын да болса да, ең үздік тәсілі осы. Бұл да саясаттың бір түрі. Жалпы саясат Н.Ә.Назарбаевтың саясатындай болуы керек.

Мен бұл саясатты неліктен қолдаймын?

Себебі, ол саясат бейбіт өмір, әрі халықтың қажеттілігіне бағытталған. Бүгінде Қазақстан көптеген мемлекеттерге үлгі болып отыр. Мысалға ядролық қарудан бастартуымыз біраз мемлекеттерге жаңа бастама болып отыр.

Болашақты біздің Елбасымыз жоспарлап қойған. Оған дәлел ретінде, бізге әзірге белгілі "Қазақстан-2050" стратегиясы. Енді жалғыз Қазақстанды қоя тұрып, әлемдік мәселелерге көшсек, қазіргі таңда тепе-теңдік мүлдем сақталмайды. Мысал келтіре кетсем, Африканың көптеген мемлекеттері мүлдем кедейшілікте өмір сүріп жатыр, ал Оңтүстік Азияның біраз елдерінде соғыс жүріп жатыр. Еуропаның жартысынан көп бөлігі шалқып өмір сүруде. Жарайды, соғыс аяқталып қалар, бірақ кедейшіліктен құтылу оңай шаруа емес. Оны шешу үшін алдымен оның себептеріне көз жүгіртуіміз керек. 1914 жыл. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған уақыт. Көптеген халық қырылды. Көптеген мемлекеттер өз тәуелсіздігінен айырылып жатты. Сондай-ақ автономиялық елдердің барлық қазынасын державалар өздеріне алып қойды. Бұл көп себептің бірі ғана. Әңгіме тек қана материалдық қазына жөнінде емес, сондай-ақ рухани байлығынан айырылған халық қаншама. Бізде кезінде сол байлықтарымыздан айырылып қалуға шақ қалғанбыз. Енді ондай жағдай қайталанбас үшін, ұмытылған дәстүрлерімізді қайта жандандыру үшін рухани жаңғыру бағдарламасы қолға алынды. Бұл мақаланың өзінің үлкен екі бөлігі бар. Олар жиырма бірінші ғасырдағы ұлттық сана және таяу жылдардағы міндеттер.

Мұның барлығынан қандай қорытынды жасауға болады?

Жалпы бәсекелестік болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен ғылымы ғажайып түрде үйлескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, дамытып отыруға тиіспіз.

Ең бастысы-бағыт бағдарымыз анық, жолымыз жарқын.

## **«Рухани жаңғыру» идеясы және тарихи тұлға мәселесі»**

**Жұман С.Ә.**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті  
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

### **Аннотация**

В статье раскрываются вопросы о влиянии исторической личности на духовное богатство человека на примерах произведений Мухтара Ауэзова.

### **Annotation**

The article reveals the question of the influence of a historical person on the spiritual basis of a person using examples from the works of Mukhtar Auezov.

Ел басының ұлттық санаға байланысты прагматизм, Ұлттық бірегейлікті сақтау, бәсекеге қабілеттілік, сананың ашықтығы сынды мәселелермен бірге, рухани жаңғыру идеясы бір-бірімен ұштасып жатқан мәселелер. Әрине бұл мәселелер ұлт өркениетінің өлшемі осы өлшемдерді жас ұрпақ бойына сіңірудегі М.Әуезовтің қазақ драматургиясындағы орны ерекше. Әсіресе, оның тарихи тақырыпты игерудегі ізденісі мен көркем шеберлігі, авторлық тұжырымдамасы қазақ тарихи драмасын қалыптастырып дамытуда айрықша көркемдік биіктіктен көрінді. Оның осы саладағы көркем шығармашылық табыстары өзгелерге де үлгі-өнеге болып, әлем әдебиеті мен мәдениеті аясында тарихи тұлғаны көркем пайымдап ұғынуда қайталанбас дербес құбылыс ретінде әдебиет тарихында қалды. М.Әуезов өзінің көркем шығармаларында тарихи кезең мен тарихи тұлғаларды қанық бояумен көркем суреттеді. Ол өзінің шығармашылықпен

айналысқан тұсындағы саяси-идеологияның қыспағына қарамастан, қазақ ауыз әдебиеті дәстүрін суреткер-мұрагер ретінде жалғастыра отырып, оны шығармашылықпен барынша байыты. Әрбір тарихи кезеңнің басты сыр-сипатын өз бойына жинақтаған тарихи тұлғаларды неғұрлым шынайы көркем бейнеледі. Ол осындай ұлы мақсатқа батыл бара отырып, тарихтың қилы кезеңдер мен сол уақыттарда өмір сүрген тарихи тұлғаларды қазақ әдебиетінің жаңа жанрлары – роман-эпопеяда, драма, трагедия, комедияда, әдеби сценарий, либреттода жан-жақты ашып көрсете білді.

Қазіргі отандық әдебиеттануда көптеген мұрағат көздеріне қол жеткізе алудың арқасында бұрын саяси-идеологиялық себептерден тыйым салынған материалдар жарияланып жатыр. Рухани жаңару үрдісінде жаңа есімдер аталып, белгілі деректер жаңа көзқарас тұрғысынан қаралуда. М.Әуезовтің шығармашылығы қазір бұрынғыдан гөрі кеңінен танымал бола түсті. Соның арқасында ұлы жазушы шығармашылығының кейбір тұстары аян болды. «Хан Кене» трагедиясы осы деректің айқын дәлелі. Осы шығарма 1928 жылы жазылып, алты жылдан кейін ғана театр сахнасында қойылды. Қызу пікір-талас тудырған шығарманы сахнада қоюға тыйым салынды. «Хан Кене» басылым түрінде алғаш рет 1983 жылы жарық көрді. Кенесары Қасымұлының тұлғасы ХІХ ғасырдың 40-шы жылдар оқиғасын қамтиды. Бұл тұлға – қазақ тарих ғылымында ұзақ мерзім бойы көп дау туғызған тақырып болды. Оған әртүрлі баға берілді: бірінде Кенесары өзінің жеке басының қамын ойлап, хан билігін орнықтырғысы келген тұлға деп есептелсе, енді біреулерінде, ол – ұлт тәуелсіздігін аңсаған батыр деп саналды. Міне, осындай өткен ғасырдың өн бойында болған әдеби дау-дамай, ғылыми пікір-талас бізге шығарманы бүгінгі заман көзімен қайтадан қарап, тарихи-функционалды қырынан зерделеуге негіз болып отыр.

Жаңа әдебиетте М.Әуезовтің орны ерекше, себебі ол тағдыр-талайы қарама-қайшылыққа толы тарихи тұлғаның қоғамдағы орнын көркем бейнелеуге батыл кірісіп, тұлға, халық, дәуір арақатынасын және қазақ ұлтының шынайы тарихын түсінуге бір қадам жақындады. Оның шығармашылығындағы тарихи бейнелердің көркем жаңаруы дербес мінездемелер шегінен шығып,

«Хан Кене» трагедиясында Кенесары бейнесін сомдағанда автор ХІХ ғасырдың орта шеніндегі әлеуметтік және саяси жағдаяттарға сүйенген. Ол – қозғалысты халық қолдауының себебін зерттей келе, Кенесары мінезін, психологиясын терең зерделеген. М.Әуезовтің өзінің айтуынша, пьесаны жазбастан бұрын Орынбордан, Омбыдағы Сібір ведомствосынан, қырғыз-қазақ арасынан көп материал жинаған. Оның пікірінше, әрбір тарихи деректі әркім өзінше пайымдауы мүмкін, бірақ өзіндік тарихи тұжырымдамасы жоқ автор тарихи тақырыпқа шығарма жаза алмайды [1].

Кенесары бейнесінің авторлық тұжырымдамасында драма-тургтің туралығы жатыр. Турашылық – драманың тектік қасиеті. Міне, осы талап негізінде дерек пен қиял, шынайылық пен ойдан шығару үйлесім тауып, мінез бен іс-қимылдың нанымды шығуына мүмкіндік берген.

Кенесарының жеңілісін оның жеке мүдделері салдарымен, хан билігі мұрагерінің құқын сақтап қалуға қызу талпынысымен түсіндіруге болар еді, бірақ тартысты осылай түсіндіру шығарма мәнін тарылтып жіберері сөзсіз. М.Әуезов Кенесары тағдырынан оның жеке трагедиясын ғана емес, қоғамның тарихи дамуындағы түрлі үрдістердің қақтығысын көрген болатын.

Пьесаға трагедиялық сипат беретін бас кейіпкердің жеңілісі мен өлімі емес, оның іс-қимылдарының ширақтығы мен қоғамдық маңызы. Автор тұжырымдамасында Кенесары белгілі бір қоғамдық үрдісті іске асырушы, ол үрдіс – мемлекеттік дербестікке ұмтылу. Кенесары: «Киіз туырлықты қазақтың баласы! Сол бір қысылған шағыңда ер деп етегінен ұстағаның менің атам Абылай еді... енді халық дәме қылып мені сайласа, кеудемде шыбын жаным тұрғанда, ақ тілеуінді ақтармын-ақ! Жетпей жығылсам, көзің көрер. Жолыңда міне, басым, міне, жаным...» [2]. Міне, осы еркіндік идеясына шын берілу негізінде Кенесары халыққа жағымды көрінеді.

Суреткердің пікірінше, тарихи оқиғалар барысы жеке адамдардың еркіне тәуелді емес, олар күрделі әлеуметтік күштердің өзара әрекеттесуінен пайда болады. Трагедия кейіпкерлері сараланған қоғамдық күштер ретінде берілген. Бірақ құрылымның бір орталыққа бағынбауы, сюжет желісінің көптігі драмалық шығарманың тұтастығына нұқсан келтірмейді. Бейнелер жүйесінде әрбір кейіпкер өз орнында өз мінезіне сай әрекет ете отырып, трагедияның негізгі идеясына сәйкес іс-қимыл атқарады. Драма өнерінің қатал талабы – іс-қимыл бірлігі. Бұл – «Хан Кене» драмасында шебер орындалған. «Хан Кене» деген атауы арқылы проблематикасы ұшталған Кенесары қозғалысына арналған туындыда әлеуметтік-тарихи, мораль мәселелерінің көрініс табуы, алуан мінезді кейіпкерлердің берілуі пьеса мазмұнына қайшы келмейді. Тартыстың трагедиялық сипаты, жағдаят дағдарысы, мінездер қызбалылығы рухани-этикалық проблемалардың: жақсылық пен зұлымдық, адалдық пен арамдық, шындық пен өтірік, махаббат пен жеккөрушілік мәселелерінің туындауына алғышарт қызметін атқарды. Себебі, Кенесарының өмірі мен өлімі жеке адам тағдырынан жоғары қойылған. Тарихи тұлға ретінде оның көркем бейнесінің маңыздылығы – тағдырында ғасырдың елеулі сыр-сипаттары мен қарама-қайшылықтарының айқын көрінуінде жатыр. Міне, осы белгіден трагедия тартысының қоғамдық маңызы анықталып, ол өз кезегінде, суреткерге болмыстың «мәңгі» сұрақтарына авторлық жауап табуына мүмкіндік берді.

Елу жылға жуық Қасымұлы әулетінің өкілдері патшаның жаулап алушылық саясатына қарсы бұқара халықтың қарулы күресін басқарып, олардың өз жерлеріне деген құқын қорғады. Қозғалысты Кенесары басқарған кезең – ұзақ та өшпес күрестің маңызды бөлігі. Кенесары қырық бес жыл ғана өмір сүрді. Оның жиырма бесін өз ұлтының бостандығын шын пейілімен, ақ ниетімен қорғауға арнады. Тарихи және өмірлік шынайылықтың осы қисынында Кенесарының өлімі әрі шынайы, әрі заңды көрінеді. Не мұратқа жету, не өлім. «Мен сүйенер өмір, мен жұбанар үміт қалған жоқ... бұдан арғыны көргенше, алланың ақ бұйрықты ажалы келсін!» [3;368]. Өлімді күту рух мықтылығынан, бұл – саналы таңдау. Егер автор Кенесарыны қажыған, жеңілген түрде көрсетсе, жағдаят шынымен де қайғылы сипатта болар еді. Бірақ кейіпкердің жан күйзелісінің, ізденісінің мәні қандай болмақ? М.Әуезов Кенесары трагедиясын мақсаттың орындалмауымен ғана емес, ханды замандастарының түсінбеуімен, одан алыстауымен түсіндіреді. Оны түсінбеген тек оған әлеуметтік жағынан теңесетін, не теңеспейтін замандастары ғана емес, ол өмірден озғаннан кейін сол замандастарының ұрпақтары да түсінбей қойды.

Тарих ғылымында қазіргі кезеңге дейін осы мәселе өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Көп жағдайда Кенесары хандық билікті белсенді қорғаушы ретінде пайымдалды. Оның арманын аяққа таптағандар – билік пен ақша үшін онымен бәсеке-тартысқа түскен сұлтандар мен ру басшылары және оған жақын адамдар. Оған айқын айғақ – Кенесарының соңғы монологы: «Мені қара қайрат алған жоқ, кескілесіп қарсыласқан жауым да емес... сырттың күші жығатын болса, әлдеқашан жықпас па еді... бәрі де ала алған жоқ. Мені іштегі дерт жығып отыр. Менің жауым ... мұшам жетпеген жалғыз жауым... өңшең азғын арам бездер. Солар ала қылды, солар адастырды елді де... менің күйігім де ажалым да солардан» [4;368]. Осы сөздер жағдаят трагизмін шегіне дейін жеткізеді. «Бірақ мені жыққан сол жауыздар жұртты қоса жыққанын ұғар ма екен?! Ойлар ма екен?!», – деген жан айқайында автордың да үні естілгендей.

Кезінде трагедияның басты кейіпкері және кейіпкер туралы драматург тұжырымдамасы қатты сынға алынды. Өткенмен өшпес идеологиялық күрес жағдайында, рухани тамырларын қажетсінбеген жаңа қоғам кезінде туынды өткенді мадақтау, оны қорғау талпынысы деп қабылданды. Тарихи тұлғаның көркем бейнесі, мінез қарама-қайшылығын сенімді суреттеу, дәуір рухын түсіне білу, жағдаятты кейіпкер көзімен көру – міне, осының бәрі Кенесары туралы драматург пікірін негізгі және жалғыз білдіруші ретінде бағалауға мүмкіндік берді. Кенесарыға, оның мақсаттарына деген халықтың пікірін М.Әуезов ерекше көрсетеді. Бұқара халық ханына күдікпен қарайды. Бұл, бір жағынан, ХІХ ғасырдың тарихи шындығы болса, екінші жағынан, төңкерістен кейінгі

заманның идеологиялық әсері де болуы мүмкін. Ұлт мемлекеттілігі тарихында Абылайдың қызметі ешбір күдік туғызбаса, саяси дербестікке ұмтылған, Абылай жолын жал-ғастырған Қасымұлы әулетінің де әрекеті соншалықты анық болуы тиіс. Көп жылдарға созылған қызу пікір-таласқа қарамастан, тарихшылардың Кенесарыға және ол басқарған қозғалысқа қатысты көзқарасы айқындалды. Кенесары – ұлт тәуелсіздігіне бағыт алған саясатты жалғастырушы, мемлекет құрылымын бекітуге талпынған қайраткер. Ол – үш жүзді біріктіруді, қабілетті әскер құруды, жоға-ры билікті бекітуді мақсат еткен болатын. Бірақ идеологиялық ұстанымдарға сай хандар халық жауы деп жарияланып, олардың жағымды әрекеттері әрқашан жасырылып, бұрыс шешімдері мен теріс іс-әрекеттері асыра әсерлі беріліп отырды. Мұның өзі өз кезегінде өтпелі дәуірдің қоғамдық санасына күдік пен сенімсіздік туғызды. Бұл жай «Хан Кене» пьесасындағы халық өкілдері үнінен нақты білінеді. Міне, осылай тура (объективті) және субъективті сәттер тоғысында шығарманың тарихи-функционалды басымдылығы анықталып, Кенесары туралы шындықпен қатар «Хан Кененің» өз шындығынан тұратын көп қырлы ақиқат түсінілмей, қабылданбай қалды. Трагедиядағы Кенесары бейнесінің тұжырымдамасы автордың кеңес идеологиясы шындығын, тарихи дереккөздерге негізделген шындықты, пенде және тұлға Кенесары Қасымұлының шындығын – көп қырлы шынайылықты меңгеру талпынысына негізделген. М.Әуезов «Хан Кене» трагедиясының тарихы көрсетіп отырғандай, кеңес әдебиеттануында пьесаны, негізінен, көркем құрал-дармен жаңартылған өткен тарихтың үзінді сәттері ретінде қабылдау басымырақ еді. Кенесары тұлғасының нағыз шындығы – оның көркем бейнесіне идеологиялық баға берудің көлеңкесінде қалғандай болды. Суреткер ұстанымын анықтау мынадай мәселені талқылауға тірелді: басты кейіпкер кім – халық мүддесін қорғаушы ма, әлде қара басын ойлаған мансапқор ру басшысы ма? Ал шынайы көркем туындының өзектілігін анықтайтын, оны уақыт ағымынан тыс ұстайтын мүмкіндіктеріне мүлдем көңіл бөлінбеді.

«Хан Кенеде» тартысқа түрткі болған әлеуметтік, саяси, тарихи факторларға көркем талдау жасалған. Суреткердің тарихи ойының әлеуметтік ұстанымы хан әрекетінің сол уақыттың әлеуметтік-тарихи оқиғаларының драматизмі мен сыр-сипатымен тығыз байланысуына негіз бола алды. М.Әуезовтің дүниетанымының негіздері, тарихилығының ерекшеліктері, міне, осыдан байқалады. Шыншыл суреткер ретінде ол қоғам дамуындағы әлеуметтік және саяси факторлардың рөлін түсіне отырып, қоғамдық тартыстың қозғаушы күші деп белгілі бір идеялардың, қарама-қайшылықтардың, заңдылықтардың топтар, таптар талпынысы мен мақсаттары жолында тоғысып, қақтығысуын таныды. Сол себепті, хан пішіні трагедияда әлеуметтік-тарихи қисында көрініп, нақты бір қоғамдық идеяны жүзеге асырады.

Міне, осылай әлеуметтік және тарихи жағдайлар тарихилық пен шынайылық тұжырымдамасының мән-мазмұнын анықтайды. Бұл «Хан Кене» трагедиясындағы драматургтің шығармашыл әдісінің ерекшелігін сипаттайды. Пьеса бейнелері нақты тарихи дәуірге сәйкес қалыптасқан тарихи мінездер ретінде берілген.

«Хан Кене» кейіпкерлерінің көркем бейнелерінің тарихилығы мен шынайылығы әлеуметтік үрдісте көрсетілген. Көркем бейнелер белгілі бір қоғамдық қатынастарға түсіп, белгілі бір әлеуметтік тап мүддесін көздейді. Олардың мінез, құлық, ой ерекшеліктері осы жаймен түсіндіріледі. Мысалы, Кенесарының батыл шешім қабылдау қабілеті оны көрнекті қолбасшы ретінде көрсетеді.

Қорыта айтқанда М.Әуезов шығармаларының биік шыңы – «Абай жолы» роман-эпопеясы болса, «Хан Кене» трагедиясы – оның бүкіл шығармашылығының алтын арқауы. Себебі, ол осы шығармасынан бастап ұлт қамы мен мүддесі үшін өмірінің соңына дейін талмай қызмет етіп, халық жазушысы болудан бұрын ұлт жазушысы болып қалыптасты. Ол осы шығармасында елдік, ерлік, тәуелсіздік, тарих пен таным мәселелерін ұлттық мақсат-мүддеге сәйкес көтере отырып, оларды шебер тілмен, зерек оймен, сезімтал жүреппен, биік парасатпен көрсетіп, әлемдік тұлға деңгейіне көтерілді.

## Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Ауэзов М.О. За пролетарский интернационализм в казахской драматургии // Еще раз о «Хан Кене». – Казахстанская правда, 1934. 10 июля.
- 2 Әуезов М. Хан Кене // 20 т. шығ. жин., 14-том. – Алматы: Жазушы: 1983. –313-369 б.
- 3 Середя Н. Бунт киргизского султана Кенисары Касымова // Вестник Европы. Кн. VIII-IX, 1870.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖАСТАРҒА ЖАРҚЫН ЖОЛ

**Сейтбек Елдос**

Қазақ ұлттық Аграрлық университеті

1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі:

қауымдастырылған профессор

**Жұман Саят Әлдібайұлы**

### Аннотация

Перед нами меняется вся земля. Направление мира до сих пор неясно, началась новая эра. Если мы не потеряем наши стереотипы, которые полностью поглощены нашим восприятием и мировоззрением в постоянно меняющемся мире, мы не можем сравнивать наши окна с ведущими странами. Чтобы измениться, нам необходимо предпринять позитивные шаги и принять позитивные аспекты новой эры, адаптировавшись к временам.

### Annotation

The whole earth is changing before us. The direction of the world is still unclear, a new era has begun. Unless we lose our stereotypes, which are completely absorbed by our perception and worldview in an ever-changing world, we cannot compare our windows with leading countries. To change, we need to take positive steps and take positive aspects of the new era, adapting ourselves to the times.

Рухани жаңғыру – бұл адам сана сезімінің, сенімі мен сапасының, білімі мен өмір сүру тәсілінің көрсеткіші. Ал, жастардың рухани байлығы дегенде бірінші кезекте, олардың білімділігі, ана –тілін білуі мен мәдени деңгейі, дүниетанымдық ой-өрісі тұрады. Сондықтан да, Елбасының бағдарламалық мақаласы жастарға арналған деп ойлаймын. Өйткені, болашақ –жастардың қолында. Қоғамдық сананы жаңғыртудың басты басымдығы ұлтымыздың жахандық қоғамдастықта бәсекеге қабілетті болуы екендігі сөзсіз. Бұл ретте өзіміздің бірегейлігімізді, құндылықтарымыз бен дәстүрімізді сақтауға тиіспіз.

Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік”-деп Абылай хан айтқандай елбасымыздың «болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ісімізден санамыз озып жүру керектігі тайға таңба басқандай анық айтылған. Біздің ендігі мақсатымыз – тарихи ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаңарып жатқан жаңа дүниенің жағымды жақтарын бойымызға сіңіріп, дамыған 30 елдің қатарына ену.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында б бағытқа басымдық берілсе, соның бірі - білім беру жүйесін жаңаша жетілдіру. Осы орайда

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университетінде кең ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы бүкіл Қазақстандықтарға және жастарға арналған деп ойлаймын. Өйткені, «Біздің болашағымыз - жастардың қолында» - деп Елбасы келешек ұрпаққа, біздерге үлкен сенім артып отыр. Өйткені Қазақстан жастары – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегі. Жастардың озат ойлары мен кемел білімдері – елімізді биік шыңдардан көрсететін, тың мақсаттарға апаратын құдіретті күш.

Қоғамдық сананы жаңаша жаңғыртуда жоғарғы оқу орындарының білім беру және жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде алар орны ерекше. Осы орайда, табысты болудың ең басты факторы - білім екендігін әркім терең түсінуі керек. «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет» деп Елбасымыз айтқандай бүгінде білім іздеген жастарға қолдау көрсетілуде. Қазіргі кезеңде оқу орнындағы тәрбие жұмысын ұлттық, интеллектуалдық тұрғыдан жандандыру қолға алынуда. Қазақстандық он мыңдаған жас «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің маңдайалды университеттерінде оқып, білім алуда. «Серпін-2050» - жарқын болашақ жобасы да жастарға зор қолдау болып табылады. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды, әсіресе жастарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы болып табылады.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті 88 жылдық тарихы бар, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірі болып саналады. Университетімізде жылдар бойы елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін, білім беру мен ғылымды дамытуға лайықты үлес қосқан мамандар жұмыс істейді. Университеттің күшті ғылыми және білім беру инфрақұрылымы бар. Ғылыми-зерттеу институттары, зертханасы, инновациялық жылыжай, инновациялық орталық, қазақ-жапон және қазақ-корей инновациялық орталықтары бар. Университет базасында құрылған Фермерлердің жоғары мектебі еліміздің агроөнеркәсіптік кешендерінің шаруа қожалықтарының басшылары мен қызметкерлері үшін Экстеншн халықаралық моделі бойынша білім беру және консалтингтік қызмет көрсетіледі. Бүгінгі таңда университеттің студент-жастары арасында қомақты жұмыстар өткізілуде. Біздің үздік студенттеріміз республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларда жүлделі орындарды иеленуде. Оқу орнының спортсмен студенттері спорттан өткен халықаралық жарыстарда олимпиадалық медальдардың иегерлері мен жүлдегерлері атанып жүр. Мен де Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Гидротехника. Мелиорация және бизнес» факультетінің I курс студентімін.

#### **Біздің университеттің басты басымдылықтары:**

- Жоғары білімді де білікті мамандар даярлау және өз Отанымыздың патриоттарын тәрбиелеу;
- Ең беделді ауылшаруашылық мамандықтары бойынша мамандарды сапалы дайындау;
- Заманауи жабдықпен жабдықталған ғылыми зертханаларда практикалық жұмыстарды шыңдау;
- Экологиялық таза аймақтардың жобасын жасау;
- Ғылыми кітапхана қорын байыту болып табылады.

«Ел болам десең, бесігінді түзе» демекші, тілін, дінін туған жерін сүйе білетін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу үшін рухани жаңаруымыз керек, өзгеруіміз керек. Н.Назарбаевтың сөзімен айтсақ, «Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» демекші бірінші кезекте жастар буыны өзгеруге ұмтылуымыз қажет. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлы ғалымдарға «Ар- ұждан ілімін» әзірлеп, оны барлық білім беру ұйымдарына міндетті пән ретінде енгізу жөнінде ұсыныс айтқан. Бүгінгі таңда ұлы ақынның арманы жүзеге асты деуге болады, себебі, Қазақстанның барлық жалпы білім беретін мектептерінде өткізілетін өзін-өзі тану сабақтары- ар- ұждан сабақтары болып табылады. Мен де бұл қадамды қолдаймын.



Жастардың борышы – Президенттің бағдарламалық мақаласында Елбасы қойған міндеттерді түсіну және зерделеу екендігіне кәміл сенімдімін. Біздің еліміздің әлемнің ең дамыған елдерінің отыздығына табысты кіруі үшін, әрбір жас адам негізгі оқиғалардан, жаңа ағымдардан және технологиялық үрдістен хабардар болып отыру қажет. Қазіргі уақытта, Қазақстанның үшінші жаңғыруын қамтамасыз етуге қатысты тапсырмаға байланысты, елімізде білім саласындағы бәсекелестікке бейімделген сапалы деңгейдегі жаңа мамандарды дайындау қажеттілігі туындады.

Сөз соңында айтарым: Елбасымыз айтқандай: «Болашақтың негізі, білім ордаларының аудиторияларында қаланады» демекші студент жастарға барынша қолдау жасайық.

## **«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ЖӘНЕ МЕНІҢ ТУҒАН ЖЕРІМ»**

Сүйінова Гүлтәжі  
ҚазҰАУ-нің 1 курс студенті  
Ғылыми жетекші: Салқынбек Д.И  
профессор

### Аннотация

В статье обсуждается реализация идеи «Туган жер», подняты вопросы о любви к Родине в программе президента «Рухани жанғыру».

### Annotation

The article discusses the implementation of the idea of «Tugan Zher», raised questions about love for the motherland in the program of the President «Ruhani Zhangyru».

Рухани жаңғыру дегеніміз – адамзат баласының оның ішкі дүниесінің жаңаруы, сана-сезімі жаңа өзгерісті қабылдай білу сезімі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады. Соның ішінде, "Туған жер" бағдарламасының мәні ерекше. Бұл бағдарлама бойынша туған жерге деген сүйіспеншілік насихатталады. Туған жерге сүйіспеншілік туған тарихыңды тереңнен білуден басталады. Еліміздің әрбір тауы мен өзені, сайы мен қыры – тұнып тұрған тарих. Оған сай сол өлкеде халқына пана бола білген, ел есінде қалған біртуар перзенттер бар. Ал, олар жайында жас ұрпақтың білгені абзал. Сондықтан, білім беру саласында өлкетану жұмыстарын жүргізіп, тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру қажет. Ел Президенті ұсынған «Туған жер» бағдарламасының мәні – осында.

Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Мәселен, «Ауылым - әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл - мағынасы өте терең сөздер. Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы - шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер - әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де

жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу - шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», - деп түсіндірді Мемлекет басшысы,[1]. Елбасының пайымынша, бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүтірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті. «Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», - деп жазады Президент,[1]. Осы орайда екінші бағытта басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау жасау қамтылып отыр. «Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар. Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады», - дейді Елбасы Н. Назарбаев,[1].

Иә, әрбір азамат өзінің туып өскен жерін мақтан тұтады. Менің туған өлкем Шалқар өңірі — өзіндік тарихы бар байырғы мекен. Мен оның тарихымен, табиғатымен, ұлы тұлғаларымен, ұлы өнегесімен мақтан етемін. Сонау патшалық кезеңнен бүгінге дейін мал өсірген, еңбегімен күн көрген қазақ ауылы. Патшалық Ресей бұл өңірді Еуропа мен Азияның аралы ғындағы сауда-саттық, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қолайлы мекен көрді. Екі ортада қатынас орнату үшін теміржол салуды осы жерден бастауды ұйғарды. Мамандар 1870 жылдардан бастап зерттеулер жүргізіп, түрлі ұсыныстарды ескере келіп бір келісімге келген. Сөйтіп, 1902 жылы екі жақтан бір мезгілде Орынбор-Ташкент бағытында теміржол салына бастады. Шалқар бекеті 1905 жылы толық пайдалануға берілді. Паровоз деп осы іске қосылды. Теміржолдың салынуы на жергілікті халық қарсы болып, сол кезде болыс болған Мырзағұл Шманұлы оларға тоқтау салды. «Темір жол орыстікі болғанмен жер қазақ тікі, қызығын келешек ұрпақ көреді» деп ақыл берді. Біртіндеп темір жол бойында елді мекендер салына бастады. Теміржол құрылысына жер ауған саяси тұтқындармен бірге шалқарлық азаматтар қатысты. Саяси тұтқындар ауыл тұрғын да рының көзін ашты, оқытты. Кейіннен, сол қазақтар Уақытша үкімет құруға белсене араласып, Шалқар қаласы жергілікті революция орталығына айналды. 1917 жылы партия ұйымы құрылды. Уақытша үкімет құлағаннан кейін қалада «Қызыл гвардия» жасағы және жұмысшылар мен солдаттар Кеңесі құрылып, бұл ұйымды А.Мюльгаузин басқарды. 1917 жылы Ақтөбе станциясында өткен бірінші съезд жұмысына революционерлер И.Доценко, Ж.Мекебаевтар белсене қатысты. Бұларға құрмет ретінде Шалқар қаласында көше аттары берілген. Бұрынғы бауырластар зиратының орнына Данқ Мемориалы ашылды.

Шалқар қаласының қалыптасуына, өсуіне үлкен үлес қосқан бұл азаматтар тарихта өз іздерін қалдырды. «Локомотив жөндеу» депосы бүгінге дейін жұмысын жалғастырып жатыр. Депоға Ташкент теміржол институтын бітірген қазақ жастары келді. Алғаш рет

депо басқарған қазақ Әбдірахим Асанов, Бақтыбай Есқарин, машинис тер С.Мұсаев, Ә.Таңатов, С.Төлемісов, Х.Есбо сынов, К.Оспанов, Т.Жаниязов сынды жігіттермен қатар Ақли маш Ниязмағанбетова, Алуаш Дәрі баева және басқа қыздар жұмыс істеді. Осылайша қазақ жұмыс шыларының қатары қалыптасты. Қазіргі таңда Шалқар «Локомотив жөндеу депосы» америка лық «Дже не раль-Электрик» компаниясы ның 2ТЭ/ОМК сериялы тепловозда рына күрделі жөндеу жүргізуден бас тап барлық қызметтерді көрсетеді. Оның қуаты бір мезгілде 8 бірлік теп ловоз жөндеуге жетеді. «Бұл депо – Шалқар өңіріндегі бірден бір өнді ріс орны. Мұнда 400-ге жуық жұмыс шы бар. Тепловозға қажетті 56 түрлі бөлшектер жасалады» дейді депо бастығы Мырзабек Естеков. Облыс әкімі Б.Сапарбаев «Туған жерім – тұғырым» атты бастама көтер ген болатын. Шара аясында қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, «Үлкен Шалқар» көлін тазарту жұмыстары қолға алынды. Осынау тұста келешекте мен де Шалқар көлінің ауасы мен суын тазартуда, табиғатын көркейтуде үлкен үлесімді қосқым келеді. Еуропа мен Азияны жалғастырып жатқан теміржол торабы бойындағы Шалқар станциясынан 24 жолаушылар пойызы өтеді. Жақында ғана Шалқар – Бейнеу темір жолы салынды. Бұрын осы екі ортаға қатынасу үшін 16 сағат жүретін болса, қазір 8-9 сағат кетеді. Бұл да халықтың әл-ауқаты жақсарғанының көрінісі. Міне, Шалқардың өткен тарихы мен бүгінгі жағдайы осындай. Келешек ұрпақ көрсін, білсін деген ниеттемін. Тек ел бірлігі бекем болып, бейбіт өмір сүрсе туған жеріміз түлей беретіні анық. Ал туған жерді естен шығармай дамытуда үлкен себепші болатын "Туған жер" бағдарламасы. Батырлар мен ақындар бірі найзамен, бірі жырмен қорғап қалған ұлан байтақ даланың қазіргі иесі ретінде, әрбір Қазақстан азаматы өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқару керек. «Туған жер» бағдарламасының жаппай халық арасында үлкен күшке ие болуы, жастардың бойына патриоттық тәрбие ұялату үлкен міндет. Берілген тапсырманың үдесінен шығу ғана емес, оны бүгінгі күнмен өлшемей, ертеңгі ұрпаққа жету үшін еңбек ету – басты парыз.

Қорытындылай келсем, Шалқарда айтарлықтай бетке ұстар тұнып тұрған тарихы бар орындар мен киелі жерлер табылмауы мүмкін, сонда да мен осындай іргесі биік Шалқар қаласында туылғанымды мақтан тұтамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев.Н.Ә «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Егемен Қазақстан. 2017 жыл 21-сәуір

### **THREE LANGUAGES OF KAZAKHSTAN**

Zhazylbekov Rashid Zhumanovich,  
A Teacher of Humanitarian Discipline of KazUET

#### Аннотация

Как мы знаем, что мы не можем сравнивать наш мир с ведущими странами. Но чтобы измениться, нам необходимо предпринять позитивные шаги и принять позитивные аспекты новой эры, адаптировавшись к временам. И Казахстан должен быть признан культурно развитой страной, которая использует три языка по всему миру.

#### Түйіндеме

Біз білеміз, өз елімізді басқа елдерімен салыстыруға болмайды. Бірақ біз өзгеріп, жаңа позициондық аспектілерді қолдана отырып, жаңа пішінді аспектілерді енгізудеміз.

Қазақстанға бүкіл әлем бойынша үш тілде қолданылатын мәдени- асқақ ел болып табылуы керек.

"Kazakhstan should be recognized as a culturally developed country that uses the three languages around the world. These are: Kazakh which is the state language, Russian which is the language of interethnic communication and English which is the language of successful integration into the global economy"

N. A. Nazarbayev

The triangular language is not merely a beautiful concept or a new form of linguistic politics, it is a noble idea derived from vital necessities. After all, the countries that have opened their doors to the whole world and are implementing the "smart" economy are rapidly developing. The path to education and learning is to learn the languages dominated on the planet. In times of history, multilingual nations and nations have expanded their communication and integration capabilities. For example, in the ancient world of Egypt, multilingual specialists have been hierarchically advanced and often free from tax. Also in today's Europe, multilingualism is a common norm. That is, the trilingual language for Kazakhstan, which has become a leader in the CIS and Central Asia today, is the first step in the aspiration of the country for competitiveness. After all, Kazakhs, who speak and speak fluently in several languages, are competitive in their own country and abroad.

It is worth mentioning that in the context of multinational Kazakhstan, the national project "Triumphal Language" is a key factor in strengthening public consensus. However, priority is given to the development of basic three languages in our country - not to neglect the languages of other peoples. The diversity of cultures and languages is our national wealth. Since the early years of independence, the state pursued the most liberal language policy in the post-Soviet space, taking into account the interests of all peoples in Kazakhstan. It is evident that a representative of any ethnic group can voluntarily choose which language to study, speak and write.

### **Список литературы:**

1. Nursultan Nazarbayev: My Life, My Times and the Future Hardcover – March, 1999  
by [Nursultan Nazarbayev](#) (Author), [Peter J. Conradi](#) (Translator)

## **История тюркского народа в памятниках**

Ткачев Р.М.

студент 1 курса КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Тукенова Д.А.

студентка 1 курса КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Научный руководитель: Чатыбекова К. К.

профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Annotation

Mausoleums and ancient cities of Kazakhstan count in their history for many centuries. They are our pride and evidence that the history of our Motherland is more than eventful

## Түйіндеме

Қазақстан кесенелері мен ежелгі қалалары ғасырлар бойы өз тарихында саналады. Олар біздің Отанымыздың тарихының оқиғалардан гөрі мақтанышымыз бен дәлелдеріміз

Каждый человек, живущий в Казахстане, восхищается памятниками древности, но не каждый знает его историю. Так как человек-существо социальное, то все шаги известных людей, все их достижения были на слуху и записывались в хроники (книги). В Казахстане много памятников древности, по которым можно проследить историю развития и падения, как великих держав, так и великих людей. Некоторые из них не до конца исследованы, но сведения, которые нам известны, потрясают воображение своей как драматичностью, так и величиим.

На территории нашей родины находятся многие сооружения и знаменитые памятники. Мавзолеи так же являются уникальными архитектурными памятниками. Пожалуй, самым знаменитым является мавзолей Ходжа Ахмеда Яссави, расположенный в Туркестанской области в самом городе Туркестан. Пожалуй, что бы понять, почему ему построили мавзолей и причины его известности, следует окунуться в прошлое и узнать, что за человек был Х. А. Яссави.

Х.А.Яссави – великий поэт раннего средневековья, один из древних мистиков в тюркоязычном мире. Свой сборник стихов «Дивани хикмат» он написал на хакани-тюркском литературном языке. Х.А.Яссави на протяжении всей своей жизни пытался внушить людям, что алчность и жадность не является приоритетом, учил, на кого надо равняться и призывал людей быть более честными. Его стихи получили большую популярность и их распевали далеко за пределами Дешт-и Кыпчака. Х.А.Яссави был последователем пророка Мухаммеда, и, после того, как пророк умер, он стал добровольным пленником в одном из подземелий мечети. Спустя пару лет, в 1166-67г Яссави скончался и был захоронен с большой честью в маленьком мавзолей.

Мемориальный комплекс выглядит как большое прямоугольно-образное здание с порталами. Мавзолей так же имеет большой дверной проход и множество куполов. Дверь украшена резьбой по слоновой кости. У него один из самых больших кирпичных куполов в Азии. Теперь вы имеете представление о том, как выглядит это строение, и знаете его историю.

### **Мавзолей «Арыстан-баба».**

“По ученику и об учителе судят”

Имя Ходжа Ахмеда Яссави звучит в нашей жизни достаточно часто. Почти каждый казахстанец хоть раз слышал это имя, но редко кто задумывался об учителе и о том, кто наставил его на этот путь, о проповеднике Ислама, религиозном мистике, выдающемся поэте своего времени – Арыстан - бабе. Он являлся одним из первых духовных просветителей Ислама в Казахстане.

Учёные считают, что Арыстан Баб - это легендарная фигура казахской мифологии. После смерти Арыстан-баба, между г. Шымкентом и г.Отрар возвели мавзолей в его честь, который до сих пор является местом духовного просветления и центром народного достояния. Существует легенда, что при постройке мавзолея Ходжа Ахмета Яссави, все попытки возвести стены мавзолея потерпели неудачу. В момент стройки мавзолея рабочие постоянно откладывали строительство из-за сильной бури, которая сносила все, и тогда в сон к Тамерлану явился святой дух и сказал, что перед тем, как построить мавзолей на могиле Х.А.Яссави, сначала нужно построить мавзолей над могилой его учителя, Арыстан-баба. Теперь, когда паломники решают посетить мавзолей Яссави, они первым делом посещают мавзолей его учителя, Арыстан-баба.

К сожалению, первоначальный мавзолей дошел до нас только в частичном виде, а конкретно, сохранились пару резных деревянных колонн Айвана, созданных примерно в XIV-XV вв.

### **Городище «Баскамыр».**

В Карагандинской области Республики Казахстан, в Улытауском районе, в период позднего средневековья стояла великая и легендарная крепость «Баскамыр»

Крепость является ценной археологической находкой, которая включена в Государственный список памятников истории и культуры Казахстана. Город связан со строительной деятельностью древних кыпчаков, которые являлись важным народом в образовании казахского ханства. Баскамыр ежегодно привлекает к себе внимание ученых археологов, самый первый город исследовал археолог А. Маргулан, позднее — С. Жолдасбаев, Ж. Смаилов. Археологические экспедиции работали здесь в середине XX вв. Многие современные археологи утверждают, что «Баскамыр» ещё не открыл всех своих загадок и тайн, и также заявили, что раскопки необходимо продолжать.

13 апреля 1994 года в урочище Талдысай Улытауского района Карагандинской области был образован музей «Баскамыр».

### **Мавзолей «Тектурмас».**

Жамбылская область Казахстана хранит в себе много тайн и загадок, одна из них — это странное и беспокойное место-мавзолей «Тектурмас».

Мавзолей находится на правом берегу реки Талас с юго-восточной стороны города Тараза. Мавзолей является достопримечательностью данного города, считается, что в этом Мавзолее погребен Султан-Махмуд-хан и великий казахский батыр Мамбет, который прославился в борьбе с джунгарами. К сожалению, изначальная версия строения не дошла до наших дней. По официальным данным мавзолей был разрушен в 1935 году и восстановлен в 2001 году.

По мнению специалистов, в древности мавзолей «Тектурмас» служил потайным выходом из города в случае осады и неминуемого поражения. Так, во время осады города монгольскими завоевателями, глава и высший совет города смогли покинуть город, и тем самым, спасли мирных граждан от неминуемой гибели. В наше время данные проходы уже не пригодны для исследований и вход туда закрыт.

Хотелось бы поговорить о ценности данного мавзолея в наши дни. Комплекс мавзолея является одним из популярных мест паломничества для верующих и гостей этого города. Сюда, по традиции приезжают молодожены перед свадьбой, чтобы получить благословение перед богом.

Вспоминая историю Казахстана, нельзя так же не упомянуть такой памятник истории, как **комплекс «Акыртас»**, который является одним из знаменитых достопримечательностей Казахстана. Находится дворцовый комплекс в Жамбылской области, в 45 километрах от города Тараз. Дворцовый комплекс был построен приблизительно в 8-9 веке н.э.

Можно сказать что «Акыртас» — не до конца изученный, полный различных тайн средневековый комплекс. Даже не комплекс, а целый огромный дворец, четырехугольное монументальное сооружение, стены которого выложены из массивных каменных блоков красного песчаника. В этом величественном дворце было примерно 70 комнат и 15 колонных галерей. Если взяться за реставрацию комплекса «Акыртас», можно будет сравнивать его с такими сооружениями как Колизей и пирамидами Гизы.

Многие ученые считают э, что «Акыртас» снабжался водой через специальные водопроводные трубы. Вода поступала из родников ущелий Шошкалы и Узунбулак. Путь для воды лежал через многокилометровые глиняные трубы, длиной 50-60 см. и диаметром 20 см. Также севернее «Акыртаса» позже было построено еще пару водохранилищ, которые служили на орошение посевов.

П. Лерх однажды отметил, что «Акыртас» больше потом на буддийский храм, чем на мавзолей. Так же академик В.Бартольд был бсолютно солидарен с вышесказанным

коллегой, только он добавил, что комплекс более схож с несторианским храмом. Археолог Т. Басенов в своей записной книжке пометил «Акыртас», как основание недостроенного дворца правителя. Ученые считают, что «Акыртас» начали строить во второй половине VIII века, однако, по неизвестным причинам строительство было вынужденно прекратить.

Снова вспоминая историю, нам остается только гадать, откуда взялись те или иные сооружения, или пытаться строить теории, надеясь когда-нибудь приблизиться понять, для чего они строились. Будем надеяться, что в ближайшее время историки смогут открыть загадки и тайны, которые будоражат юные умы уже многие десятилетия.

Таким образом, можно сделать вывод, что в Казахстане много святых и исторически ценных мест. Ученые говорят, что история-основа всей нашей жизни. Ведь многие примеры ситуаций из прошлого происходят и в настоящее время, и, зная прошлое, можно избежать многих ошибок. Не стоит забывать свое прошлое ради будущего, ведь без прошлого будущее невозможно.

#### Литература

Казахская ССР: краткая энциклопедия / Гл. ред. Р. Н. Нургалиев. — Алма-Ата: Гл. ред. Казахской советской энциклопедии, 1991. Т.4:Язык. Литература. Фольклор. Искусство. Архитектура.

Маргулан А. Х., Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане. Археологические памятники Казахстана, А.-А., 1978;

Ахмед Яссави // Анкилоз — Банка. — М.: Большая российская энциклопедия, 2005. — С. 576. — (Большая российская энциклопедия: [в 35 т.] / гл. ред. Ю. С. Осипов ; 2004—2017, т. 2). — ISBN 5-85270-330-3.

Гордлевский В. А. Ходжа Ахмед Ясеви // Избранные сочинения. — М.: Издательство восточной литературы, 1962. — Т. III. — С. 361—368. — 588 с. — 1 450 экз.

## Қайраткер тұлға (Ы.Мұстамбайұлының 120 жылдығына орай)

*Сарбаева Ақнұр*

*ҚазҰАУ-ның 1 курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: Д.И.Салқынбек*

#### Аннотация

*В статье рассматривается общественно – политическая деятельность Ыдырыса Мустамбаева.*

#### Annotation

*The article discusses the social and political activities of Ydyrys Mustambayev.*

*Қазақ халқының тарихындағы аумалы-төкпелі кезеңдердің біріне XX ғасырдың 20-30 жылдары қалыптасқан Сталиндік әкімшіл-әміршіл тоталитарлық жүйенің зардабын тартқан шерлі тарихымыз жатады. Шын мәнісінде, халқымыздың жартысына жуығының қолдан жасалған аштықтың салдарынан қырғынғы ұшырауы және ұлт зиялыларының, партия, кеңестік қайраткерлердің айдалып атылуы халқымыздың ұлт ретінде өмір сүруіне ең қатты соққы болып тиді. Халқымыздың рухани өзегіне тараған оның улы уыты оның бойынын әлі күнге дейін тараған жоқ. Елбасымыз Н. Назарбаев өзінің: «Тарих толқынында» деген еңбегінде тоталитаризмнің ұлт ретінде дамуымызға*

тигізген зардаптары жөнінде: «Тоталитаризм ұлттық тарихтың қалың-қалың қабаттарына кереметтей бір зұлымдық әдісті қарсы қойды-ұлттық өткен тарихының біртұтас жанды тасқынын тап күресі дейтін мұқыл ұғыммен мылжалап тастады», -деумен қатар,оны одан әрі тереңінен тарқатып: «Тоталитарлық режим қазақ ұлты жөнінде таза экономикалық және таза таптық міндеттерден басқа ұлттық өсіп өнудің негіздерін тікелей қирату бағытын ұстады», -деп жазды[1].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін,халқымыздың тәуелсіздігі және ұлт мүддесі жолында күрескен қайраткерлердің өмір жолы мен қоғамдық саяси қызметіне мән беріліп,біршама зерттеу еңбектер жарық көрді.Еліміздің тарихында айрықша өзіндік із қалдырған қайраткер тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу келешек ұрпақ үшін аса қажет дүние болып табылады.

Солардың бірі өз ұлтына қызмет ету жолында әкімшіл-әміршіл тоталитарлық билік жүйесіне қаймықпай табанды қарсы күрескен,сол жолда қуғын-сүргіннің небір түрін басынан кешірген халқымыздың ардақты перзенттерінің бірі-қоғам және мемлекет қайраткерлері талантты әдебиетші,сыншы-публицист Ыдырыс Мұстамбайұлы болатын.

Алашшыл қоғам қайраткері- Ыдырыс Мұстамбайұлы 1898 жылы қазіргі Алаш қаласы Семей губерниясына қарасты Заречный-Слободкада дүниеге келді. Әкесінің аты Мұстамбай,тегі Жауғашов,анасының аты Қолан. Қазақ халқының отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күресі және өз жанұясының басындағы ауыр тұрмыстық жағдай жас Ыдырысты ерте есейтіп,жас кезінен бастап,отарлық езгінің қасіретін көріп өсті.

1924-1925 жылдар Қазақ халқының тарихында бөлішектенген Қазақ жерін біріктіру жылдары екені белгілі. Осыған орай ұлт мүддесін көздеген қайраткерлеріміздің алдында қат-қабат шаруалар тұрды. Міне, сол қайраткерлердің бірі- Ыдырыс Мұстамбайұлы өз ұлтының мүддесі үшін күресті.

Голощекиндік «лепірме» табыстарға жеткен Қазақстанның 1930 жылдары жағдайы қиындай түсті. «Шаш ал десе,бас алумен» жүргізіліп жатқан ұжымдастыру саясатының салдарынан елді жайлаған аштық халықтың қабырғасын қайыстырды. 1930 жылдары айыпталмаған қуғындалмаған кешегі Алаш қайраткерлерінің бірі де қалмады. Ол қуғын-сүргін нысанасының алдыңғы қатарында Ыдырыс Мұстамбайұлы тұрды.

1933 жылдың 18-ақпанында Ыдырыс Мұстамбайұлы «Қазақстанда Кеңес өкіметін құлату және КСРО-дан бөлініп кету мақсатындағы жоғарғы оқу орындары мен қызыл армия бөлімдерімен байланысқан контрреволюциялық ұйымды және топты құрды» деп айыпталды. Ыдырыс Мұстамұлының ісі бойынша жалпы 17 адам тұтқындалған[2]. Голощекиннің алдында тізесі дірілдеп,ұлт мүддесін қорғауда табансыздық танытқанын ашық мойындағандар да болды.Мұндай «ашық мойындаулардың» Қазақ халқына қарсы бағытталған Голощекиндік геноцидтік саясаттың зардабы өте ауыр болды.Мәселен, Қазақстан орталық атқару комитеті мен ҚАКСР Халық комиссарлары кеңесінің 1928 жылы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы» қаулыларын зерттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы жоғарғы кеңесінің төралқасы комиссиясының қортындылары мен ұсыныстары туралы қаулысында:Қазақстан Орталық атқару комитеті мен ҚАКСР Халық комиссарлары кеңесінің адамдары көп құрбандыққа және жаппай-саяси жазалауға ұшырытқан шешімдерінің қабылдануы мен орындалуына байланысты мән-жайларға түпкілікті баға беру жөнінде комиссия жасаған қортындылар мен ұсыныстар негізінен мақұлданған болатын.Қаулыда: «Қазақстан бұрын-соңды болып көрмеген әлеуметтік тәжірибе жүргізетін алып полигонға айналдырылды.Мұнда «артта қалған халықтардың капитализмге



соқпай, социализмге өту мүмкіндігі» туралы қатып қалған Маркстік жорамалды іске асыруға қылмысты әрекет жасалып, ол Қазақстан этностары тіршілігінің дәстүрлі жүйесін күйретіп тында және сайып келгенде, тарихтағы бұрын-соңды болып көрмеген апатқа әкеп соқты. Қасірет ауқымының галамат болғаны сонша, біз оны геноцид саясатының көрінісі деп толық моральдық жауапкершілікпен айта аламыз. Мұндай анықтама «геноцид қылмысынан сақтандыру және ондай қылмыс үшін жазалау туралы» халықаралық құқықтық қатаң нормаларынан туындайды», деп басы аша айтылған. Қаулыда келтірілген фактілер, шынында да, жаға ұстатарлық. Мысалы, 1928 жылы республикада ірі қара 6 миллион 509 мың болса, 1932 жылы 965 мыңы ғана қалған, уақ мал жөніндегі мәлімет одан да сорақы-18 миллион 566 мың қойдан 1932 жылы 1386 қой қалған... 1928 жылғы 1 миллион 42 мың түйеден 1932 жылы аман қалғаны 63 мың. Ашаршылық жылдары республика шегінен тыс жерлерге барлығы 1 миллион 130 мың адам көшкен, олардың 676 мыңы біржолата кеткен де 454 мыңы кейіннен Қазақстанға қайтып келген. Адам шығыны тіпті сұмдық: «Қазақ елі аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ өлім деңгейінің үнемі жоғары болуынан 2 миллион 200 мың адамынан яғни барлық қазақ халқының 49 процентінен айырылды» [3].

«Коммунистік отаршылдықтың» айқын түрде жүргізіп жатқанын әуелден-ақ аңғарып, ұлт мүддесі жолында оған қарсы табанды күрескер болуымен біздің тарихымыздың жарқын беттерінен ойып орын алатын өр кеуделі қайраткер тұлға Ыдырыс Мұстамбайұлы 1937 жылы 16 қарашада Алматы облыстық ОГПУ үштігінің «Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық террорлық көтеріліске және тыңшылық-диверсиялық ұйымға белсене қатысқаны үшін» деген жалғандықпен құрастырылған қаулысы негізінде ату жазасына кесілді.

Жазықсыз жапа шеккен Ы. Мұстамбайұлы 1959 жылы 9 мамырдағы Қазақ КСР Жоғарғы соты қылмыстық істер сот алқасының шешімі бойынша ісінде қылмыстың болмауына байланысты ақталған болатын.

2018 жылы қараша айында ұлт мүддесі жолында халқына қалтықсыз қызмет еткен қайраткер тұлғаның дүниеге келгеніне 120 жыл толады. Сондықтан Ыдырыс Мұстамбайұлының мерейтойына орай Семей қаласында қайраткер тұлғаның ескерткіші орнатылса, Семей, Орал, Петропавл қалаларында көше аттары берілсе, Алматы, Астана, Семей қалаларындағы мектептерге Ы. Мұстамбайұлының аты берілсе, Ы. Мұстамбайұлының 120 жылдығына орайластырылған ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылса, таңдаулы шығармалар жинағын шығару қолға алынса ардақты тұлғаның алдындағы тамшыдай да болса перзенттік парызымыздың бір бөлігін өтеген болар едік

. Халқымыздың ардақты перзенті Ыдырыс Мұстамбайұлы кемеліне келіп, саяси қайраткер ретінде нағыз толысқан шағында тоталитаризмнің құрбаны болды. Ұлттық құндылықтар жолында басын бәйгеге тіккен Ыдырыс Мұстамбайұлы сынды азаматтардың атқарған еңбегі бүгінгі ұрпақ үшін қашанда үлгі-өнеге.

Ұлттық РУХ, Ұлттық мүдде сынды қасиетті ұғымдар Ыдырыс Мұстамбайұлы секілді Алаш арыстарының рухымен жалғасып кейінгі ұрпаққа мәңгілік аманат болып, дәйім қала берсін.

### **Пайдаланылған деректер**

1. Назарбаев н.н. Тарих толқынында. Алматы, Атамұра. -1999. б.б. 226-227
2. Красный террор: Политическая история Казахстана. Составители: Койгелдиев М.К., Популях В.И., Тлеубаев Ш.Б. Алматы. с. 165-172
3. Абдрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. Астана: Елорда, 2001. бб. 53-54

## « Рухани жаңғыру: ұрпақтар сабақтастығы »

**Тлегенова Рита**  
ҚазҰАУ- 1 курс студенті  
**Ғылыми жетекшісі:**  
оқытушысы Мыңбаева Б.С.

### Аннотация

Идеи, предложенные в программе «Рухани жаңғыру» президентом нашей страны, исходят из современных трендов и актуальны не только для Казахстана, но и всего международного сообщества. Поэтому мы приняли решение презентовать программу на глобальном уровне. Эта презентация направлена на то, чтобы вынести казахстанскую модель на открытое обсуждение.

### Annotation

The ideas proposed by the President of our country in the program “Ruhani Zagyrу” come from modern trends and are relevant not only for Kazakhstan, but also for the entire international community. Therefore, we decided to present the program at the global level for open discussion.

Рухани жаңғыру бұл қазақ халқының жаңа қырларға шығуына мүмкіндік беретін бірде бір мүмкіндік деп білемін. Дамыған 30 елдің қатарына қосылуды алдына мақсат етіп қойған Қазақстан еліне бұл бағдарламаның жағымды тұстары көп! Рухани жаңғыру бағдарламасы негізінде латын қаріпі енгізіліп жатыр бұл да дамыған 30 елдің қатарына қосылудың алғы шарттарының бірі! Жағымды тұсы Қазақстан сөзі басқа елдерге де Kazakhstan емес Qazaqstan болып оқылуында деп ойлаймын, оның үстіне латын қаріпімен көп кітаптар шығатын болса басқа шет елдерге де түсінікті болады. Рухани жаңғыру мақсатында көптеген істер жүзеге асып жатыр қала көркейту дегендей сосын тарихты қазіргі ғасырмен байланыстыру жұмыстары іске асырып, ауылшаруашылығына да көңіл бөліп соны жамытуға мүмкіндік жасап отыр.

2017 жылы мамыр айында Астана қаласында Ақордада «Қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссияның екінші отырысы болды. Осы кезде араға бір ай салып, сарапшылар өңір-өңірден нақты ұсыныс жоспарлармен келген болатын.

Ұлттық сананы жаңғырту – алда тұрған басты міндет. Оған қоғам бір кісідей атсалыспақ. Мемлекеттік органдардың басшыларынан бастап ғылым, зиялы қауым мен азаматтық қоғам өкілдері. Рухани мұраларды жаңғыртудың игі сәті бұл. Оны әлемге паш ету тағы бар. Комиссия отырысында осы бағыттағы істелетін жұмыстар сүзгіден өтті. Жиынға сол кезде Президент Әкімшілігінің басшысы Әділбек Жақсыбеков төрағалық етті.

Елбасы мақаласында алты бағытты айқындап берді. Білім, прагматизм, бәкелестік қабілет пен ұлттық сананы жетілдіру бойынша өңір-өңірде жұмыстар басталып кеткен. Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының үкіметтік іс-шаралар жоспары әзірленіп, тиісті қаражат бөлінді. Мәдениет пен білім ордасына айналған Алматы рухани жаңғыруға ерекше серпім бермек ойда. Кәсіпкерлермен бірге 20 жобаны жүзеге асыруға кірісті. Мың жылдық тарихы бар шаһардың құндылықтарын түгендеп қана қоймай, оны түрткілі дүниеге танытсақ деген ниетті. Осы орайда биылдан бастап «Азия жұлдызы» жобасын өткізуді жоспарлап отыр. Мұндай игі бастамалар елдің барлық өңірлерінде жүзеге аспақ. Бұл жоба арқылы біз өзіміздің мәдениетімізді жалпы үлкен Азияға көрсететін боламыз. Соның үстіне «Этноланд» деген жобаны бастаймыз деп айтқан

болатын. Жалпы қала тұрғындары, аймақтардан келген азаматтар, шет елдерден келген қонақтар сол жерге барып Алматының 1000 жылдық тарихын көруге болады.

XX ғасыр басында қазақ халқының білім беру саласында үлкен бетбұрыстар болды. Ұлттық негіздегі төлтума оқулықтар, рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесіне арналған ғылыми еңбектер жарық көрді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұраларды жинақтау, оны бүгінгі ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесіне, салауаттылығын қалыптастыруға пайдалануда тәлімдік ой-пікірлерімен қазақ даласына із қалдырған Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов және т.б. еңбектері – ұрпақ саулығы үшін қам жеген қоғамдық мәселеге арналған мұраларының орны ерекше.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2003 жылдың 28 қарашасында Астана қаласында өткізген Ұлттық Кеңесте: «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен алатын заңды құбылыс. Мұның әр жағында қоғамдық сананың қалыптасуы, ұрпақ тәрбиесі сияқты үлкен міндеттер жатыр» - деген еді<sup>iii</sup>. Демек, жаһандану жағдайында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты қоғам талаптарына сай қалыптастыру оңай шаруа емес. Әсіресе, батыстық бағыттағы үлгіні ұстанған жас ұрпақтың бойына ұлттық сана қалыптастыру қиынның қиыны. Осы орайда, халқымыздың ғасырлар бойы жинақтап, уақыт тізгінінен өткен бай тәжірибелік қазынасын қолдану кезек күттірмейді. Ата-бабамыз салып кеткен сара жолды таңдап, өскелең ұрпақты салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызға сай тәрбиелесек, ұтарымыз мол. Ұлттық сана біздің идеологиямыздың және қазіргі қоғам дамуының негізі болып табылады. Оны іске асырудың жолдары: халықтар достастығын нығайту мақсатындағы жұмыстарды атқару, Отандық тарихты терең меңгеру, мемлекеттік тілді және ұлттық психологияны білу. Өкінішке орай, қазіргі кезде жастар маңызды азаматтық борыштарды орындауға жауапкершіліксіз қарап, рухсыздық пен әлеуметтік жетілмегендікті, өзгелерге келгенде шыдамсыздықты, тіпті агрессивті болып келеді. Олардың бойында білімге, еңбекке, рухани құндылықтарға, қоғам өміріне араласуға деген қызығушылықтар да аз байқалады. Жас ұрпақ арасында мұндай құбылыстарға жол беруге болмайды, өйткені бұл жағдайлар мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігіне қатер туғызады.

Елімізде саяси әлеуметтану жағдайында өскелең ұрпақтың рухани бейнесінің, саяси наным-сенімдері мен іс-әрекеттеріне жаңа талап қойылуда. Оның өзіндік талаптары да жоқ емес. Мәселен, еліміздегі саяси, әлеуметтік, экономикалық және рухани өзгерістерді жүзеге асыру жоғары білімді, білікті маман, елде болып жатқан жаңаруларды қолданыстағы жүйеге енгізуге саналы түрде қатысатын азаматтардың қолынан келеді. Өмірдің өзі жас ұрпақтың бойына саяси мәдениетті сіңіріп, саяси қарым-қатынастар жүйесіне бейімдеуге тырысады, олардың қоғам алдындағы белсенділігін жоғарылатады. Осыған байланысты мемлекетімізде жүргізіліп отырған әр түрлі реформалар мен қабылданған бағдарламалар әлемдік тәжірибеден туындап отыр. Сондықтан, қоғам талабына сай жас ұрпақ қалыптастыруда халық даналығының сабақтастығын үлгі етудің әр түрлі реформалар мен қабылданған бағдарламалар әлемдік тәжірибеден туындап отыр. Сондықтан, қоғам талабына сай жас ұрпақ қалыптастыруда халық даналығының сабақтастығын үлгі етудің әр түрлі шаралары ұйымдастырылуда. Ондағы мақсат Қазақстан халқының барлық әлеуметтік және ұлттық, діни топтарын мемлекетімізде жүргізіліп жатқан реформалар идеяларының төңірегіне біріктіру. Оның сыртында елі мен жерін қорғаған ата-бабамыздың ұлттық дүниетанымын, арман мұраттарын танып білу, өз тағдырының ел тағдырынан ажырағысыз екенін түсіну – Қазақстан халқының азаматтық қауымдастық сезімінің негізі жатыр. Ол жас ұрпақты ата-баба дәстүрі мен аға ұрпақ өнерін қастерлей білуге баулуға, олардың еліміз бен жерімізді қорғайтын азаматтар ретінде қалыптасуына, сондай-ақ олардың түйінді мәселелерді талқылап, тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні демекші, ұрпақтардың өзара достығы, олардың бір-біріне деген сый-құрметі, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуі – бұрыннан келген, қанымызға сіңген игі қасиеттерге байланысты болмақ. Осы орайда Л.Н.Гумилевтің «Түрлі жұрт бір кеңістікке сыйысып тұра алады» деген қағидасы шындық екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр<sup>iv</sup>.

Рухани жаңғыру дегеніміздің өзі адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білу дегенді білдіреді. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру» дәлел. Көне замандағы көрікті қалаларымыз, киелі орындарымыз, сән салтанатқа таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бәрі де айғақ болып табылады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Рухани жаңғыру бағдарламасы іске асыру шаралары»  
Егемен Қазақстан 26.05.2017 жыл 3-5 бет
2. «Рухани жаңғыру: ұрпақтар сабақтастығы»  
Егемен Қазақстан 01.03.2018 жыл 4-6 бет

## **Рухани жаңғыру – ұлттық сананы қалыптастырудың тарихи негізі**

#### **Аннотация**

В статье анализируется вопрос о духовной модернизации нации, о влиянии духовного наследия предков на будущее поколение.

#### **Annotation**

The article analyzes the issue of the spiritual modernization of the nation, the influence of the spiritual heritage of the ancestors on the future generation.

Елбасымыз жыл басында халыққа арналған жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялаған еді. 12 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көрді. Елбасының бағдарламалық мақаласы – бұл, ең әуелі ХХІ ғасырда шынайы өмірде ұлттық сананы айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық мақала. Оның мақсаты ойды жинақтау, өзінді өзгерту және өзгеріп отырған жағдайларға қарай бейімделе отырып, жаңа дәуірдің ұсынып отырған нәрселерінің ішінен ең жақсысын алу. Қазақстанның экономикалық және саяси жаңару үдерістерінен табысты өту үшін, мықты және жауапты адамдардан құралған біртұтас ұлт болып қалыптасу.

Сонымені бірге мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережесі түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Бірінші – ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттық дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек». Мақаласында Президент жалпы қоғамның және әрбір қазақстандақтың санасы жаңғырудың бірнеше бағыттарын бөлім көрсетеді. Жалпы Мақала кіріспеден, «ХХ ғасырдағы ұлттық сана туралы», «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екі негізгі тараудан және қорытындыдан тұрады.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының өзегі – ұлттық сана, ұлттық рух болып табылады. Елбасымыздың мақаласындағы «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық сана-сезім, ұлттық салт-дәстүр қоршауында сақтайтын негізгі рухани байлық. Ал сол ұлттық сананың негізі – тарихи таным, тарихи сана-сезім болып табылады. Тарих-тәрбиеші, ұлттық бағдаршамы, жол сілтеушісі. Бағдары жоқ ел де, оның азаматтары да тарих айдынында компассыз жүргендермен тең. Өз заманында Ә.Бөкейханов: «Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзіде жоғалуға бейім тұрады... Дүниеде өзге жұрттар қатарында қор болмайын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады» деп жазып қалдырған. Сондықтан да Ә.Бөкейханов бастаған Алаш азаматтары қазақ болмысын айқындайтын рухани құндылықтарға ерекше көңіл бөліп, ұлт тарихын, ұлттық сананы қалыптастыратын, бір ізге түсіретін істерге ерекше назар аударды. Алайда, Кеңес өкіметі ұсынған саясат Алаш азаматтарының бұл ойын жүзеге асыртпады. Өйткені, ол кездегі ұстаным бойынша, аз халықтардың мемлекет субъектісі ретінде өз тарихтары болмайды, ол тек үлкен тарихтың объектісі ретінде түсіндірілді. Кеңестік қоғам өткен тарихты жоққа шығарған, өзінің дәстүрлі мәдениетін, рухани адамгершілік құндылықтарын жол жиегіне лақтырып тастап, оларды «іргелі жақсы қоғамға қарай» жүру жолында мүлдем керексіз жүк ретінде ұмытып, жаңа қоғам құруға тырысқан тәрбиенің қасіретті тағылымын ұстанды. Ескіні жою арқылы жаңаны орнату идеясының өзі- бұл өзін-өзі күйретуге жеткізетін идея, өйткені жою бұл болашаққа апарар жолды әрқашан да жауып тастайды. Ш.Айтматов сипаттаған мәңгүрттік феномені кеңестік Қазақстанға тән құбылысқа айналғандығының терең мәні бар. Мәңгүрттіктен құтылу үшін өткеннің оң тәжірибесін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар келешек ұрпақты тәрбиелеуді тарихтың қайғылы тәлімдерінен де сабақ алу қажет. Осыған орай Елбасымыздың мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақс мен жаманның бәрін, яғни, болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдын анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп айтуы осы ойымызбен астасады.

Ал ұлттық рух дегенді М.Қозыбаевтың «өркениет және ұлт» Атты еңбегіне сүйеніп айтар болсақ: «Рух деген не? Рух-Ахмет Байтұрсынұвының анықтамасы бойынша, халықтың жаны. Аруақ, Шоқанның айтуы бойынша, ата-баба рухы. Рух-туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, түйіндеп айтқанда, Отанмен тағдырлас. Рух жан қара басын күйттемейді, ол ел. Отан, халық ұлт деп толғанады. «сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тауып, бар қалан», - деген девизбен өмір кешеді. «Жүртін ауырын нар көтереді, қазаның ауырын ел көтереді», - дейді халық, Оған мен қосар едім: «Отанның ауыр ісін рухы мықты ердің ері көтереді». Рухты ердің алды-жарық, рухты елдің еңсесі-биік, есесі мол. Сондықтан, қазақ ұлының рухты болғанын, қызының қылықты болғанын тілейді. Ұлы рухты болса – сүйікті, қызы қылықты болса- бақытты. рухты жан – Азамат – Адам, рухсызы-тұғырсыз – надан»

Шынында да, ұлттық мәдениет коды мақалада айтылғандай діл, жады, тіл, діни болмыс. Осы бірегейлікті сақтағанда ғана біз алдыңғы қатарлы елдер сапына қосыламыз.

Мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқының дәстүрлі түрде мынадай рухани құндылықтар тән:

- 1.<<Жеті ата>>,<<Тегі>>- немесе бабаларымызды ардақ тұту,
- 2.<<Тіл>> – тіл мен мәдениет,
- 3.<<Жер>> – туған жер,
- 4.<<Ел>> – мемлекет-ұлт.

Ұлттық салт-дәстүріміз,тіліміз бен музыкамыз,әдебиетіміз жоралғыларымыз бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс деген жан жақты айтылған ойды жақсы біліп,оны ойға да,бойға да сіңіру керек.Міне,осы бір мақаладағы келелі сөздер біздің ұлтымыздың бірегейлікті сақтау әдісі,озық мәдениеті мен өркениеті дамыған мемлекеттермен ыйық тірестіруге жол ашты.

Ойымызды қортындылайтын болсақ,Елбасының соңғы мақаласы Қазақстанда үлкен бір рухани сілкініс туғызды.Аталмыш құжат тәуелсіздікті жаңғыртқандай болып,қаншама рухани сұрақтарға жауап берді. Президентіміздің атап өткен басты қағидасы-Қазақстан мәдениетінің әлемге таныту болып табылады.Елбасы осы мақаласы арқылы халықтың ұлттық санасын оята түсу,ұлтжандылықты дамыту,социализм дәуірінің бір сәтіндегі рухани өмірге деген <<қалдық>> принциптерден үзілді-кесілді бас тарту,қазақ халқыныңтілін мемлекеттік дәрежеге сөз жүзінде емес,іс жүзінде көтеру,парасаттылықты,имандылықты насихаттау,бірақ діни дүмшелікке халықты ұрындырмау,жаңалыққа бастау,қоғам дамуына үлкен белсене қайта оралу жоқтығын есте сақтау;қазақ халқының қанына сіңген мейірімділік,бауырмалдық,ұлтаралық татулық,қонақжайлық,өнер сүйгіштік сияқты ата-баба мұрасынан айырылып қалмауға шақырады.Расында да,мұның бәрі сөз жүзінде ғана емес,іс жүзінде де іске асу керек деп ойлаймын.Дәстүрлер халықтың идеологиясының негізі болып табылады.Ендеше,қазақтың ғасырлар бойы жинақтаған жақсы дәстүрлерін сақтау керек.Оны жаңарта отырып,негізін бекіту қажет.

Осы орайда мақаланы мақала ғана деп шектелмей, мазмұны терең,ауқымды өте кең,ұлт руханиатын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады.Себебі мемлекет басшысы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың,жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр.Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынған дұрыс.Сол себепті халықтың бірлігін сақтап,Отанымызды ынтымақ пен татулықты одан әрі нығайта түсу-біздің басты міндетіміз.Біз ғасырлар бойғы салт-дәстүрімізбен мәдениетімізді сақтап келешек ұрпаққа жеткізуге міндеттіміз.Отанымызды шексіз сүйіп,ел йгілігі мен оның даму жолында қазіргі қазақтың жалынды жастары ерен еңбегін көрсетеді деп сенемін.Болашақ-рухы бйік,ұлттық құндылықтары берік,халқының тарихымен мақтана алатын жастардың қолында!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //http://[www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru\\_a3016293](http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293)
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру атты мақаласы //http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\_news/press\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

# Рухани жаңғыру және патриоттық тәрбие

Нуртазаева А.Б.  
ҚазИТУ

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының-аға оқытушысы

## Аннотация

В работе рассматривается послание президента Назарбаева Н.А. о духовной модернизации общества, рассматриваются вопросы воспитания чувства гордости и патриотизма у молодежи.

## Annotation

The work considers the message of the President Nazarbayev N.A. On the spiritual modernization of the community, the issues of raising a sense of pride and passion among young people are considered.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында туған жердің, өскен ортаның құндылықтарын ерекше атап өтті. «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады», - дей келе Нұрсылтан Назарбаев әрбір қазақстандық туған жерге ыстық ықылас танытуға шақырды. Ұлттық сананы қалыптастырудың және бір тетігі «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы екенін айтты 1. «Патриотизм» – грек тілінен patriotes- отандас, ratio- Отан, туған жер деген мағынада. Бұл өз отаның мен жеріңе деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, әркімнің өз күш-жігеріне деген сенімі мен барша қоғамның топтасуы 2. Бұл бүгін тұрғызылып жатқан өз елінің тарихына қатыстылықтың және оның болашағы үшін жауаптылықтың жоғары сезімі. Бұл әрбір қазақстандықтың табыстары үшін мақтаныш және қандай тұрғыда болғанына қарамастан өз салаңды табастарға қол жеткізу ниеті және бұл табысты әркім Отанына бағыштап, әлемде оның даңқын асыруы, беделін көтеруі тиіс. Патриотизмді әсіресе, жастардың арасында барша қоғамның ортақ күш-қуатымен қалыптастыру керек. Бүгінгі жас ұрпақ – болашақ Қазақстан азаматы. Олар өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект-деңгейі жоғары, білімді де білікті жаһандану заманына сай болу шарт. Патриотизммен тығыз байланысты маңызды мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл сондай нышан және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс. Патриоттық білім тұлғаны жан-жақты дамыту патриоттық санамен сезім қалыптастыру үрдісі ретінде қалыптастырамыз.

Тәуелсіздік алғалы көптеген ғасырдан асып бара жатыр, зымыран уақыттың желісінде еліміз тар жол, тайғақ кешулерден өте отырып, көптеген толағай табыстар мен жемісті жеңістерге қол жеткізді. Бүгінде қабырғамызды қатайтып, қорғанымызды бекітіп, мыңымдап, айдай әлемге өзіміздің айбынды кескін-келбетімізді танытып, Мәңгілік ел болуға қарышты қадам жасадық. Әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу деген асыл да биік арманның арғымағына мініп, алысқа, көз жетпес қиянға қырандай қанат қағып, осы жолда рухани түлеп, жаңғыруға һәм жаңаруға бет алдық. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру – ұлттық идеологиялық бағытымыздың қайнар көзі. Ұлттық дамуымыздың негізі болған аталмыш тұғырнама Елбасының ой әлемінде сан мәрте таразыға тартылып, сан жылдардан бері пісіп-жетіліп, парасаттылықпенен қортындыланып, тағылыммен тұжырымдалған ойлы да жүйелі дүние. Елбасымыздың өзі рухани жаңғыруды жариялап, идеологиялық ұстынның қадау-қадау қызықтарын қағып, елдің өткені мен болашағын қырағылықпен болжап, шешімдерін шегелеп берді. Нұрсылтан Әбішұлы Назарбаев: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлердің табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет.

Егер жыңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды деп елдің ұлттық-рухани тамырына, ұлттық код міселесіне ой жүгіртеді. Оның ішінде халықтың ұлттық сана-сезімі мен дүниатанымы, қалыптасқан кодын сақтай отырып, алға жылжып, жаңғыруы – бүгінгі дәуір талабы. Еліміздің болашақ бағдарының оң болуы үшін Президент «прагматизм» сөзіне көңіл бөлуді ұсынды. Мақалада Елбасы: «прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сәне-салтанат емес. Керісінше, нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану. Ұлт Көшбасшысы осы мақаласы арқылы Қазақстан халқының мінезін, ұлттық бірегейлік сақтауды, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейтуді, ұлттық болмыстың өзегін сақтауды, ел сындарлы ұлттық басымдықтарды қамтып, ұлттың мәдени кодын көрсетеді.

Елбасының мақаласында белгіленген бағдарламалық мақсаттарды іске асыру жастарда патриотизммен азаматтық ұқсастық сезімін одан бетер нығайтады. Елбасы назарынан «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламасыда қалыс қалмаған. Мақалада туған жер жайында, оны көркейту бағыттарына қатысты көптеген шешімдері мен ұсыныстарын, жобаларын дайындағын. «Туған жерге» деген сүйіспеншілік – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласатындығын ерекше асқақ, терең сезіммен түйіндеседі. Басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н.Назарбаев «Егемен Қазақстан». 2017 жыл 12-сәуір.
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру атты мақаласы //http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\_news/press\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy



## МАЗМҰНЫ

1. САЛҚЫНБЕК Д.	
Жалпы ұлттық қасиетті құндылықтар мәні мен мақсаты.....	3
2. САРСЕНБЕКОВА Г.А.	
«Рухани жаңғыру»: қоғамдағы үдерістер.....	6
3. ШАШАЕВ Ә.К.	
Рухани жаңғыру аясындағы қазақстанның киелі жерлері географиясы.....	12
4. ӘБУ ӘЛЬ ФАРАБИ БАҒДАТҰЛЫ	
Рухани жаңғыру - табысты ел болуымыздың кепілі.....	17
5. ҚҰЛАБАЕВА Р.Т., ИТЕМИРОВА А.С.	
Рухани жаңғыру – жасампаздық белгісі .....	20
6. НҰРҒАЛЫМ К.С.	
Құқықтық мемлекеттің жаңа саяси бағыты «Мәңгілік ел».....	22
7. САРЫМСАКОВ А.	
О дуально-антиномичной природе реальности в переходный период динамики научных теории.....	27
8. ДАНИ А.	
Әлеуметтану әлемі мен қоғамдық өркениетті жалғаушы алтын көпір.....	32
9. ЖҰМӘДІЛ Қ.	
Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.....	35
10. ЗАРҚЫМОВА З.	
Жастарға үлкен мүмкіндік жүктеу – әлеуметтік бастама негізі.....	37
11. МЫҢБАЕВА Б. С.	
Рухани жаңғыру: бағдарламаны жүзеге асыру мәселелері.....	40
12. САЛҚЫНБЕК Д.И.	
«Рухани жаңғыру»: сапалы білім, саналы тәрбие.....	43
13. ЗАИРОВА Г.	
Ұлттық сана-сезімнің жаңа деңгейде дамуы .....	47
14. ҚҰДАЙБЕРГЕН А.	
Қазақстан қоғамының даму перспективалары.....	49
15. ЖҰМАН С.Ә.	
«Рухани жаңғыру» идеясы және тарихи тұлға мәселесі.....	51
16. СЕЙТБЕК Е.	
Рухани жаңғыру – жастарға жарқын жол.....	55
17. СҮЙІНОВА Г.	
«Рухани жаңғыру» және менің туған жерім.....	57
18. ZHAZYLBEKOV R. ZH.	
Three languages of Kazakhstan.....	59
19. Ткачев Р.М., Тукенова Д.А.	
История тюркского народа в памятниках.....	60
20. САРБАЕВА А.	
Қайраткер тұлға (Ы.Мұстамбайұлының 120 жылдығына орай).....	63
21. ТЛЕГЕНОВА Р.	
«Рухани жаңғыру: ұрпақтар сабақтастығы».....	66

22. ҚҰНДЫЗБАЙ Д.	
Рухани жаңғыру – ұлттық сананы қалыптастырудың тарихи негізі.....	68
23. НУРТАЗАЕВА А.Б.	
Рухани жаңғыру және патриоттық тәрбие.....	71

---

---